

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№2 (149),
АҚПАН
2017 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Аяған, Х.Әбжанов, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – *т.ғ.д., проф.*;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – *т.ғ.д. доц.*; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – *п.ғ.к.*

С.Әбішқызы – *тұңғыш*
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ш.Таңмамбетова – *озат ұс-*
таздар.

Басуға 03.02. 2017 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1650.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Дала-принтте" басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Рауан Байдалы. Алаш қайраткері Айдархан Тұрлыбаев.....	2
Бауыржан Еңсепов. Темірбек Жүргеновтің тәжік еліндегі қызметі.....	4
Икрам ЖҰБАНИЯЗОВ. Ұлы дала билеушілерінің лауазымдануды өзгертуі.....	5
Өтеген Исенов. Есет тархан Көкіұлы (1669-1757).....	9
Баян Асанова. Қазақстан библиографиясының дамуына үлес қосқан орыс шығыстанушылары.....	11
Дастан Сәтбай, Гүлбану Біләлова. Кеңес билігі кезіндегі діни сясат.....	14
Кәмила Чатыбекова. Тәуелсіз Қазақстанның кәсіподақ қызметі....	16
Айнагүл Қайыпбаева. "Мәңгілік ел" идеясы және тарихи сабақтастық.....	21
Сабырхан Сымағұлов. Отан тарихының тәрбиелеушілік қызметі...23	
Зәмзәгүл Шахаман. Қазақстан тәуелсіздігіне – 25 жыл.....	25
Амангелді Елтің. Шыңғыс бабамызға неге құрмет жоқ?.....	27
Лесқали Бердіғожин, Сәкен Мирболатов, Дина Молдалиева. Мұнай-газ өнеркәсібіндегі қазақстандық элита.....	29
Назым Аймухамбетова. Юрта – мировоззренческий аспект культуры казахов.....	32
Бегайым Салықбаева. "Қазақ тарихы" журналының тарихы.....	34

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Света Қияқбаева. Оқытудың кейбір әдістері мен тәсілдері.....	37
Айнагүл Қойшыбаева. Қазақ халқының музыка өнері.....	38
Оразбай Жұмағалиев. Ата заңым аялайды елімді.....	39
Бақытханым Жұмағұл. Адамдардың көпұлтты қоғамдағы өзара әрекеттестігі.....	40
Айгүл Әбдешбек. Қазақ ойшылдары қоғам және адам хақында....	41
Ұлжан Сұлтанғалиева. Тәуелсіз елдің тарихи мұрасы.....	42
Бақытжан Ақдөңов. Жаңа тас дәуірі.....	43
Лариса Қожахметова. Қазақстан тарихындағы Сақ тайпалары....	44
Қарлығаш Саркина. Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы тармақтары.....	44
Айнагүл Қалиева. Қысқа мерзімді жоспар.....	45
Жадыра Рысқалиева. Қазақтардың материалдық мәдениеті.....	46
Д.Қайрат, У.Ахметова. Тарбағатай ауданының топонимикасы....	47

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ АЙДАРХАН ТҰРЛЫБАЕВ (Ғұмырының негізгі кезеңдері)

Рауан БАЙДАЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
тарих мамандығының PhD докторанты

А.Тұрлыбайұлы 1877 жылы 25 тамызда бұрынғы Ақмола облысы Көкшетау уезі Мезгіл болысына [1, 30-п.] қарасты №1-ауылда дүниеге келді. Қазіргі – Ақмола облысы Келлер ауданы Талап ауылы. Оның әкесі Тұрлыбай – Арғын-Қарауыл руынан тараған Шөмектің ұрпағы. Анасының есімі – Алтын. Әкесі Тұрлыбайдың көзі ашық, көкірегі ояу болса керек, оқуға қабілетті Айдарханды Көкшетау қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінің интернатында оқытады. Оны бітіргеннен кейін туысынан зерек Айдархан 1889 жылы Омбыдағы бірінші классикалық ерлер гимназиясына оқуға түсіп, Ақмола облысының степендианты атанады. Бұл оқу орны толық орта білім беріп, жоғары оқу орындарына түсуге түлектерді дайындайтын. Сол уақыт ағымына сай қазақ балалары сияқты Тұрлыбаев та гимназия пансионатында тұрды [2, 1-п.].

А.Тұрлыбайұлы гимназияны 1897 жылы бітірісімен Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне өз өтінішімен оқуға қабылданады. Қазір Санкт-Петербург Орталық Мемлекеттік тарих мұрағатында студент Тұрлыбаевтың 56 беттен тұратын жеке ісі мен 75 беттен тұратын диплом жұмысы сақтаулы тұр. Онда оның Дала генерал-губернаторының бұйрығы бойынша жыл сайын Ақмола облысының 400 рубльдік степендиясымен оқығандығы туралы айтылған [1, 34-п.]. Ол студент кезінде қазақ оқығандарымен тізе қосып, елмен байланысын үзбей «Дала уәлаяты газетінің» («Киргизская степная газета») белсенді қызметкері болады [3, 1-б.]. Азаматтық мектептен өтіп, саяси көзқарасы қалыптасады. Заңгер ретінде университет ректоры профессор Гольмстеннің жетекшілігімен «Обычное право киргиз: -брачное право киргиз» тақырыбында диплом жұмысын жазып, «өте жақсы» деген бағаға қорғап шығады [4, 1-п.]. Содан кейін, яғни 1902 жылдан бастап Омбы сот палатасында еңбек жолын бастайды.

Омбы облыстық тарихи мұрағатындағы Айдархан Тұрлыбаевтың жеке ісінде: «1902 жылдың 8 шілдесіндегі Омбы сот палатасы аға төрағасының №27 қаулысымен Омбы Сот палатасы сот қызметіне кіші үміткер қызметіне қабылданды» [5, 3-п.]. Кейін ол 1903 жылдың 1 сәуірінде «аға төрағаның бұйрығымен азаматтық іс-бойынша Хатшы көмекшісі қызметіне ауыстырылып, іссапарға жіберілді» [5, 3-п.] делінген. Келмей жатып, білім дәрежесін көрсету мақсатында 1904 жылы 23 ақпанда өз өтінішімен Омбы сот палатасының ерекше комиссиясы сынағынан өтеді. Соның нәтижесі болса керек 1904 жылдың 21 тамызында азаматтық ведомствосының № 64 бұйрығымен Тұрлыбаевқа Колледж хатшысы шені

бекітіледі. Осы жылдың 1 желтоқсанынан өз өтініші бойынша азаматтық іс департаменті палатасындағы хатшы көмекшісі қызметінен босатылып, Тобыл аймақтық сотының төрағасы қарамағына жіберіледі [5, 3-п.]. Ал, 8 желтоқсанда Тұрлыбаевқа қызмет өтіліне байланысты Дәрежелі Кеңесші шені беріледі. Қызмет бабы өскен А.Тұрлыбаев 1905 жылдың 14 қазанынан бастап Тобыл аймақтық сотының Есіл уезінің 6 участогында мировой судья қызметіне кіріскенін құжаттардан көреміз [5, 4-п.].

Аталған тұлғаның қызмет баспалдағымен жедел өсу себебі оның қажырлы еңбегінің арқасында деп тұжырым жасауға болады. Тобыл аймақтық сотының жалпы жиналысының шешімімен 1906 жылы 9 желтоқсанда А.Тұрлыбаев Мемлекеттік Думаға сайлау ісі бойынша Есіл уезінің төрағасы болып іссапарға шығады [5, 4-п.]. Сенімді мемлекеттік қызметкер ретінде өзін көрсете білген Тұрлыбаев артылған үлкен жауапкершілік, маңызды саяси істі ойдағыдай атқарады. 1907 жылы №3 участокта мировой судья болып қызмет етеді. 1908 жылы 18 ақпанда еңбек өтіліне байланысты Колледж Ассессоры шені беріледі [5, 4-п.]. Ал, «1911 жылдың 12 қыркүйегінде Омбы сот палатасы аға төрағасының №69 бұйрығымен Омбы қаласының 3-ші участогына судья қызметіне тағайындалады» [5, 4-п.]. 1912 жылы 24 сәуірде еңбек өтіліне байланысты Надворный советник шені беріледі. 1914 жылдың 21 сәуірінен Томск аймақтық соты Томск уезінің 1 участогында мировой судья қызметіне ауыстырылады [5, 23-п.]. 1915 жылдан бастап оның ант берген заседатель ретінде құқықтық қызметі жалғасады.

Профессор А.Айтмұхамбетов деректер негізінде былай деп жазады: «1916 жылы ант берген заседатель ретінде танымал болады. Ол қазақ заңгерлері арасынан шыққан, саусақпен сарналықтай адвокаттық іспен айналысқандардың бірі және бірегейі еді», – дейді [6, 145 с.]. Бұл жайында Г.Дулатова «Алаштың Айдарханы» естелігінде омбылықтар шешен сөзді адвокат «біздің Плевако» [7, 272-б.] деп баға бергеніне сенуге болады. Танымал заңгерді 1918 жылы 28 маусымда Батыс Сібір Комиссариаты Уақытша Сібір үкіметінің бұйрығымен Омбы аймақтық соты әкімшілік бөлімі құрамынан Ақмола облыстық комиссариатына тағайындайды [8, 2-п.].

А.Тұрлыбаевтың аумалы-төкпелі кезеңде адвокаттық қызметпен қатар қоғамдық-саяси жұмыстармен де белсене айналыса бастағанын көреміз. Бұл туралы профессор Қ.Әбуев мынадай мәліметтерді келтіреді: «1902 жылы елге оралған Айдархан зиялылармен бірге ұлт болашағы үшін

күреске белсене араласады» [9, 143-б.] Ал, тарих ғылымдарының докторы Н.Шаяхметов: *"Алашты қолдаған Ақмола облысындағы ұлт зиялыларының ішінде басқа аймақтармен салыстырғанда саясат майданында ысылғаны А.Тұрлыбаев, Е.Итпаев, С.Жанайдаров сынды қайраткерлер ғана болатын",* – дейді [10, 74-б.].

Оның қайраткерлік қарымын 1917 жылдың ақпан айынан кейінгі саяси жағдайдан көруімізге болады. 1917 жылдың 25 сәуірі мен 5 мамыр аралығындағы Омбыдағы «Ақмола облысының қазақ съезі» өткенде жиналған қауым съездің төрағалығына А.Тұрлыбайұлын сайлайды. Ол 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезіне белсене қатысады. Осы съезде Ақмола облысынан Бүкілресейлік құрылтайға және Бүкілресейлік мұсылмандар съезі «Шорай-исламға» делегат болып белгіленеді. «Алаш» партиясының облыстық комитеттері ашылғанда А.Тұрлыбаев Ақмола облыстық комитетіне төрағалық етіп, Алаш автономиясы құрылатын сол жылдағы 5-13 желтоқсан аралығындағы екінші жалпықазақ съезінің ұйымдастыру, өткізу ісіне белсене араласты. Айдархан Тұрлыбаев Алашорда үкіметі төрағасы сайланған сол II съезде төрағалыққа лайық деп танылған 3 адамның қатарында болып, сайлауға түседі. Алаш Орда Ұлт кеңесінің төрағалығына Әлихан Бөкейхан сайланғанда, оның құрамына А.Тұрлыбаев та сайланады [11, 163, 202, 208, 211, 213, 223, 227-б.].

А.Тұрлыбаев 1918 жылдың 19 маусымында Батыс Сібір комиссариатының қаулысының негізінде құрылған Ақмола облыстық комиссариаты құрылып, төрағалыққа П.И.Кортусов, мүшелікке А.Г.Кордо мен А.Тұрлыбаев тағайындалады. Бірақ осындай құрамда Ақмола облыстық комиссариаты ұзақ уақыт жұмыс істей алмайды. П.И.Кортусов пен ішкі істер министрі В.М.Крутовский арасында мәселелерді шешуде келіспеушіліктер пайда болып, Ақмола облыстық комиссариаттың мүшелері А.Г.Кордо денсаулығының нашарлауына, ал Тұрлыбаев қазақ халқының кеңесі Алаш Орда құрамына сайлануына байланысты Омбыдан Семейге жол жүретінін түсіндіріп өтініш жазып, қызметтен босайды. 1918-1919 жылдың екінші жартысынан бастап ант берген заседатель қызметін жалғастырып, қоғамдық жұмыспен айналыса бастайды. 1918 жылдың жазында Ресейді қайта өркендету қоғамының Омбы бөлімшесінде, ал 1918 жылдың 22 қыркүйегінде Омбы қалалық думасына гласный болып сайланады [12, 162, 163, 170-б.]. 1918 жылдың 18 қарашасында Омбыдағы үкімет билігі адмирал Колчакқа өткен кезде, Алашорда үкіметі онымен келіссөздер жүргізе бастайды. Келіссөздерді жүргізуде, қазақ зиялыларымен бірге А.Тұрлыбаев та қоғамдық-саяси қызметте тағы бір қырынан танылып, алаш дипломатиясының қалыптасуына өз үлесін қосады.

1920 жылы Қазақ кеңес автономиялық республикасы құрылып, шекара орнатылғанда Ақмола облысының бұрынғы орталығы Омбы қаласы Ресей федерациясына өтеді. А.Тұрлыбаев та сол қалада Қазақ АССР-ның Омбы облысындағы өкілдігінің төрағасы қызметін атқарады. 1921 жылы қарашада Қызылжар мен Омбы уездерінің

арасындағы шекара мәселесі, Қазақ АССР-нан Омбы оқу орындарына келгендердің материалдық жағдайымен, қазақ жеріндегі аштықпен күресіп, Омбы уезі қазағынан азық-түлік жинап, еліне қол ұшын береді. Тұрлыбаев бұл қызметті 1923 жылдың ақпан айының соңына дейін істеді [13, 59-б.].

Ол 1931 жылға дейін Омбы қаласында кейін Возвышен астық совхозында, Петропавлда облыстық кәсіподақта, 1934 жылдың қазанынан 1935 жылдың сәуіріне дейін Ақмолада Казжелезнодорож-ной басқармасында заң кеңесшісі қызметін атқарды. 1937 жылдың 4 шілдесіне дейін Омбы облыстық кәсіподағында заң кеңесшісі қызметін атқарып жүргенде тұтқындалып, **17 қарашада НКВД басқармасы үштігінің шешімімен ату жазасына кесіледі.** Айдархан Тұрлыбаев Сібір әскери округінің әскери трибуналының қаулысымен 1957 жылы 13 тамызда ақталды [14, 9, 11-п.].

Қорыта айтсақ, А.Тұрлыбаевтың өмір тарихы еліміздің сәулелі болашағы үшін аянбай тер төккен, бар өмірін сол жолға сарп еткен тұлғалардың бірі екендігін көрсетеді. Оның тәуелсіздік тарихындағы жарқын бейнесінің ұмытылуы мүмкін емес.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается жизнь и общественно-политическая деятельность Айдархана Турлыбаева.

In this article the author considered life and political activity of the unknown Aidarkhan Turlybaeva.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Санкт-Петербург ОМТМ. 14-қ, 3-т, 34521-і.
2. Омбы ОМТМ 32-қ, 1-т, 136-і.
3. Киргиская степная газета 26 желтоқсан 1899 г. №52
4. Санкт-Петербург ОМТМ. 14-қ, 8-т, 1609-і.
5. Омбы ОМТМ. 10-і, 1-т, 1338-і.
6. **Айтмухамбетов А.А.** Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX вв. (исторический аспект) Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Семей, 2010-346 с.
7. **Дулатова Г.М.** Алаштың сөнбес жұлдыздары: Естелік-эссе /Гүлнар Дулатова.-Алматы: Мектеп, 2012.-392 б.
8. Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты. 1847-қ, 5-т, 808-і.
9. **Әбуев Қ.** Қазақстан: тарих және тағылым.-Астана: Елорда, 2006.-320 б.
10. **Шаяхметов Н.У.** «Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін»: -Оқу құралы. -Алматы, 2001.-149 б.
11. «Алаш» қозғалысы. Құраст: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы: «Сардар», 2008, -324 б.
12. **Шишкин В.И.** Комиссары и управляющие Акмолинской области (июнь 1918-ноябрь 1919 г.) Известия Омского государственного историко-краеведческого музея Омск – 2006.
13. **Алдан Берденов.** Пережитое в книге Страницы трагических судеб: Сб. Воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг.//Сост. Е.М.Грибанова, А.С.Зулкашева, А.Н.Ипмагамбетова и др.-Алматы: Жеті жарғы, 2002.-448 с.
14. **Турлыбаева Ғ.**, жеке мұрағаты, (Омбы облысы Федеральдық қауіпсіздік қызметі мұрағатынан алынған 4-қ, п-7879 т. 2-т.).



ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ТӘЖІК ЕЛІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Бауыржан ЕҢСЕПОВ,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Тәжік КСР-і Статистикалық басқармасының бастығы Темірбек Қараұлы Жүргенов. Тәжік КСР-і Орталық Атқару Комитеті мүшелігіне кандидаттардың жеке карточкалары (Тәжікстан Респ/сы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 10-қор, 1-тізбе, 23-іс, 128-парақ.

30-жылдары Кеңес мемлекетінде шығыс халықтарының тілі мен әдебиетін, тұрмысы мен салт-дәстүрін жақсы білетін мемлекеттік қызметшілер, білімді азаматтар аз болатын. Әсіресе, мұндай білікті қызметшілерге жаңадан құрылған Тәжік автономиялы республикасы мұқтаж еді. Осы жылдар туралы «Правда» газетінде: «Таджикистан был «полужаброшенной» пустующей страной, где «каждая провинция» представляла собой изолированный мирок», где грамотными было не было 1% населения. Отсутствовала какая-либо связь между различными провинциями, совершенно не было дорог, все прежние караванные и вьючные. Способы сообщения пришли в полный упадок. В республике не было «не только никакого подобия городских поселений, но и даже... ни единого европейского здания, если не считать нескольких армейских казарменных строений в Душанбе...!», — деген мақала жарық көрді [1, 38-39-бб.].

Қиын әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық күйзелісте тұрған жас республикаға орталықтың көмегі қажет болды. Орталық комитет пен Кеңес үкіметі Тәжікстанға көмек көрсету мақсатында экономикалық, өндірістік және мәдени қажеттіліктеріне арнап көптеп қаржы бөлді. Республика үкіметінің шақыруы бойынша Тәжік АКСР-ына дәрігерлер мен мұғалімдер, инженерлер мен техниктер, агрономдар және басқа да мамандар келді.

ВКП(б) Орталық Комитеті Ортаазиялық бюросының қаулысы бойынша 1929 жылы Т.Жүргенов Тәжікстанға жіберіледі.

1929-1930 жылдары Т.Жүргенов Тәжік АКСР-ның Орталық Статистикалық Басқармасының бастығы қызметін атқарады. 1929 жылдың аяғында Тәжік АКСР-ның мемлекеттік құрылымын Тәжік КСР-і етіп өзгерту жөніндегі құрылған комиссия құрамына қатысып, өзі басқарып отырған статистикалық басқармадан тағы да 4 білікті маманды комиссия құрамына қатыстырады [2, 203 п.]. Орталық Статистика басқармасының басшысы болып жүрген уақытында Тәжік елінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағынан тұрақтануына, мемлекеттік аппарат қызметтерінің қалыптасып, жүйелі жұмыс жүргізуіне зор еңбек сіңірді [3, 128-129 пп.].

Орталық Статистика басқармасының басшысы қызметінде абыройлы жұмыс жүргізіп, таза әрі әділетті еңбек ете білген **Т.Жүргеновті 1930 жылдың сәуір-мамыр айларында Тәжік КСР-ның Қаржы халық комиссары етіп тағайындайды** [4, 38-39 пп.]. Т.Жүргеновтің бұл қызметке тағайындалуына қаржы-экономикалық саладағы біліктілігі мен даярлығы өз септігін тигізсе керек. Қаржы халкомы ретінде елдің экономикалық тұрғыдан өсуіне мүмкіндігінше мол қаражат бөліп, жергілікті ұлт өкілдері жастарының Кеңес мемлекетінің білімі мен ғылымы шоғырланған ірі

орталықтары Мәскеу, Петербор, Томск, Ташкент секілді қалаларда білім алып, жоғары білікті маман болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді [5, стр.32-37.].

Т.Жүргеновтің Тәжікстандағы қызметі республика өміріндегі аса маңызды оқиғалармен тұспа-тұс келді. Бұл жылдар Тәжікстан үшін экономикалық және мәдени тұрғыдан көтерілу, серпілу кезеңі болды. Әсіресе, индустрияландыру ісі өрге басып, бұрынғы мақта тазарту зауыттары жаңғыртудан өтіп, жаңадан салынды. Душанбеде жібек түтететін фабрика, Ходжентте жібек комбинаты және тамақ өнеркәсібі орындарын салу басталды, кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өнеркәсібі жолға қойылды. Осы кезеңде Варзоб ГЭС-інің бірінші кезегінің құрылысы аяқталды. Т.Жүргенов қаржы халық комиссары ретінде оқу ағарту, білім, мәдениет ошақтарын көбейтуге айрықша көңіл бөліп отырды. Материалдық көмектің талан-таражға түспей, тиісті жеріне жетуін бақылап отыратын арнайы комиссия құрып, оған өзі басшылық етті.

Темірбек Жүргенов Түркістан Республикасында Қазақстан өкілі болып тұрған кезінде де қызмет бабымен Тәжікстанға жиі барып, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігінен, экономикалық хал-ахуалынан жақсы хабардар еді. Темірбектің ескі өзбек және тәжік тілдерін жақсы білуі оның жергілікті халықпен араласуын көп жеңілдетті. Тәжік КСР-інде Т.Жүргенов бұрынғысынша ғылыми зерделенген мақалалар жазып, мемлекеттік істердің ресми құжаттарын әзірлеп, көптеген жиналыстар мен үкімет отырыстарында тәжік тілінде баяндамалар жасап, шығармашылық интеллигенция өкілдерімен байланыс орнатып, қоғамдық өмірде барынша белсенді қызметін жалғастырды.

РЕЗЮМЕ

Т.Жүргенов с 1929-1930 годы работал начальником Статистического Управления Таджикской ССР. В 1929 году Т.Жүргенов отправил со своего учреждения четырёх квалифицированных специалистов на комиссию по изменению Таджикской АКСР на Таджикскую ССР. В 1930 году Т.Жүргенов работал финансовым комиссаром Таджикской ССР. В годы работы финансовым комиссаром Т.Жүргенов уделял особое внимание хозяйству и развил экономику Таджикистана.

T.Zhurgenov was head of Statistical Office between 1929-1930 in Tajik USSR. In 1929 T.Zhurgenov send his four best specialists from his institution to change Tajik ASSR to Tajik SSR. In 1930 he worked as financial commissioner. At that time he payed special attention to agriculture and developed economy of Tajikistan.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Т.Жүргенов.** Таңдамалы. Избранное. Алматы: Арыс, 2001. -275 б.
2. Тәжікстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 12-қор, 1-тізбе, 34-іс.
3. Тәжікстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 10-қор, 1-тізбе, 23-іс
4. Тәжікстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 306-қор, 1-тізбе, 75-іс
5. **Оразбақов А.Ж., Ибраев У.С., Енсепов Б.Б.** «Т.Жүргенов мұрағат құжаттарында» Астана: «Фолиант» 2014, с. 160.

УДК. 94(574)(093)

ҰЛЫ ДАЛА БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМДАНУДЫ ӨЗГЕРТУ

Икрам ЖҰБАНИЯЗОВ,
Болашақ Университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

IX-XII ғғ. тәуелсіз Оғыз мемлекеті ертедегі түріктердің өзге елдерден тәуелсіз болу саясатын берік ұстаған мемлекеттердің бірегейі болған. Әсіресе, ертедегі түріктер өздерінің ішкі және сыртқы саясатын қытайлықтардан тәуелсіз жүргізуді басты мақсат деп білген. Ұлы дала билеушілері өздерінің тәуелсіздік жолындағы күрестерінің әрбір кезеңдерінде қол жеткізген үлкен жетістіктеріне байланысты ең жоғарғы лауазымдарды қабылдап, қолданып отырған. Сондықтан олар лауазымдану тарихын төрт кезеңге бөліп, әрбір кезеңдегі қол жеткізген табыстарына сәйкес лауазым атақтарын қабылдап отырған. Мысалы, ел басқарудағы жетістіктері үшін «жабғу», «жабғу-қаған», «қаған» және «хан» лауазымдарын қолданған. Бұлардың арасында белгілі бір генетикалық байланыстың бар екендігін аңғаруға болады. Себебі ұлы дала билеушілерінің алғашқы қолданған «жабғу» лауазымынан оғыздар қолданған «хан» лауазымына дейінгі аралық тәуелсіздік үшін күрес тарихы болғандығын ескерген жөн.

Бірінші кезеңде, 560 жылдан VI ғасырдың соңғы ширегіне дейін Батыс Түрік қағанатының аумағы біртұтас Түрік қағанатының құрамдас бөлігі – батыс қанаты ретінде пайда болды. Осыған орай, түркі халқының тарихын түгел қамту емес, аз уақыт ішінде Қытай іргесінде пайда болған көшпелілер мемлекетінің негізін қалаған әскери басшылар әулетінің тегі және бұл кезеңде болған тарихи оқиғалардың басты себептері мен нәтижелерін көрсетуге ден қойған жөн. Мысалы, орта ғасырлық зерттеушілер III-IV ғасырларда Қытайдың солтүстік-шығыс бөлігін жаулаған көшпелі тайпалар – Хун, Сәнбилер қатарында Ашин руының болғандығын хабарлайды. Көшпелілердің жаулаған жерлерінде жүргізген қатал биліктері қытайлықтардың наразылығын туғызып, көп ұзамай олар батысқа ығыстырылған. Сол тайпалар арасында «Ашин бес жүздей үйімен жу-жандар тайпасына қашып барып, Алтай тауының күнгей бетіне қоныстанып, жужандарға темір өндіріп тұрғаны жайлы хабарлайды» [1,22]. Жаңа жерге қоныстанған Ашин әулетінің әскери қолбасшылары алғашқы күннен өзге жат жұрттық тайпалардан тәуелсіз болу саясатын ұстады. Бумын қағаннан бастау алған жиһангерлік саясат баласы Қара Ыссық, оның баласы Шету хан тұсында жалғасты. Қара Ыссық ханның інісі Кушу «Муған хан» лауазымын алған [1,28]. Ол елдің шығысындағы тайпаларды жаулағаннан кейін қытайлықтармен соғысып, нәтижесінде Чжоу империясы түріктерге жыл сайын 100 мыңға тең жібек матасын беріп тұрған [1,30]. Муған ханның інісі, әрі мұрагері Тобо ханның кезінде де қытай императорларымен соғыстар жүргізіп, «Тек оңтүстіктегі екі бала (Чжоу мен Ци) бізге

бағынышты болып тұрса болғаны, онда кедейліктен қорықпаймыз» [1,31], – деп айтып отырған. Тобо ханның тұсы түріктер құдіретінің шырқау шегі болды.

Шығыс шекарасында белсенді әрекет ете жүріп, түріктер дәл сол мерзімде Батысқа жорықтар жасайды. Батыс жорығын Бумынның інісі Істеми қаған 552-558 жылдары жүргізді. Ақыры, түріктердің жері ұлғайып, Батыс теңізге дейін, яғни «Шыннан (Қытай) Жойқынның (Амудария) жағасына дейін және Шаштың ар жағындағы (Ташкент) Гулзарунға (Сырдария) дейін [1,33] жеткен». Демек, түркілердің шекарасы Ташкенттің теріскейінен жүріп, Сырдария солтүстікке қарай бұрылатын жерде оны кесіп өтіп, ендік бағытымен жылжып, Өмударияның төменгі жағы мен Арал теңізінің оңтүстік жағасы арқылы өткен. Сөйтіп, түріктер бүкіл Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Хорезмді бағындырды [1,33]. Тек 558 жылы Арал теңізінің теріскей бетінде хуни (хиониттер) уар мен оғорлар тайпаларын талқандаумен Істемидің Батысқа жасаған жорығы аяқталған. Сөйтіп, VI ғасырдан бастап түрік немесе ертедегі түрік этникалық атымен аталған, аз уақыт ішінде бүкіл Азиялық даланы қамтып жатқан бір елдің негізі қаланған. Қытай, Византия, Иран секілді алып елдермен бәсекелесе алатын дәрежеге жеткен күшті де құдіретті ел болғандықтан, **түріктер өздерін «Мәңгілік ел»** [1,62] деп атаған.

Ашин руынан бастау алған ұлы дала билеушілерінің даналық қасиеттерін, ел басқарудағы қарым-қабілеттерін ежелден біліп келген қытайлықтар алғашқы болып Істемидің ең жоғарғы лауазымға сай екендігін мойындап, сырттай «бахадүр-жабғу» атағы берілген [1,32] еді. Қытай елі Орта Азияның ұлы даласын бағындырған көшпелілер мемлекетінен төнген қауіп-қатерді сезгендіктен, алғашқы кезден арандату саясатын басшылыққа алған болатын. Олар түрік билеушілерінің жеткен жетістіктері мен істеген қызметтерінде көтерілген дәрежесіне үнемі іштей қызғанышпен қарап, сырт көзге барынша мадақтап отыратын болған. Тіпті олардың тарапынан кейбір түрік билеушілеріне екі-үш лауазым атақтары сырттай беріліп, тарихта сол атақтарымен белгілі болып қалған. Мысалы, түрік билеушісінің өзінің аты Нету деп аталса, «Ерфухан» – оның мемлекеттің шығысында аймақ бегі болып тұрғандағы лауазымы. Қаған болған соң ол Елқүйліше Мохе Шаболио хан лауазымын алған. Қытайлықтар берген атақ – Шаболио «тонаушы» деген мағынаны білдірген [1,55]. Немесе бұрын «Ибн Шаболио Шеху Кэхань» деп айтылып жүрген ат «Ірбес Ышбара жабғы-қаған» деп аталған, бұл «барыс қуатты, қатыгез хандардың ханы» дегенді білдірген. Демек, қытайлықтар тарапынан түркі билеушілеріне ең жоғарғы лауа-

зымдар олардың даналығын, ерлігі мен әскери қолбасшы деңгейіндегі қабілеттерін мойындауға мәжбүр болғандықтан сырттай берілген еді. Бұл кезеңде ерте Түрік мемлекетінің шығыс пен батыс бөлігінің тұтастығы бұзылмай, қытайлықтармен өте тығыз сауда мәдени-экономикалық байланыстары сақталып, жібек маталар, тұрмысқа қажетті бұйымдар тасымалданып, мол табыс табудың көзіне айналған еді. Ал қытайлықтар үшін саудадан түсетін пайда мардымсыз болғандығына қарамастан, ерте Түрік мемлекетінің шығыс пен батыс бөлігін бір-бірінен ажырату үшін уақытша болса да тұрақтылықты сақтау өте қажет болды. Сондай-ақ Қытайдың өз ішінде бес жерде үлкен көтерілістер болып, түркі еліне қарсы жүргізілетін арандату жұмыстары саябырлады. Бұл көтерілістер мен жанжалдарды түрік билеушілері барынша қолдап отырды. Қытайдан келген 1000-даған саяси эмигранттар мен олигархтарға баспана тауып беру жұмыстары жүргізілді [1, 183]. Көтеріліс кезеңінде түрік билеушілерінің ықпалына түскен қытайдың әскери қолбасшыларына барынша қолдау көрсетілді. Мысалы, қытайдың атты әскер гвардиясының офицері Го-Цзы-Хэ өзін «Ян үйін құртатын көк перзентімін» деп атап, тап сол мезетте «Бөрішад» (Бөрібек) деген түрік лауазымын қабылдаған. Лян-Ши-Ду атты әскери горнизон офицері түріктерге тәуелді болғаннан кейін олардан «Тарду Білге хан» лауазымын алады. Лю-У-Чжоу атты әскер офицері түрік билеушілерінен көмек сұрағаны үшін, бұған жауап ретінде бөрі басы алтынмен салынған ту мен «Ян үйі мен императорды құртатын қаған» лауазымын алады [1, 171]. Сөйтіп, қытайдың әскери қолбасшыларының түркі билеушілерінен алған лауазымдары жасаған ерліктері үшін емес, тек өздері түркі билеушілеріне тәуелді болғандықтан берілген атақтар еді. Қытай мен түркі елінің арасында уақытша тепе-теңдік сақталып, саяси-экономикалық қатынастар кезінде ерте түрік билеушілеріне қытайлықтардың берген лауазымдану үрдістері өзгермей, «жабғу» («жабғу-ябғу» – бір сөз) лауазымын түрік билеушілері ел басқару кезінде қабылдап, кеңінен қолданыста болған. Әйткенмен түркі елінің билеушілері «жабғу» лауазымын келешекте өзгерту қажеттігін түсіне бастады. Себебі қытайлықтардың түркі еліне қарсы жүргізіп отырған дәстүрлі саяси-идеологиялық арандату жұмыстары барған сайын күшейіп, түріктерді өздерінің бодандарына айналдыруды басты мақсат деп санады. Сондықтан да түркі елінің билеушілері ел мүддесін қорғауда аянбастан жасалған ерліктеріне сай келетін лайықты лауазым қабылдайтындарына сенген.

Екінші кезеңде, VI ғасырдың соңғы ширегі мен VII ғасырдың екінші ширегінде түркі мемлекетінің батыс қанаты Батыс қағанатқа айналып, нақты Шығысқа (орталыққа) тәуелді болды. Қытайдың арандату саясатының салдарынан біртұтас Ұлы Түрік қағанатының шығысы мен батысы екіге бөлінумен аяқталды. Бұл оқиғаны іске асыруда басты рөл атқарған теңдесі жоқ қытайлық тыңшы Чжан-Сунь-Шэннің *«Түріктер қарапайым да аңқау келеді, сол себепті олардың арасында араздық тудыру оңай»* [1, 167], – деген ұстанымы қытайлықтардың арандату саясатының негізіне айналды. Ол өзінің сұрқия жұмысын ерте түрік елінің шығыс және батыс бөлігіндегі ұлы дала билеушілері арасында наразылық отын тұтатудан бастады. Қытайдың билік басындағы әрбір әулеті

түріктердің хандары өзара ынтымақтасып, бірлесуіне жол бермеуді басты мақсат етті. Сондықтан да олар ұлы дала билеушілерінің арасына от салып, бір-біріне деген өшпенділікті өршітті. Әсіресе, түркі елінің шығыс бөлігінде орналасқан ең басты төрт ханды бір-біріне айдап салу оңайға түсті. Бірінші хан – Шебу-Иль-Кулуг-Шад Ышбара хан лауазымын қабылдаған, қытайлықтар оның атын өзгертіп, «Шабوليو» деп атаған еді. Екінші хан – Муған ханның баласы Төремен мемлекеттің теріскейіндегі шет аймақтан еншілік және абахан (ағакан) лауазымын алып тұрған. Үшінші хан – Істемидің баласы Қара-Сөр Түркіт, оны қытайлықтар «Даньгу» деп атаған. Төртінші хан – Әмірақ хан болып есептелген. Осынау ірі төрт ханнан басқа тағы да уақ төрт хан болған [1, 104].

583 жылы қытайлық тыңшы Чжан-Сунь-Шэн Шабوليو мен Төремен екеуінің арасына «от жағып», ақыры соғыс оты тұтанды. Бұл соғыстың қытайлықтардың түрткілеуімен болғандығы тек зиялы қауым өкілдеріне ғана емес, түркі елінің қарапайым халқына да мәлім болды. Беделді екі ханның арасындағы соғысқа уақ хандар да араласып, ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал шиеленісе түсіп, барынша ушығып, халықтың жағдайын адам төзгісіз етіп қиындатып жіберді. Түркі еліндегі осынау қырғынның халыққа тигізген зардабын қытайлықтар былайша сипаттаған: *«Туысқандар ұлы жәндіктер секілді бірін-бірі құртып жатқан кезде оларды аяп, тиіспеу керек»* [1, 114], – деп түркі халқын «аянышты һәм астарлы» мысқылмен кекетіп отырған. Олардың түркі елінің батыс және шығыс бөлігінде жүргізген арандату іс-әрекеттерінде шек болмады. Сөйтіп, мақсаттарына жеткен қытайлықтар үстемдігі тек саясатта ғана орын алмай, шаруашылықтың, мәдениеттің құлдырауын «қамтамасыз етіп», елдің тұтастығына айрықша зиян келтірді. Басты екі ханның әскерлері бұл соғыста ешкімнің жеңіске жете алмайтындығын ұғынды. Және одан әрі соғысты жалғастырудың еш нәтиже бермейтіндігі бөріне түсінікті болды.

Сондықтан амалы таусылып, жеңіске жететін күш іздеген Шабوليو өзі бірінші болып Қытаймен одақтасуға ұсыныс жасайды [1, 109]. Көп ұзамай осындай ұсыныспен Тардуш хан өз елшісін Қытайға жіберген болатын. Осы ұсыныстардың нәтижесінде Қытай императоры Түркі хандарының ортақ соғысының жеңімпазы болып шыға келді. Бірақ ақылды саясаткер, император Ян Цин бұл жеңісті сыйлаған түріктердің іштен іріп, өзара қырылуының нәтижесі екендігін көріп, біліп отырған еді. Кейін Шабوليوға жіберген қытай елшісі одан бір-ақ нәрсені талап еткен: өзін Қытайға тәуелдімін деп, императордың грамотасын тізе бүгіп алуы керектігін ескерткен. Түрік елінің бірінші ханы біраз қасарыса да, амалсыз келісім берген. Шабوليوның «жолын жалғап», Қара-Сөр Түркіт билікті қолдан беріп, 584 жылы өзі Суй императорына тәуелді екендігін мойындады [1, 110]. Сөйтіп, түркі елінің билеушілері өзара тартысып, қырылысу салдарынан өз еріктерімен Қытайға тәуелді екендіктерін мойындады.

Түрік елінде бұл аласапыран хандар соғысымен ғана шектелмей, түркі бектері арасында да өрбіген. Көп жылдарға созылған бұл қанды кек алу соғыстары да Қытайдың айдап салу саясатының негізінде басталған-ды. Бектер арасындағы соғыстың бірі қытайлықтардың түрік бектерін өз жағына тарту

арқылы басталып, 587-588 жылдары қарулы қақтығыс аяқталған еді. Бұған дейін түріктер арасындағы қарулы соғыстар әулеттік жанжал сипатында жүретін. Өйткені бір халықтың екіге бөлініп соғысуына ешбір экономикалық, саяси, идеологиялық себеп жоқ еді. Ал VI ғасырдың соңғы ширегінде болған бектер арасындағы соғыстар саяси-экономикалық сипатымен ерекшеленді. Бұл соғыстың басты себептері – түрік бектерінің мансапқорлығы мен сарбаздардың тойымсыз озбырлығы және алғаш рет қан төгілгеннен кейінгі кекқұмарлық. Сондықтан да қытайлықтар арандату саясатын түрік бектерін өз жағына тартудан бастаған еді. Олар сатып алуға бұдан ақшаны аямады. Мысалы, түрік ханы, тәж-тақтың мұрагері, ханның немере інісі Жәңгір (қытайша – Жәньчень) Қытай жағына шығып, «жабғу-қаған» лауазымын иеленді [1,133]. Қытайлықтар бектерге арнап мол қонақасын ұйымдастыру әдістерін қолданып отырды. Себебі Түркі елінде қонаққа жағдай жасау ерекше ішіп-жейтін тағамның молдығымен көзге түсетін. Сондықтан да қонақты күтумен қатар, бектерге арналған мол сый-сияпаттар берілетін болды. Мысалы, 607 жылы Жәңгірге және оның аймағындағы 3500 ру басына арналған той болды. Сол тойда Жәңгірге екі мың буат жібек матасын, күймені, арғымақтар мен барабандарды, ән-күй аспаптарын, тулар тарту еткен, сонымен қатар 3500 ру басылары да сый-сияпаттар алған [1,144]. Қытай императорының бауырына кірген Жәңгір тіпті өз бодандарының киім-кешегі мен заңдарын Қытай киімі мен заңдарына ауыстыруға күшпен көндіруге тырысты [2,244]. Осы кезден бастап біртұтас түрік елінің шығыс бөлігі Қытайдың қол астында қалды. Түрік елі талан-таражға түсіп, саяси-әлеуметтік қатынастарда қытайлықтардың мүддесі үстем болды. Қытайлықтар үшін ел ішіндегі саяси-әлеуметтік өзгерістер зор қуанышқа айналды. Жыл сайын олар айлап мейрамдар өткізуді бастады. Орасан үлкен сахналар жасалып, 18 мың музыкант үздіксіз күй тартып, фонарлар жарығы таң атқанға дейін сөнбеген. Ши төсектер жайылып, тегіннен-тегін ауқат беріліп, ішкізіп-жегізіп, шарап пен тамаққа ақша алынбайды деп сендірген. Дегенмен Түрік елінің шығысы мен батысындағы тәуелсіздікті аңсайтын ұлы дала билеушілері Қытайдан іргесін аулақ салып, өз тілін, мәдениетін, дінін берік ұстауды басты мақсат етіп қойған еді. Бұл кезеңде Түрік еліндегі Ашин руынан шыққан саяси билік өкілдері ел басқаруда «жабғу» лауазымын қолданып отырса да, иерархиялық сатыда «жабғу» лауазымы «жабғу-қаған» лауазымынан кейін тұрды.

Үшінші кезең VII ғасырдың екінші ширегінен VIII ғасырдың екінші ширегіне дейін. Бұл кезеңде Тан қытайының Шығыс (Орталық) қағанатын таратуына байланысты түріктерден нақты тәуелсіздікті мойындатудың қажеттігі болмады. Ендігі жерде Шығыс пен Батыс Түрік билеушілері Тан империясына қарсы тәуелсіздік үшін күресті белсенді түрде жалғастырып, «жабғу» және «жабғу-қаған» лауазымын қолданудан бірте-бірте бас тартып, тек «қаған» лауазымын қолдана бастады. Соған қарамастан, кейбір шағын қағанаттар билеушілері «қаған» лауазымымен қатар бұрынғы дәстүр бойынша «жабғу-қаған» лауазымын да қолданып отырды. Дегенмен уақыт өте келе бұл лауазым барған сайын өзінің бұрынғы маңыздылығын жойып, «қаған» лауазымы кеңінен қолданылып отырды. Әсіресе, Шығыс Түрік билеушілері 679-

687 жылдары қытаймен болған табанды күрестің нәтижесінде өздерінің бұрынғы Шығыс Түрік мемлекетін қайта қалпына келтіріп, оның бірінші билеушісі Кутлуг-Элтерши «қаған» лауазымын қабылдады [3,98]. Сөйтіп, осы кезден бастап ұлы дала билеушілері арасында «қаған» лауазымы үнемі елді басқаруда тұрақты қолданысқа ене бастады. Әсіресе, Кутлуг қағанның інісі Қапаған қаған билік құрған 691-716 жылдар аралығында екінші Шығыс Түрік қағанаты мемлекеттің ең жоғарғы саяси-әскери шырқау шыңында болды [3,99]. Демек, Түріктер сырттан келген атақ пен лауазымнан біржола құтылып отырды. Ұлы дала билеушілері – Тоныкөк, Күлтегін, Білге қағандардың («қаған» лауазымын қабылдағандар) тәуелсіздік жолындағы күрестерде қол жеткізген табыстары зор болды. Білге қаған және оның ағасы Күлтегін 712-722 жылдары Қытаймен соғыста жеңіске жетті. Білге қағанның Қытаймен жасаған бейбітшілік шарты бойынша солтүстік шекарадағы сауда қатынастарының ұлғаюына байланысты, екі жаққа да тиімді болғандықтан, түріктер берген 30 жылқыға Қытай императоры түрік ордасына 100 мың буат жібек матасын жіберген еді [3,104]. Мұндай жомарттық солтүстік шекарада бейбітшілікті сақтау үшін берілген төлем болатын. Білге қаған ешуақытта екі ел арасындағы келісімді бұзған емес. Осы кезден бастап, әрбір жаңадан қалыптасқан қағанаттар билеушілері «қаған» лауазымын иеленіп отырды. Түрік қағанатының Шығыс пен Батысы күйрегеннен кейін түріктердегі ең жоғарғы билік ұйғыр, қарлұқ, қимақтар билеушілеріне ауысты. Ендігі жерде түрік тайпалары тек өз руының жоғарғы беделін мойындап, «қаған» лауазымын мұраланды, бірақ бірыңғай билігін емес. Орта ғасыр тарихын зерттеушілер ұйғырлардың ықпалы жоғалғаннан кейін түріктер арасындағы жоғарғы бедел қарлұқтар көсемдеріне ауысып, Ашин руынан шыққан қарлұқ әулетінің мұрагерлері саяси биліктегілердің рұқсатымен көне «жабғу» лауазымын тастап, «қаған» лауазымын қабылдады. «Жабғу, – деп жазған Худуд ал-алам, – бұл бұрынғы қарлұқ патшаларының лауазымы» [3,112] екендігі көрсетілген еді. Сөйтіп, Қытай ықпалында болған түркі мемлекеттері тәуелсіздік жолындағы күресте өзге жұрттар сырттай атаған лауазымды тастап, түгелдей «қаған» лауазымына ауысқан.

Төртінші кезең. IX-XII ғасырларда тәуелсіз оғыз мемлекеті ерте түрік кезінде басталған өркениеттік даму [1,62] жолын жалғастырған хандардың ханы Байындыр (Оғыз хан) болды. Оғыз елін ру-тайпа кезінен көсем болып басқарып, даналығы мен ерлігін басқа елдерге мойындатқан Байындырдың (Оғыз хан) оғыз елі ең жоғарғы лауазымға лайықты екендігін ескеріп, хан тағына сайланған еді. Ол оғыз елін өркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсаты деп санаған. Сондықтан да IX-XII ғғ. аралығында оғыз елінде кешенді дамыған егіншілік пен көп салалы мал шаруашылығы, металлургия мен қолөнер және қала мәдениетінің өркендеген кезеңі болды. Оғыз елінің материалдық және рухани байлығын өркениетті елдердің қатарына дейін көтеруде сыртқы оғыздардың рөлі айтарлықтай болды. Әсіресе, түркі тілдес этникалық бірлестіктер шаруашылықтың бар саласында оғыздармен араласып, бірігіп жұмыс жасап, үлкен табыстарға қол жеткізіп отырған. Оғыз еліне тұрақты өмір сүруге келген арабтар, парсылар, соғдылар, ирандықтар, хорезмдіктер және

византиялық колонистердің көпшілігі қазба байлық игеруде, металлургия, қолөнер және сауданы дамытуда өз үлестерін қосқан. Мысалы, оғыз елінің орталық қалаларында – Даранта мен Даркуде шеттен келген колонистер шоғырланып [4,94], кен байлығымен тек оғыз елін ғана емес, Шығыс пен Батыс елдерін де түрлі-түсті металдармен қамтамасыз етіп отырған. Сондай-ақ ірі сауда орталықтары, оғыз еліне шекаралас қалаларда Исфаханнан шыққан иран көпестерінің колониясы [4,99] орналасқан. Нәтижесінде оғыздар өз монеталарын шығарып [5, 27-30], ақша жүйесін қалыптастыру арқылы Стамбул және Рум (Рим) елдерімен тұрақты сауда қатынастарын дамытқан [6,143].

Оғыз еліндегі руханияттың ошағы болған Сыр өңіріндегі қалалардан талай атақты данагөйлер, ұлы ғұламалар мен діндарлар шыққан. Әсіресе, *«Жент – оқымыстылар мен ойшылдар, кемеңгерлер мен даналар мекеніне айналып [7,180], мұсылмандар әлемімен үнемі рухани байланыста болған»*. Өркениетті оғыз қоғамында өмір сүрудің ұлы бастамасы, алтын діндегі дін екендігі ежелден белгілі еді. Сондықтан оғыздар ерте ру-тайпалық кезеңдегі дүниетанымдары бойынша бабалар аруағына сиынумен бірге темірді және темірден жасалған қазықты қасиетті санап, табынатын болған. Сол себепті Байыңдыр хан (Оғыз хан) оғыз елінің келешегін сақтап қалатын тәж-тақтың мұрагерлері – ішкі оғыздарды Отанын қорғайтын азаматтар деп, тәрбиелеуді басты мақсат еткен. Сол мақсат, сол ұстанымның басты бағдары – елін, жерін қорғайтын ішкі оғыз азаматтары жерге қаққан темір қазықтай мықты болуы керек; соғыс кезінде ерлікпен қаза тапқан жауынгердің рухы таза – ақ болады деген қағиданы сақтауға тәрбиелеу болды. Осы ұғымға байланысты «темір қазық» атауынан «қаз» деген сөзді бөліп, оған ішкі оғыздардың рухы «ақ» деп сендіріп келгендіктен, екі сөзді қосып, «қазақ» атауын шығарған.

Сайып келгенде, **ішкі оғыздарды – елін, жерін ерен ерлікпен қорғайтын жауынгерді «қазақ» деп атаған. «Қазақ» деп аталған лауазым тек ішкі оғыз азаматтарына берілетін болған.** Бірақ, таптар қалыптасу кезінде «қазақ» атауының ел көлемінде таралмаған себептері болды. **Біріншіден**, бұл елде түркі тілдес этникалық бірлестіктер мен өзге этнос өкілдері жалпы атпен «оғыз» аталғанмен, олар сандық тұрғыдан ішкі оғыздардан көп болған. Демек, тұтас ел көлемінде «қазақ» атауының таралуына қажетті саяси-әлеуметтік және идеологиялық жұмыстар жүргізілмеген. **Екіншіден**, XII ғасырдың екінші жартысында оғыз еліндегі саяси-экономикалық тұрақсыздық саяси билікті өзгертуі себебінен оғыздардың бір бөлігі елдің батысына ығысып, жат жұрттық елдермен араласып, сіңісіп кеткен еді. Бірсыпыра бөлігі өзге халықтардың іргетасын қалауға қатысқан. Мұның нәтижесі Орта Азияда бірнеше ғасыр өркениетті мемлекет құрған «оғыз» этнос атауының жойылуына әкеліп соқтырды. Сонымен бірге Байыңдыр ханның (Оғыз хан) заманында **ішкі оғыздар арасында ерлігі үшін берілетін «қазақ» атауы да ұмытылды.** **Үшіншіден**, оғыздар өмір сүрген бұрынғы Сыр қойнауында түркі тілдес тайпаларға ортақ «Алаш» атауының даңқы күн өткен сайын артып отырды. Бұл өңірдегі «Алаш» аталған оғыздар өздерінің анасы Сыр өзені деп әрқашан қастер тұтқан. Себебі Байыңдыр

хан (Оғыз хан) заманынан Сыр өңірі ежелден ішкі оғыздарға (қазақ) қорған, пана, сырттан келген оғыздарға қамқоршы болған. Демек, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың *«Сыр – Алаштың анасы»* [8] деген тұжырымдамасы ішкі оғыздардың (қазақ) ертедегі тарихы қазақ халқының қазіргі тарихымен сабақтас, тамырлас екендігін аңғартады. «Алаш» аталған оғыздар анасы – Сыр деп білсе, әкесі – хандардың ханы Байыңдыр хан (Оғыз хан) алғашқы болып рулық қатынастардың соңында бауырлас мұсылмандарды *«Әлемді жоқтан бар еткен Аллаға сиындырған»* [6,186]. Сонымен қатар Байыңдыр ханды (Оғыз хан) Орта Азияның ұлы даласында тәуелсіз оғыз мемлекетін өркениеттің шырқау шыңына көтерген, мың жылда бір рет ішкі оғыз (қазақ) еліне «Алланың жіберген Пайғамбары» деп білген жөн. **Төртіншіден**, ерте ру-тайпалық кезеңде ішкі оғыздарда (бұзық) қалыптасқан «қазақ» атауы тек Керей мен Жәнібектің дәуірінде елдің Батыс Жетісу жеріне көшіп қоныстануы негізінде тарих сахнасына қайта оралуының шешуші факторы болып қалыптасқан еді. Тоқсан ауыз сөздің түйіні, Қорқыт Атаның туған мекені – **қасиетті Сыр өңірінде қазақ халқының атауы мен Қазақ хандығының қалыптасуының негізі қаланған** деп айтуға толық хақымыз бар. Демек, Қазақ хандығының қалыптасуына 1500 жылдан астам уақыт болған деп айту артық болмас еді.

РЕЗЮМЕ

В статье на оснований китайских хроник и исследований раннего периода тюркского каганата выявлено следующие изменения в его титулатуре связанные с верховным титулом. На конкретных исторических материалах отведено место четырём этапам, в которых в качестве верховного употреблялись титулы «жабғу», «жабғу-қаған», «қаған» и «хан». Отведено место особенностям каждого этапа и цели изменения титулатуры великих степных правителей в борьбе за независимость.

Makalada nakti tarihi derekterge suienip erte turik bileushilerinin kitai ikpalinan kutiluda koldanilgan «zhabgy», «zhabgy-kagan», «kagan» jane «han» lauazimdarin tort kezenge bolip, ar kezennin erekshegi men tauelsizdik jolindagy kureste lauazimdanudi ozgerty maksati karalğan.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Л.Н. Гумилев.** Көне түріктер. Алматы. «Білім». 1994. 22 бет.
2. **Н.Я.Бичурин.** Ерте заманда. Т.І. 244 бет.
3. **С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов.** Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы. «Рауан». 1992. 98 бет.
4. **С.Г.Агаджанов.** «Очерки истории Огузов и Туркімен Средней Азии X-XIII гг. изд. Ылым» Ашхабад. 1969. 94 бет.
5. **Е.Ю.Гончаров, В.Н.Настич.** Международная конференция «Расмир: Восточная нумизматика – 2011» Сб. научных трудов. Киев. 2013. 26-30 бет.
6. **Қорқыт ата.** Энциклопедический сборник на казахском и русском языках. Алматы, 1969. 143 бет.
7. Жұлдыз. 1994. №2. 180 бет.
8. Егеменді Қазақстан. 2012.16 маусым.

Қызылорда қаласы.

Қазақ тарихы
№2 (149), ақпан, 2017

ЕСЕТ ТАРХАН КӨКІҰЛЫ (1669-1757)

(Өмірі мен қызметіне қатысты деректер)

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қостанай
мемлекеттік педагогикалық институтының доценті

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сеземіз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де дәйім өз жұртының нағыз бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған», – деген болатын [1]. Олай болса, тұлға тарихын зерттеу, олардың қазақ қоғамындағы алатын орны мен қазақ халқының отаншыл, елжанды тарихының тағылымына қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау – ел тарихының маңызды міндеттерінің бірі.

Есет тархан Көкіұлының (1669-1757 жж.) өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты мынадай құжаттық деректер бар:

– 1961 жылы баспадан шыққан «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках» жинағында Тама Есет тарханның қоғамдық-саяси қызметтеріне қатысты деректер мол [2].

– Қазақстан Республикасы үкіметінің «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» көп томдық жинақ қазақ қоғамының басқару институттары туралы деректердің көптігімен көзге түседі. Осы жинақта Тама Есет тархан мен оның кіндігінен тараған ұрпақтарына қатысты құжаттар бар. Сонымен қатар XVIII ғ. (1731-1759 жж.) аралығын қамтитын елші А.И.Тевкелевтің күнделік жазбаларының деректері берілген [3].

– 1998 жылы қытай деректері негізінде жарияланған «100 құжат» жинағында қазақ батыр-тархандарының Қытаймен байланыстарын анықтайтын құжаттық деректер кездеседі [4].

– 2012 жылы жарияланған История Казахстана в документах и материалах аталатын альманахта XVIII-XIX ғғ. Қазақстан тарихына қатысты бұрын жарияланбаған Ресей империясының сыртқы саясатының мұрағат қорларының, Ресей мемлекетінің ежелгі актілер, Ресей мемлекетінің әскери-тарихи мұрағаты, (Москва қ.), Ресей мемлекетінің тарихи (СПб қаласы), т.б. мұрағат қорларының деректері жарияланған [5]. Аталған құжатта Есет тархан Көкіұлының туған жылына қатысты тың дерек бар. Альманахта В.Татищевтің 1738 жылдың 13 тамызы мен 2 қыркүйек аралығында жүргізген жазба күн-

делігінде 14 тамыздағы Әбілқайыр хан атынан бірнеше нөкерлерімен Орынбор бекінісіне Тама Есет батыр Көкіұлының барғаны және онда: «... На оное тайный советник сказал, если токмо в вас ко исполнению повеленного послушание не оскудеет, то в милостивом наставлении и охранении изобиловать можете; на что он, Исетъ, (Есет, – Ө.И.) сжав руки, охнул и сказал: «Я за себя ручаюсь, да мне жить недолго, понеже-де 69 лет минуло» [5 с. 65], – дегені жазылған. Есет Көкіұлының өз аузынан айтқан сөзі тарихи құжатқа хатталып, бүгінде бізге жетіп отыр. Деректің шынайылығы еш күмән туғызбайды. Олай болса, бұған дейінгі біз, айтып жүрген Есет батырдың 1667 жылы туылғандығы болжам болатын [6]. Бүгінде ғылыми айналысқа енген мұрағаттық дерек батырдың 1669 жылы туылғандығын айғақтап отыр [5 с. 65]. Соны зерттеулер бойынша, Есет тархан Көкіұлының туылған жылы 1669 жыл [5 с. 65], қайтқан жылы 1757 жыл [7]. Олай болса, **Есет тархан 88 жасында қаза болған**. Осы құжаттар мен материалдарды құрастырушылар Есет тархан Көкіұлының өмірбаянына қатысты мәліметтерде Есет тархан 1667 жылы туылып, 1749 жылы қайтыс болғаны туралы көрсетеді. Бұл дерек қате [5 с. 169]. Құжаттық материалдарды құрастырушылар көрсетілген құжаттағы тың деректі ескермеген немесе ұмыт қалдырған. Соны зерттеулер бойынша Есет тарханның 1757 жылы қайтыс болғандығы анықталды [7]. Альманах жинағындағы Есет тарханның Садыр есімді ұлы мен бауырлары Төле мен Құбыл (Қыбыл) туралы мәліметтер Есеттану тақырыбына қатысты құнды, тың деректер болып табылады. Деректе 1749 жылдың 17 июлінде Кіші жүзден Орынбор бекінісіне барған 30 адамға құны 39 сом күміс ақшамен бағаланған матамен сыйақы (жалованья. – Ө.И.) берілгендігі туралы тіркелген мәліметте Есет тарханға және оның бауырлары – Төле мен Құбылға (орысша деректе «Кибыл» деп жазылған. – Ө.И.). Есет тарханның ұлы Садырға бағасы 3 сом 60 тиын тұратын 4 аршын мата берілгендігі туралы мәлімет тіркелген [5 с. 143]. Бұл деректен, біріншіден, Есет батырдың Садыр есімді ұлының болғанын білеміз. Екіншіден, Садырдың қазақтың игі жақсыларымен Орынбор губернаторының қабылдауында болып, сый құрметке бөленгенін, өйткені оның қазақ-орыс арасындағы қарым-қатынаста белгілі азамат болғандығын деректер айғақтайды [5 с. 143].

Соңғы жылдары жазылған еңбектерде қазақ хан, батыр-тархандарының өмірі мен қызметіне байланысты біраз деректер қамтылды. Соның бірі – «**Қазақтың ханы – Абылай**» [8]. Құрастырушы – З.С.Тайшыбай. Абылай хан дәуірі, өмірі мен қызметі туралы 250 шақты құжатты түпнұсқадан мемлекеттік

тілге аударып, алғаш рет ғылыми айналымға енгізген құжаттар мен материалдар жинағында Есет тарханның қоғамдық-саяси қызметіне қатысты мәліметтер енген.

Тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтеріне қатысты жарияланған мынадай жинақтар мен монографиялық зерттеулерде Есет тархан Көкіұлы және оның заманы мен замандастары туралы деректер молынан қамтылған: Өбілқайыр хан [9]. Баһадүр батыр Бөкенбай [10]. Есет батыр [11]. Журналист Ө.Есмырзаұлы «Есет батыр Көкіұлы» еңбегінде Есет батыр Көкіұлының заманы мен замандастары туралы мәліметтерді қамтыған. Есет батырдың ақ сауыты табылып, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне қойылғаны туралы мәліметтер береді [11, 86; 130 б.]. Алайда автор Есет батыр Көкіұлының қайтқан жылын «1749 жыл» деп, табын Бөкенбай батырдың қайтқан жылын «1751 жыл» деп қате көрсеткен [11, 74-б.].

Профессор И.В.Ерофееваның Жәнібек тархан туралы еңбегінде [12] Жәнібек тархан Қошқарұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің тарихын мұрағат деректері мен тарихи құжаттардың негізінде баяндайды [12]. Бұл еңбектерде қазақтың алғашқы тархандары Жәнібек Қошқарұлы мен Есет Көкіұлының заманы мен замандастары және олардың Қазақ хандығын, яғни мемлекеттігін сақтаудағы қайраткерлік қызметтері туралы құжаттар мен деректік мәліметтер молынан кездеседі.

Қорыта келе айтпағымыз, **біріншіден**, аталған құжаттар жинағы Есет Көкіұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуде жаңаша саралауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, бүгінде Есет тарханның ғұмырнамысына қатысты құжаттық соны деректер бойынша батырдың 1669 жылы туылғандығы анықталып отыр [5, с. 65]. **Үшіншіден**, ел қорғаны болған, ұлт-азаттық соғыстың батыры, тарихи тұлға Есет Көкіұлының 1669 жылы туылғандығы және 1757 жылы қайтқандығы туралы тарихи құжаттармен дәлелденген ақиқатты бір жүйеге келтіретін уақыт жетті. Еліміздің Тәуелсіздігіне 25 жыл толғанда батыр бабаларымыздың ғұмырнамасын тарихи құжаттар негізінде таныту Отан тарихының дамуына қосқан үлес болып табылады.

РЕЗЮМЕ

В основе статьи автор использовал ранее неисследованные исторические источники о жизни и общественно-политической деятельности тархана Есета Кокчулы. Автор пришел к выводу что ранее

утвержденная дата рождения Есета – 1667 год, не подтверждается источниками, согласно которым дата рождения Есет тархана – 1669 год.

On basis of an article the author used historical sources about life and public- political activity of Tarkhan Eset Kokiuly which were not researched before. The author has concluded that earlier affirmed date of Eset's birth is not confirmed according to sources where Eset's date of birth is 1669.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. **Назарбаев Н.Ә.** Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. – 1998, 16 желтоқсан.
2. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.
3. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.) / Составление, транскрипция, скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В.Ерофеевой. Т. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 484 с.
4. 100 құжат (қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы: Санат, 1998. – 176 б.
5. История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 2 Астана: ТОО «Общество инвалидов -Чернобылец», 2012. – 438 с.
6. **Исенов Ө.И.** Есет Көкіұлы оның қоғамдық саяси қызметі (1667-1749 жж.). // Мир на рубеже тысячелетий: Материалы региональной научно-практической конференций. Костанай. Изд-во Костанайского университета. 2001. – 380 б. – 51-57-бб.
7. **Исенов Ө.И.** Тама Есет батыр (Опат болған жылы мен жұмбақ өлімі хақында). // Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. №5-6. 2008. - 27-30-бб.
8. **Абылай:** Дәуірі, өмірі мен қызметі Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі: Ғылыми басылым. / Құрастырып, қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзеген және түсініктерін жазған. З.С.Тайшыбай. – Алматы: Ел шежіре ҚҚ. 2 томдық. Т. 1. – 2011. – 640 б.
9. **Өбілқайыр хан:** Жинақ. / Құраст. Ғ.Әнес., К.Есмағамбетов. Толықтырған екінші басылымы. – Алматы. Арыс, 2010. – 344 б.
10. **Баһадүр батыр Бөкенбай.** Жинақ. – Ақтөбе, ЖК С.Т.Жанәділов баспаханасы, 2011. – 435 б.
11. **Есмырзаұлы Ө.** Есет батыр Көкіұлы. – Ақтөбе. – 2012. – 254 б.
12. **Ерофеева И.В.** Между всеми старшинами знатнейший. Первый казахский тархан Жанибек Кошқарұлы. – Алматы, 2013. – С. 308.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және

3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 4X5 фотосымен 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

ҚАЗАҚСТАН БИБЛИОГРАФИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ОРЫС ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ

Баян АСАНОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

XIX ғасырдың орта кезінде орыс ғалымдары түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының этнографиясын, тарихын, тілін, әдебиетін жинауға, ғылыми талдаулар жасай отырып зерттеуге кірісті. Олардың қазақ даласына жүргізген зерттеулері көптеген құпия мәліметтер мен жария болмаған деректерді дүниеге әкелді. Солардың ішінде: П.П.Семенов-Тяньшанский, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, И.В.Мушкетов, В.В.Бартольд болды. Олардың қолжазба, географиялық және тарихи-этнографиялық очерктері, ғылыми еңбектерінде қазақтың ұлттық тарихына, мәдениетіне, экономикасына, діні мен ағартуға қатысты мәселелері бейнеленген.

Радлов Василий Васильевич – Ресей шығыстанушысы, этнограф, археолог, Петербург Ғылым Академиясының академигі (1884 ж.). Ол полиция қызметкерінің отбасында дүниеге келіп, жасында гимназияда оқып, Берлин университетін бітірген (1858 ж.). Осы тұста ол араб, парсы тілі, түрік тілі, татар тілі, моңғол, манчжур, қытай тілі, т.б. тілдерді үйренді. В. Радлов 1858 ж. Ресейге көшіп келіп, Алтай өлкесінде мұғалім болады. Кейіннен Қазан оқу бөлімінің татар, қазақ, башқұрт мектептерінің инспекторы (1871-1884 жылдары), Азия (1885-1890 жылдары), антропология және этнография (1894 - 1918 жылдары) музейлерінің директоры, Орталық Азияны зерттеу жөніндегі орыс комитетін құрушылардың бірі, басшысы (1903-1918 жылдары) болған.

В.Радловтың ғылыми өмірі үш кезеңге бөлінеді: Алтай, Қазан, Петербург. Алтай кезеңінде (1859-1871 жж.): Батыс Сібір, қырғыз даласы, Хакасия, Жетісу аймақтарында тіл, фольклор, этнография материалдарын жинаумен айналысады. Қазан кезеңінде (1871-1884 жж.): “Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы” және “Сібірден” (екеуі де неміс тілінде) атты екі еңбегі жарық көреді. Петербург кезеңінде (1884-1918 жж.) “Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі” атты көп томдығы баспадан шыға бастайды. 1891 ж. ол Ресей ҒА экспедициясын басқарып, Моңғолия жеріндегі Орхон ескерткіштерін зерттеген. 10-нан астам әріп таңбаларын оқып, Кошо-Цайдам ескерткіштерінің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері туралы жазып, мәтіндердің орыс тіліндегі транскрипциясын жасайды. Өр жылдары “Құтты білік” (1891-1910 жж.), “Тоныкөк” (1899 ж.) ескерткіштерінің аудармасы мен транскрипциясын жариялады. Ол көне ұйғыр жазбаларын, оның тарихын зерттеп, грамматикалық құрылысы жайында бағалы пікірлер айтты. Құнды еңбектерінің бірі – “Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы” деп [1] аталады.

В.Радлов өз еңбектерінде түркологияның барлық саласын қарастырады: лексикография мен диалектология, салыстырмалы-тарихи фонетика мен текстология, көне түркі, ұйғыр және араб ескерткіштері, түркі халықтарының фольклоры, этнографиясы, та-

рихы мен археологиясына байланысты түбегейлі зерттеулер қалдырды.

Оның тарих пен этнография саласындағы еңбектері:

– Сібір мен Орта Азия түркі тілдес халықтарының этнографиясын;

– Олардың көне тарихы; археологиясы, мәдени даму жолдарын;

– Аңшылық пен көшпелі халықтардың даму ерекшеліктерін, әсіресе, түркі халықтарының рулық құрамын анықтау мәселелерін қамтыды.

В.Радловты аса көрнекті фольклортанушы ретінде танытқан “Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері” атты 10 томдық еңбегі болды. Оның 1-кітабы (1866 ж.): алтай, құманды татарлары, шор, саян, 2-кітабы: (1868 ж.) шұлым, түрік, хакас, 3-кітабы (1870 ж.): қазақ, 4-кітабы: (1872 ж.) барабы, тобыл, түмен татарларының фольклорына арналды. Қазақ фольклоры үшін аса қымбат қазына болып саналатын 3-томдығы ел аузынан дәлме-дәл жазып алынған шығармалар, ақын-жыршыларға берген мінездеме, халық ауыз әдебиетінің жанрлық құрамын белгілеуі, халық шығармаларының тіл және стиль ерекшеліктерін анықтауы күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

В.Радлов жинаған фольклор үлгілері “Халық өлеңдері” (жеке шумақтар, бата сөз, жоқтау, бақсы сөзі, өтірік өлең), “Ертегілер”, “Батырлар жыры” (“Ер Көкше”, “Ер Тарғын”, “Сайын батыр”) болып жіктелген. Сонымен бірге ғашықтық, тарихи жырлар, аңыз, қисса-дастан, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылған. Радловтың Сібір қазақтарының этнографиясы туралы құнды еңбегі “Сібірден” деген атпен шықты. Ол қырғыз эпосы “Манасты” жазып алып, бастырып шығарады. Салыстырмалы тарихи зерттеудің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының төркіні ортақ екенін дәлелдеді. В.Радлов көптеген ғылыми еңбектерімен түркология ғылымының дамуына зор еңбек сіңірді, өзінің мектебін қалыптастырды. Оның ісін шәкірттері: Б.Я.Владимирцев, Н.Ф.Катанов, С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович, т.б. жалғастырып, В.Радловтың ғылыми мұрасы жайлы құнды пікірлер қалдырды. Соңғы уақытта В.Радловтың шығармалар шеберханасы жайлы жазылған М.Шоқай жазбалары да ғылыми айналымға енді [2].

Қазақ библиографиясына үлесін қосқан ғалымның бірі – Ресей географы, статист, қоғам және мемлекет қайраткері, Санкт-Петербург Ғылым академиясының құрметті мүшесі (1873 ж.), Орыс география қоғамының вице-төрағасы (1873-1914 жж.) – Семенов-Тянь-Шанский (1906 жылға дейін Семенов) Петр Петрович. Ол Санкт-Петербург университетінің жаратылыстану бөлімін бітіргеннен кейін, 1851 жылы Дон бойының флорасын

зерттеп, магистрлік диссертациясын қорғайды. 1853-1855 жылдары Германия, Швейцария, Италия, Францияның географиясын, геологиясы мен экономикасын зерттейді. 1856-1857 жылдары Тянь-Шанға саяхат жасап, орасан зор тау жүйесінің жанартаудан пайда болғанын дәлелдеп, оның орфографиясын және биіктік белдемдігін анықтап, ірі мұздықтарды ашады. Сырдарияның бастауын зерттеп, Шу өзенінің Ыстықкөлден ағып шықпайтынын дәлелдеп, 50 тау шыңының биіктігін өлшеп, 23 асуды зерттеп, 1500-ге тарта тау жыныстарының коллекциялары мен өсімдік гербарийлерін жинайды [3].

Семенов-Тянь-Шанский география ғылымына Іле Алатауы, Жоңғар (Жетісу) Алатауы, Іле жазығы деген атаулар енгізеді. Семенов-Тянь-Шанскийдің көмегімен Орыс география қоғамының әйгілі Орта Азиялық экспедициялары (Ш.Уәлиханов, Н.М.Пржевальский, М.Б.Певцов, Г.Н.Потанин, т.б. қатысқан) ұйымдастырылады. Семенов-Тянь-Шанский шет елдік және ресейлік 53 ғылыми мекеменің құрметті мүшесі, 20 ғылыми қоғамның мүшесі болып сайланады. Ол өз саяхаты кезінде қазақтардың тұрмыс-салтымен терең танысып, Ш.Уәлихановты Орыс география қоғамының мүшелігіне ұсынады. Ш.Уәлиханов мезгілсіз қайтыс болған соң, ғалымның еңбектерін жинақтап, жариялауға атсалысады. Семенов-Тянь-Шанский есімімен ондаған тау шыңдары мен мұздықтар, 30-ға тарта өсімдік, көптеген жануарлар туыстары мен түрлері аталады.

1853 ж. өзінде ол құпиясы мол Тянь-Шанға өрлеуді мақсат тұтты. Ресей Сыртқы істер министрлігі азиялық елдерді «географиялық ғылымның жаулап алуынан» қызғанышпен қорыды, бірақ бәрібір ғалымға Алтай мен Қырғыз даласында болудың сәті түсті. 1856 ж. Семейден Семенов Балқаш көліне дейін жетті. Ол өзінің «кебір ұшы» Алакөлмен бірге ортаазиялық қыраттарды біртектес қырғыз даласынан бөліп жатқан Балқаштың оңтүстік-шығысында ол оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан, «көз қарықтырардай... мәңгілік қар құрсауындағы» асқар таулардың тізбегін көріп, оны Жоңғар Алатауы деп атады. Осы шоқылардан әрі қарай «төмен және ыстық» Іле өзенінің алқабы басталады. Оны жүріп өтіп, ғалым Верный (қазір бұл Алматы қаласы) қаласына тоқтады. Осы жылы зерттеуші Ыстықкөл жағасына ат шалдырады: «Оңтүстіктен көз ұшына дейін ... Ыстықкөлдің көк суы... қар алып қар тізбегімен құрсанған» [4], – деп сипаттайды өз әсерін Семенов-Тянь-Шанский.

Қазақ библиографиясының өркендеуіне үлес қосқанның тағы бірі – орыс географы, этнографы, фольклористі, саяхатшы, түркі-моңғол халықтары мәдениетін зерттеуші Григорий Николаевич Потанин. Әскер отбасында туған. Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінде жас Шоқан Уәлихановпен достасып, оның және корпус оқытушысы Н.Ф.Костылецкийдің ықпалымен қазақ даласын, көшпелілердің тұрмыс жағдайларын, тарихын танып-білуге М.Перемышльскийдің әскери жасағы құрамында Іле жорығына қатысты, Алтайда әскери қызмет атқарады. 1856 ж. Омбыдағы Батыс Сібір және Қазақ даласы Әскери басқармасына ауыстырылады. Осы уақыттың ішінде ауыз әдебиетіне, этнографияға қатысты материалдарды жазып алып, Ш.Уәлихановтың нұсқауымен Орта, Ұлы жүз қазақтарының және жоңғарлардың Россиямен қарым-қатынастарына байланысты архив материалдарымен танысады. «Сібір үйірмесі» атты жасырын ұйым 1861 ж. талқандалды да, оған қатысқан Потанин Г.Н.

Петропавл қамағына жабылып, Омбыға жер аударылады.

1863-1864 жж. астроном К.В.Струвенің басқаруымен Зайсан көлі мен Тарбағатай, Жоңғар Алатауы атырабына ұйымдастырылған экспедицияға қатысады. Ал 1871 жылы «Томскі губерниясында түркі және фин тайпаларының 17-19 ғғ. басында таралуына шолу» [5] атты еңбек жазады. 1876-1877 жж. және 1879-1880 жж. Солтүстік Қытай, Шығыс Тибет, Орталық Моңғолия, 1899 жылы Үлкен Хинган экспедицияларына басшылық етеді. Зайыбы А.В.Потанинамен бірге жүргізген экспедициялық зерттеулер нәтижесінде сол уақытқа дейін белгісіз Орта Азия атырабының этнографиясы және географиясы туралы кең көлемді ғылыми мәлімет береді. Экспедиция кезінде жиналған көптеген гербарий, зоологиялық коллекциялар негізінде Азияның кең байтақ бөлігінің органикалық дүниесіне сипаттама жасалады.

Географиялық озық еңбектері үшін Потанинді Орыс географиялық қоғамы 1886 жылы Константинов медалімен марапаттайды. «Солтүстік-батыс Моңғолия очерктері» атты еңбегіне географиялық, биологиялық, этнографиялық материалдармен қатар қазақ, тува, алтай, хакас, бурят, моңғолдардың 222 аңыз, аңыз-әңгіме, ертегі, шежіре, жыр текстері енеді. Осы материалдардың ішінде Потаниннің Баянауылдағы Мұса Шормановтың ауылында жазып алған және Ш.Уәлихановтың қолжазбаларынан алынған текстер бар. Ш.Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барып қайтқан сапарында Потанин Г.Н. «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері» атты жинақ және «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» атты мақала бастырып шығарады [6]. Бұның бәрі Потаниннің түркі-моңғол ғылымына қосқан игі жаңалығы болды. Ал, Батыстың, Орталық Азия және қазақ өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөнінде зерттеген В.В.Бартольд еңбектерінің ғылыми мәні зор болған.

Қазақ библиографиясына үлес қосқан жанның бірі – ғалым, шығыстанушы Бартольд Василий Владимирович. Ол 1891 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыс тілі факультетін бітіріп, сонда ғылыми және оқытушылық қызмет атқарады. Еңбектерін жазуда ол араб, парсы және жергілікті авторлардың материалдарын пайдаланады. **Олардың ішіндегі аса құндылары:** «Моңғол кезеңіне дейінгі Түркістандағы христиандық туралы» (1894 ж.), «1893-1894 жылдары ғылыми мақсатпен «Орталық Азияға саяхат туралы есеп» (1897 ж.), «Жетісу тарихының очерктері» (1898 ж.), «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» (1898-1900 жылдары), «Ежелгі заманнан 17 ғасырға дейінгі Арал теңізі мен Әмударияның төменгі бойы туралы деректер» (1902 ж.), «Түркістанды суландыру тарихы» (1914 ж.), «Ұлықбек және оның заманы» (1918 ж.), «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы» (1922 ж.), «Қырғыздардың Тарихи очеркі» (1927 ж.), «Түркі-моңғол халықтарының тарихы» (1928 ж.), «Түрікмен тарихының очерктері» (1929 ж.), «Орта Азиядағы түркі халықтарының тарихы жөніндегі он екі дәріс» (1935 ж.). Бартольд Батыс Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көне дәуірден бастап өзіндік тарихы, мәдениеті болғанын ғылым түрде негіздеді. Ислам тарихы туралы «Халиф және сұлтан» (1912 ж.), «Ислам» (1918 ж.), «Мұсылман қауымы мәдениеті» (1918 ж.), «Мұсылман дүниесі» (1922 ж.), «Мусейлима» (1925 ж.), тағы басқа

еңбектерін жазады. Ежелгі славяндар туралы жазған араб авторларының еңбектерін зерттеп, Шығыстану тарихына зор көңіл бөледі. «Еуропа мен Ресейде шығысты зерттеу тарихы» (1911 ж.), «Петербург университеті шығыс тілдері факультетінің 1855-1905 жылдардағы қызметіне шолу» (1909 ж.) тарихы, мәдениеті болғанын атты еңбектер жариялайды. 1905-1913 жылдары Орыс археология қоғамының Шығыс бөлімшесінің хатшысы, «Мир ислама» (1912-1913 жж.), кейін «Мусульманский мир» (1917 ж.) журналдарын шығарушы, әрі редакторы болады. 1918 жылы орыс археология қоғамының шығыс бөлімінің меңгерушісі, Ресей Ғалымының Антропология және этнография музейі жанындағы Радлов үйірмесінің төрағасы, 1921 жылы Азия музейінің жанынан құрылған Шығыс зерттеушілері алқасын және оның «Записки коллегии востоковедов» атты баспасөз органын басқарады [7].

В.Бартольд КСРО-дағы мұсылман халықтарының әліпбиін араб әрпінен латын әрпіне көшіру жөніндегі комиссияның жұмысына, Орта Азия университетін құруға, шығыстану кітапханаларын ұйымдастыруға, шығыс қолжазбаларын жинауға қатысты. Ғалымның көптеген еңбектері ағылшын, француз, неміс, түрік, араб, парсы, тағы басқа тілдерге аударылған.

Қорыта айтқанда, Қазақстан библиографиясын зерттеу барысында шығыстанушы ғалымдар өте көп еңбек сіңірді. Олардың әрбір келелі еңбектері, жүргізілген зерттеулері, айтып кеткен әрбір түйінді сөздері қазақ библиографиясының тарихына, дамуына, болашақтағы көтерілу деңгейіне өте үлкен әсерін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Глухов А.Г. Судьбы древних библиотек [Текст]. - М.: Либерея, 1993.-160 с.
2. Библиография моей жизни [Текст]: Сборник очерков. - М.: Книга, 1984.-136 с.
3. Ажеева Е.Ю. Н.В. Здобнов как историк русской библиографии [Текст]: М.: Моск. университета культуры и искусств, 1994.- 209 с.
4. Библиографические исследования [Текст] // Справочник библиографа.- СПб., 2003.- С. 527-530.
5. Фокеев В.А. Очерк истории развития библиографоведения [Текст] // Мир библиографии, 2003.- №1.- С. 2-5.
6. Вохрышева М.Г. Библиографоведение на границе веков [Текст] // М.Г.Вохрышева. – Библиография, 1999. - № 6. - С. 3-14.
7. Библиографические исследования [Текст] // Справочник библиографа.- СПб., 2003.- С. 536-551.

Қазақтар туралы шетелде шыққан

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ 1.5 ҒАСЫР БҰРЫНҒЫ БЕЙНЕСІ

Алматыда қазақтардың 19-ғасырдың ортасындағы тұрмысын сипаттаған британ саяхатшылары Томас және Люси Аткинсонның жазбалары мен суреттері таныстырылды. Қазақстанды аралаған саяхатшылар туралы кітаптың тұсаукесеріне Алатау-Тамшыбұлақ есімді жалғыз ұлынан тараған ұрпақтары келді.

Бұл – британ жазушысы Ник Филдингтің Алматыға үшінші рет келуі. Бұл жолы ол мұнда отандастары Томас пен Люси Аткинсонның қазақ даласына 1846-1853 жылдары жасаған саяхаты туралы жазған кітабын таныстыру үшін келген. Аткинсондар – қазақ жерін аралаған алғашқы шетелдіктер болмағанымен, оның шығыс бөлігінде болып, саяхаттарын кітаптарында сипаттап жазған бірінші ағылшындар.

НИК ФИЛДИНГКЕ ҚОЙЫЛҒАН БІРНЕШЕ СҰРАҚ

Ал Ник Филдингтің өзі 160 жыл бұрын отандастары Томас пен Люси Аткинсон болған орындардың бәрін аралап шыққан. Олардың ішінде Зырян, Өскемен, Зайсан, Аягөз, Қапал, Алакөл сияқты жерлер бар. Ник Филдингтің айтуынша, ол Орталық Азияны көп аралаған және бір күні Томас пен Люсидің өткен ғасырда шыққан кітаптарын кездейсоқ ұшыратқан. Ол «екеуі жайлы көпшілік неліктен ештеңе білмейді?» деген ойға қалған.

Ник Филдинг осылай Томас пен Люси Аткинсонның саяхаттарына қатысты тарихты зерттеумен айналысып, бес жылдан кейін кітап етіп шығарған, бұл еңбекті енді Қазақстанда да оқуға болады. Рас, әзірше оқырмандар қолына ағылшын тілінде ғана шыққан кітаптың санаулы данасы ғана тиген. Бірақ қазір оны қазақ және орыс тілдеріне тәржімалау жұмыстары жүріп жатыр.

Кітапта Ресейдің Азия бөлігі – қазіргі Қазақстан территориясына жасаған саяхаттары кезінде Томас

Аткинсон салған иллюстрациялар көп. Оларда Шығыс Қазақстанның табиғаты ғана емес, сол замандағы қазақтардың тұрмысы да бейнеленген.

Тарихшылар ортасында Томас Аткинсон мен оның әйелінің Ресейдің азиялық бөлігіне жасаған саяхатына қатысты әлі анықталмаған сауалдар бар. Мысалы, оның негізгі миссиясы қандай болған деген сияқты. Бұл жайлы пікірлер әр қилы. «*Тыңшы, барлаушы болған деген болжамнан бастап салатын суреттеріне объект, натура іздеген*» деген болжамға дейінгі пікірлер айтылады.

Томас Аткинсонның өмірбаянын зерттеген бес жылда бұл мәселеге қатысты өз пікірі қалыптасқан Ник Филдингке Азаттық тілшісі осы сұрақтарды қойды. Ник Филдингтің пікірінше, Томас Аткинсон Ресейге бірінші әйелінен туған ұлының қазасынан (бұл жағдай Германияда болған) кейін шалғай, тұмса мекен іздеп аттанған.

– Меніңше, ол мұнда әлдебір арнайы тапсырмамен емес, жанына тыныштық іздеп келген сияқты, – дейді ол. Аткинсондардың Ресейді аралаған сапары жайлы кітаптарының орыс тіліндегі толық нұсқасының ешқашан шықпағаны да түсініксіз.

Ник Филдингтің пікірінше, бұған тағы бір саяхатшы – орыс ғалымы Петр Семёнов-Тян-Шанский ықпал еткен сияқты.

– Біреудің одан сегіз жыл ерте саяхат жасап қойғаны оған ұнамаған. Меніңше, негізгі себебі осы, – дейді ол.

Томас Аткинсон саяхаттары туралы кітаптарды ресейлік ғалымдардың шындап қабылдамауына Ресейдің беделді саяхатшысы әрі географының пікірі ықпал еткені анық. Өз кітаптарының бірінде Петр Семёнов-Тян-Шанский «Аткинсон жазғандарының ешқайсысына сенуге болмайды» деп жазған.

«Азаттық». <http://ult.kz/>

КЕҢЕС БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ДІНИ САЯСАТ

Дастан СӘТБАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің доценті, тарих ғылымдарының докторы,
Гүлбану БІЛӘЛОВА (Билялова),
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің магистранты

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы елдегі діни ахуалға қатысты қарама-қайшылықты үдерістерді бағамдау үшін кеңес жылдарындағы дінге қатысты ресми мемлекеттік саясаттың барысы мен салдарын білу керек [1]. 1917 жылдардағы Ақпан, Қазан төңкерістері дінге қатысты мәселелерді одан сайын шиеленістіріп жіберді. Соғыс және күнделікті өмірдегі қантөгіс оқиғалардың көріністері, Азамат соғысы қарсаңындағы әсіре саясаттанған қоғамдық-саяси өмір дінге және діни мекемелер мен қызметшілерге қатқыл қоғамдық пікірді туғызды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін орын алған Ресейдегі Уақытша үкіметтің қаулыларында дінге деген өркениетті, ұстамды қатынас әлі де болса сақталды. Айталық «Ар-ождан бостандығы туралы» қаулыда азаматтарға діни наным бостандығы берілді. Қаулыда шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден ажыратылуы қарастырылған жоқ. Алайда осы жылғы Қазан төңкерісінен кейін дінге көзқарас күрт қатқылданды.

1917 жылғы 8 қарашадағы «Жер туралы декрет» бойынша діни мекемелердің, яғни шіркеу, мешіттердің дүние мүлкі тәркіленді. 15 қарашадағы жарияланған «Ресей халықтарының Декларациясында» барлық әр түрлі ұлттық, діни артықшылықтар мен шектеулер алынып тасталды. Осы жылдың соңында кеңес билігі тәрбие мен білім беру ісін діни ведомстволардан алып, Ағарту жөніндегі халық комиссариатына берді [2. 31-32]. 1918 жылдың 5 ақпанында кеңес мемлекетінің алғашқы басшысы В.И.Лениннің қол қоюымен (бұйрығымен) шіркеу мемлекеттен және мектеп шіркеуден ажыратылды. Дін «апиын» (К.Маркс) деп жариялаған кеңес мемлекеті алғашқы жылдардан бастап-ақ осы атеистік қағиданы қатаң ұстанды. Бұл православие дініне ғана емес, Ресейдің құрамындағы түркі халықтары ұстанған ислам дініне де қатысты еді.

Қысқа мерзімнің ішінде шіркеулер мен мешіттерге қатысты мынандай іс-шаралар жүзеге асты. Барлық діни мекемелерді мемлекет және жергілікті билік органдары тарапынан қаржыландыру тоқтатылды. Барлық ресми құжаттарда азаматтардың діни наным-сенімдері көрсетілмейтін болды. Діни ант қабылдау немесе пәтуа жасауға тыйым салынып, барлық діндерге тең жағдайлар жасалды. Әрбір дінге сенушінің дәстүрлеріне сәйкес талаптарын орындау алынып тасталды (айталық мұсылмандардың бес

уақыт намаз оқуы, христиандардың қару ұстамауы). Бұл шын мәнісінде дінге сенушілерге көрсетілген мемлекеттік қысым еді. Большевиктік үкімет мұнымен шектелген жоқ. Қарапайым қараңғы халықты дін иелеріне төменнен арандату қолға алынып, елде дінге қарсы бұқаралық атеистік қозғалыс басталды. Бұл үдеріс Ресейдің шеткері аймақтарында да жүрді. 1917-1924 жылдары Қазақстанда да мешіттер мен шіркеулерге, ишандар мен молдаларға қарсы жазалау шаралары қолданылды [3. 227]. 1921 жылы сайлауға қатысу құқығынан билер, имандар, ишандар, хазреттер, мүфтилер және мұсылмандардың діни басқармасының мүшелері айырылды [2. 32]. Қазақстанда мешіттер мен оның қызметкерлері қудаланып, діни кітаптар өртелді [4. 295]. Көптеген Қазақстан мешіттері, имамдары мен қарапайым молдалары өздерін лайықты ұстап, діни кітаптарды мүмкіндігінше сақтап қалуға тырысты.

1919 жылдан бастап орталықтан «Революция и церковь» журналы, «Безбожник» («Құдайсыз») газеті шыға бастады. 1925 жылы «Құдайсыз» газетінің достары қоғамы (ҚГДҚ) құрылып, бұқаралық сипат алды. Сөйтіп КСРО-да бұқаралық атеистік қозғалыстың ұйымдық құрылымдары қалыптасуымен діни насихат жаппай белең алды. Бұл қозғалыс 1941 жылға дейін созылды... Бір қызығы Ұлы Отан соғысы басталысымен И.В.Сталиннен бастап кеңес билеушілерінің дін иелеріне деген қатынасы «жұмсарған» болатын.

1925 жылы ҚГДҚ-ның I съезі өтті. Сөйтіп Бүкілодақтық атеистік құрылым айқын ұйымдық формаға ие болып, басшы органдар сайланды. Сол жылы «Безбожник» газеті достарының қоғамы – КСРО құдайсыздарының одағы болып қайта құрылды. Оның құрамына елдің барлық дінге қарсы ұйымдары кірді. 1924 жылы Құдайсыздардың II съезінде бұл ұйым Құдайсыздардың жауынгерлік одағы (ҚЖО) – Союз воинствующих безбожников (СВБ) деп атала бастады. Дегенмен кеңес үкіметі сол жылдардағы өзінің дін иелеріне қатысты озбырлық саясатын мойындаған емес және құдайсыздар қоғамын да халықтың өз еркімен құрылып жатқан бұқаралық ұйым ретінде көрсетті. Құдайсыздар қоғамының жұмысына елге танымал ғылым және мәдениет қайраткерлері тартылды. Олардың ішінде Н.К.Крупская да болды. Е.М.Ярославский «Безбожник» газеті мен «Антирелигиозник» журналдарының редакторы

және ҚЖО-ның орталық кеңесінің тұрақты мүшесі болды [5. 75]. ҚЖО-ның тапсырмаларын академиктер А.И.Опарин, С.Г.Струмиллин, Н.М.Никольский орындады. ҚЖО-ның II съезінде А.М.Горький, Демьян Бедный, В.В.Маяковский сынды белгілі ақындар мен жазушылар, мемлекет қайраткерлері қатысып, сөз сөйледі.

Құдайсыздар қоғамы өздерінің күнделікті жұмыстарында көпшілік дәрістер, үйірме жұмыстары, семинар, күндізгі және сырттай оқу курстары және т.б. дінге қарсы насихаттың формаларын пайдаланды. КСРО-ның көптеген тілдерінде дінге қарсы үгіт-насихаттар күшейтілді. Сонымен бірге дінге қарсы плакаттар шығарылып, оның жұмысына талантты сатирик суретшілер Д.Морр, В.Дени, М.Черемных және басқалар қатысты. Мұнымен қатар қалалар мен елді мекендерде атеистік көрмелер ұйымдастырылды. Москвада Орталық дінге қарсы музей, КСРО ҒА-да дін тарихы музейі, Ленинградта дінге қарсы мемлекеттік музейі құрылды. Соған сәйкес олардың бөлімшелері Қазақстан мен Орталық Азия республикаларында да болды.

Кеңес адамдарының тұрмысына жаңа дінсіз мерекелер мен дәстүрлерді енгізу бағытында да үлкен жұмыстар жүргізілді. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында құдайсыздар қозғалысының кең қарқын алғанын мына мәліметтерден білуге болады. Егер I съезд қарсаңында ҚГДҚ мүшелерінің саны 100 мыңға жуық болса, ал II съезде ҚЖО-ның саны 700 мыңға жетті. Ал 30-жылдардың басында олардың саны 5,5 млн-ға жетіп, жүзден астам ұлт өкілдерін қамтыды [1. 257]. Әрине, олардың барлығы атеистік қозғалысқа өз еркімен қатысқан жоқ. Көпшілігі өктем мемлекеттік идеологиялық қысымның құрбандары болды. Революцияға дейінгі дәстүрлі діни мейрамдардың орнына жаңа кеңестік мейрамдарды атап өту дәстүрі орнықты.

Түйіндей келгенде кеңес мемлекеті өзінің өмір сүре бастаған алғашқы күндерінен бастап діни наным-сенімге қарсы ешқандай адамгершілік қисынға келмейтін саясат ұстанды. Миллиондаған адамдар

ды олардың еркіне қарсы діни наным-сенімдерінен айырып, атеистік қозғалысқа тартты. Қарсылық көрсеткен діни мекемелер мен қызметшілер қатаң қудаланды. Ұлы Отан соғысының қарсаңында атеистік тәрбие одан сайын күшейтіліп, «құдайсыздар қоғамы» жұмысы онан әрі жетілдірілді. Соғыс жылдарында атеистік қозғалыс бәсеңдеп, соғыстан кейінгі жылдары қайтадан жанданды.

РЕЗЮМЕ

В статье «Религиозная политика Советской власти в первые годы революции» рассматриваются особенности формирования и становления воинствующей атеистической политики большевиков. На основе конкретных данных и материалов отмечаются античеловеческая и антирелигиозная сущность проведенной политики.

The article "The religious policy of the Soviet government in the first years of the revolution" is considered particularly the formation and establishment of the militant atheist Bolshevik policy. On the basis of specific data and materials are marked anti-human and anti-religious natures of policies.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.С.Гордиенко. Основы научного атеизма. Москва «Просвещение», 1989 – 304 с.
2. Е.Оңғаров. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. Алматы. «Баспалар үйі». 2014 – 352 бет.
3. Ғ.Есім. Дінтану негіздері. Алматы. «Білім», 2010 ж. – 332 б.
4. ҚМДБ. Ислам ынтымақ пен бірлік жолында. 2006 жылы Алматыда өткен «Жетісу мұсылмандарының I құрылтайына 100 жыл» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. Алматы. «Атамұра» 2008 ж. – 208 б.
5. В.А.Куроедов. Совет мемлекетіндегі дін мен шіркеу. Алматы. Қазақстан, 1984 ж. – 276 бет.

Деректер мен айғақтар

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ТУЛАРЫ

«Есім хан ұзын бойлы, денелі кісі болған соң «Еңсегей бойлы ер Есім» деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған. Сығай ханның екінші әуелінен екі ұлы бар: Сейітқұл және Оннан хан. Бұл Оннан батыр болып, қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Ақ тулы төрелер қайда жүрсе де Оннан тұқымы болып есептеледі. Есім хан ұлы Жәңгірхан, ұлы Тәуке хан бір әуелден жеке. Мұның ұлы Полат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбілқайып хан қызыл тулы төрелердің бабасы...
...Абылай хан жас кезінде жау қолына түсіп,

мағы бір шапқыншылықта қазақ қолына түсіп, үйсін Төле бидің мүшесі болып жүрген. Содан соң туысы Полат хан қолына алғанда, соңынан Полат баласы Әбілмәмбетке қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли (басшы) қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен Орта жүздің бәріне, Ұлы жүздің көбіне, Кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атауыдан басым болғандықтан, үш жүздің ханы деп аталған. Жасыл тулы төрелердің бабасы болады».

Құрбанғали Халид. "Тауарих хамса".

<http://www.namys.kz/>

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІ

Кәмила ЧАТЫБЕКОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың профессоры

Елімізді даму даңғылымен кемелді келешек кеңістігіне еркін енгізу міндетін шешетін бірден-бір қуатты күш – кәсіподақ. Осыған орай, ұлтаралық тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайту үшін бұқаралық-саяси жұмысты одан әрі жетілдіру жөнінде нақты міндеттер қойып, тұрақты дамуымыздың, мемлекетімізді нығайту, ұлттық бірлігіміз бен халқымыздың келешекке сенімділігін қамтамасыз етудің алғышарттары кәсіподақ қызметі арқылы көрсетіледі.

XX ғасыр басында қазақ елінің экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қаладағы өндіріс пен кәсіпорындардың дамуы, темір жол жүйесінің келуі далаға капиталдың ағылуын күшейтті [1]. Қазақтың негізгі кәсібі – мал шаруашылығына дейін өзгеріске ұшырады, ол натуралды түрден тауарлы шаруашылыққа айнала бастады. Осы тұста қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі толық күшіне енді.

1918 жылы көктемде Верный қаласында әртүрлі салалар мен кәсіптер бойынша 20-дан астам кәсіподақ құрылды. 1919 жылдың аяғына таман Жетісу облыстық кәсіподақтар кеңесі өнеркәсіптік принцип бойынша барлық кәсіподақтарды қайта құруға кірісті. Ыңғайластыру жолымен бұрынғы 32-нің орнына 16 кәсіподақ құрылды.

1920-1930 жылдардағы кәсіподақ ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі – жұмысшылардың кәсіби біліктілігінің деңгейін көтеру. Алғашқыда большевиктер билікке келген кезде кәсіподақ қызметі әлі басыңқы рөлді алған жоқ болатын. Бірте-бірте олар жұмысшылардың жағдайларына қарап материалдық көмек көрсетуге, тарифтік жұмыс уақытын жасауға, еңбегін қорғауға, айлық жалақысының мөлшерін анықтауға, оларды мәдени-ағарту шараларына қатыстыруға атсалыса бастады. Жұмыс ауқымын, барысын бақылап отыру жұмысшы ұйымдарының орталықтарына жүктелді. Бұл кезеңдегі кәсіподақ жұмысы басты үш бағытта жүргізілді: 1) ұйымдастырушылық, 2) ағарту-мәдени, 3) еңбекті қорғау. 1920 жылдың желтоқсанындағы жалпыресейлік конференциядан соң экономикалық бөлімдер ашылды. 1920 жылы желтоқсаннан бастап серіктес тәртіп сотының жұмысын жолға қойды [2].

1921 жылы қаңтарда өткен Қазақстан кәсіподақтарының алғашқы мәжілісінде кәсіподақ қызметін жандандыруға бағытталған бірқатар нақтылы шаралар белгіленді. КОБОК-тың (ВЦСПС) Қырғыз (Қазақ) Бюросының құрамы анықталды. Оның мүшелігіне Заромский, Журевский, Глуховский және Маркович сайланды.

1921 жылы 17 маусымдағы РКП(б) 1 Қазақстан облыстық конференция-сының РК(б)П X съезінде *«кәсіподақтардың IV съезінде айтылған сөздерді негізге ала отырып, кәсіподақ жұмысын құру үшін экономикалық жағдайды меңгеру туралы»*

баяндамалар жасалды.

1922 жылы КСРО-ның құрылуына байланысты бір жүйедегі КСРО кәсіподақтарының республикалық құрамдас бөліктері ретінде құрылды. Түркістан Республикасының жерінде КОБОК-тың (ВЦСПС) Орта Азия бюросы құрылды.

Қазақстан кәсіподақтарының I съезі 1925 жылы 31 мамырда Қызылорда қаласында өтті. Съезд КОБОК-тың Қырбюросының есебін талқылады.

1930 жылдардағы тоталитарлық жүйе қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласын қамтыды [3]. Оның көрінісі, әсіресе, Қазақстанда ерекше көрініс алды. Олар күшпен ұжымдастыру және 1937-1938 жылдары саяси-жазалау дәуірінің қайғылы оқиғаларымен ұштасып жатты. Өлкедегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанға Одақтас республика дәрежесін беру, мәдени құрылыстағы, халық ағарту ісіндегі және ғылымдағы табыстар тоталитарлық жүйенің қатаң идеологиялық қыспағында өтті. Алайда, Кеңес Одағы кезінде кәсіподақ деген ұйымның аты да, атағы да абыройлы болды. Өйткені, оның мүмкіндігі мол болатын, халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге кеңінен араласатын [4]. Мәртебесінің биіктігі сонша, бұл ұйыммен партия да, өкімет те санасып отыратын.

Тәуелсіздікті алумен қатар білім, мәдениет, денсаулық сақтауда көлемді экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылды, экономиканың маңызды салаларында қайта құрылымдау жүргізілді. Бүгінде Республика әлеуметтік-экономикалық модернизациялау мен саяси демократияландырудың жаңа міндеттерін шешуде. Әлеуметтік тұрақтылыққа, реформалардың әлеуметтік бағытын күшейтуге қол жеткізген кәсіподақтардың бүгінгі күні қоғамымызда рөлі өсуде. Бұл ұйым нарықтық экономиканың қалыптасуы жағдайында әрекет етіп, жұмысшылардың әлеуметтік және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауда дәйекті жұмыс жүргізуде. Қазақстан экономикасының жекелеген салаларына шетелдік капиталдар ене бастады. Бұның бәрі жиынтығында кәсіподақтардан бұрынғы қызметтерін қайта ой елегінен өткізуді, өз қызметтерін реформалауды талап етті.

Еліміз нарықтық қатынастардың аясына кіргелі бері кәсіподақтың орнына меншік иесі, жұмыс беруші деген тұлғалар пайда болды. Осы уақыттарда салалық кәсіподақ күрделі де, сындарлы жолдарды бастан кешті. Одақ тарап, еліміз егемендік алған алғашқы жылдары экономикамыз дағдарысқа ұшырап, білім мен ғылым саласының жағдайы күрт төмендеп кеткені әлі есімізде. Білім жүйесіне қажетті қаражаттың жартысы ғана бөлініп отырды.

Уақтылы жалақы, зейнетақы, шәкіртақы төлеу үлкен проблемаға айналды. Балабақшалардың 80%-ы, мектептен тыс ұйымдардың 90%-ы жабылды. Шағын мектептер, интернаттар, кәсіби-техни-

калық білім беру жүйесі таратылды. Жоғары оқу орындарының да жағдайы мәз емес еді. Қолынан іс келетін ұстаздар бизнеске кетті, аспирантураға түсетін талаптанушылар азайды, материалдық база тоза бастады. Өрине, жағдай бірден жақсарып кеткен жоқ. Ол кезде мүмкіндіктер де аз еді, экономиканың тұралап, инфляцияның ырықтауға бой бермей тұрған уақытында кәсіподақ ұйымдары жағдайды жақсартуға бар жігерін салды. Соның нәтижесінде бүгінгі таңда біздің мемлекетімізде экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңартулар оң белес алып, табысты жүріп жатыр. Елімізде тұрақтылық пен бейбітшілік орнығып, демократия дамуда, азаматтық қоғам құруға күш салынуда. Осы ауқымды істерді атқаруда қазақстандық әрбір азаматтың, оның ішінде кәсіподақ қызметкерлерінің рөлі жоғары.

1990 жылы 10 қыркүйекте кәсіподақтардың XIV съезінде Қазақ Кәсіподақтар Кеңесінің мұрагері – Қазақ КСР Кәсіподақтар Федерациясын құру туралы Декларация қабылданды. Федерацияның тұңғыш төрағасы Ермек Жақсылықов болды. Федерация өзінің мемлекеттік билік органдарынан, жұмыс берушілерден, саяси партиялардан тәуелсіздігін жариялады және кәсіподақтар қызметін шоғырландыруды, кәсіподақтардың әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтары мен еркіндіктерін қорғау мен танытуды басты мақсат етіп қойды. Бүгінгі күні барлық кәсіподақ құрылымдары ішінен ҚРКФ ең бұқаралы, танымалды ҚР кәсіподақ ұйымы болып табылады. Ол өз қызметін келесідей принциптерге негіздейді: Федерацияға мүшелікке өз еркімен кіру және одан шығу, қызметте дербестік, оның мүшелерінің теңдігі, әріптестік, диалог және ынтымақтастық, алқалылық, сайланбалылық, федерацияның жетекші органдарының қызметіндегі жариялылық [9].

Қазақ Кеңестік Конституциясы бойынша кәсіподақтар заң шығару бастамашылығы құқығына ие еді. Алайда 1993 жылғы ҚР жаңа Конституциясы қабылданғанда кәсіподақтар бұл құқығынан айырылды. Мұндай факт кәсіподақтар жұмысын біршама қиындатты да, оларды қызметтің жаңа түрі мен әдісін іздеуге мәжбүр етті. Жоғарғы Кеңесте «Қазақстан Кәсіподақтары» фракциясы құрылды. 1995-1999 жылдары кәсіподақ өкілдерінің белсенді қатысуымен парламентте көпшілік халықтың әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қозғайтын 70 заң актілері қабылданды. 1999 жылы кәсіподақтардан сайланған депутаттар санынан «Еңбек» депутаттар тобы ұйымдастырылды, бүгінде оның құрамында 26 депутат жұмыс жасайды. Кәсіподақтардың белсенді қатысуымен 100-ден аса заң актілері талқыланып қабылданды. Олардың арасында халықты еңбекпен қамту туралы, мемлекеттік әлеуметтік көмек туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, әлеуметтік әріптестік жөнінде, еңбекті қорғау мен қауіпсіздігі туралы және тағы басқа да заңдар болды. Еңбекшілердің әлеуметтік мәселелерін қамтитын Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) сегіз негізге алынатын конвенциялары ратификацияланды. Кәсіподақтардың талабы бойынша ҚР Еңбек кодексі қабылданды.

Кеңестер Одағының ыдырауымен және елдің сыртқы әлемге есік ашуымен жергілікті кәсіподақтарға халықаралық кәсіподақтар қозғалыстарымен байланыс орнатуға мүмкіндік пайда болды. Бүгінгі күні басты серіктес ХЕҰ болып отыр. ХЕҰ Қазақстанда кәсіподақтармен, сонымен қатар Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі танытатын мемлекетпен байланыс орнатқан.

2005 жылдың 31 мамырында Астанада Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясының XX съезді болып өтті. Онда, Елбасының қазақ жұртшылығының экономикалық, және әлеуметтік даму жолына бағыт-бағдар сілтейтін Жолдауы жоғары бағаланды. Қазіргі кезде кәсіподақтарды және олардың іс-әрекеттерін халықаралық қабылданған демократия стандарттарына сәйкес әрі қарай нығайту және дамыту үшін жағдай туғызу көзделіп отыр. Қазірде Қазақстандағы кәсіподақ ұйымының 2 миллионға жуық мүшесі бар. Қазақстанның кәсіподақ ұйымдары бар он жеті мың ұйымның он үш мыңында кәсіподақ келісімі жасалды. Федерацияға біріккен кәсіподақтар Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастыруда, жалпы ұлттық демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және іске асыруда елеулі рөл атқаруға міндеттелді.

Кәсіподақтар Федерациясын дамыту тұжырымдамасы кәсіподақ Федерациясының XX съезінің бағдарламалық құжатын елеулі түрде толықтырды және негізінен кәсіподақтардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуына тікелей қатысатын елеулі әлеуметтік институтқа өздігінен ұйымдасу, реформалау жолын қамтуға бағытталды. Кәсіподақ Федерациясының XX съезінің бағдарламалық құжаты, азаматтық қоғам жүйесінде кәсіподақтарды дамыту тұжырымдамасы мен кәсіподақтар Федерациясының жастар саясаты негізінде бүгінгі таңдағы кәсіподақтар жұмысының басты бағыттары жұмысшы және студент жастардың құқығы мен мүдделерін әлеуметтік қорғау жөнінде шараларын анықтады.

Ал 2007 жылы Қазақстан Республикасы кәсіподақтары Федерациясының кезектен тыс 21-інші съезі негізінен сайлау науқанына бағытталды. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мамандар бір ауыздан, Назарбаевтың кандидатурасын қолдайтындықтарын жеткізді. *«Профсоюзы были и остаются действенным институтом защиты прав и интересов наемных работников. Сегодня профсоюзы – важная часть гражданского общества. Это постоянные партнеры диалога государства с работодателями»* [5], – деді Елбасы.

Аталған съезге 300-ден астам өкіл қатысты. Олардың ішінде әр түрлі сала мамандары да бар. Негізінен кәсіподақтар саяси ұйым болып табылмаса да, олар елде болып жатқан саяси реформаларды мүлт жібермейтіндіктерін осы съезде де көрсетті.

Қазақстан кәсіподақтары әлеуметтік-экономикалық, жаңарудың және саяси демократизацияланудың, қазақстандықтардың қалыпты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етудің жаңа міндеттерін шешуге, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі үшін бағытталған Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүйелі бағдарын толығымен қолдайды. Кәсіподақтар ұйымдарының қолдауымен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басшылары 2009 жылды Жастар жылы деп те атады. Сонымен бірге «Қазақстанның біртұтас кәсіподақ, орталығының» ұйымдастыру комитетіне еліміздегі 14 кәсіподақ ұйымының өкілдері қамтылды. Атап айтсақ, «әуе компаниялары қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» салалық бірлестігі, «Дәрігер» кәсіподақ ұйымы, «Кооперативтер мен кәсіпкерлердің кәсіподақ ұйымы», «балық шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы», «Мұғалімдер үйі»

кәсіподақ ұйымы, «Интеллектуалдық еңбекпен айналысушы әйелдер одағы» қоғамдық бірлестігі, «ҚР азаматтық авиациясының ұшқыштар құрамы кәсіподақтар ұйымының Қауымдастығы», т.б. кіріп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға күш салғандықтарын мынадай нәтижелері арқылы көреміз: Елдегі кәсіподақтар бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысына қатысты бірнеше ұсыныстар жасады. Соның бірі бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру. Бұл бағытта қажет шаралар әлі де атқарылып жатыр.

2005 жылы, Мемлекет басшысының жолдауына сәйкес, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысы базалық жалақыны көтеру арқылы 32 пайызға көбейді, ал 2007 жылы қаңтарда оларға еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру есебінен тағы да орташа 30 пайызға өсті. *«Мемлекет басшысының тапсырмасын біз орындаймыз. Бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен өсіру арқылы 2012 жылы 2 есе арттыру жоспарланды»* [6] – деп Қазақстанның кәсіподақ ұйымдары федерациясының төрағасы Сиязбек Мұқашев есеп бере отырып, республика үкіметі мен министрліктерде кәсіподақ ұйымдарын құруды ұсынды. Кәсіподақ федерациясы төрағасының бірінші қойып отырған талабы, кәсіподақта бір стандарт болу керектігі. Ол төменгі жалақының мөлшерін бюджетті қарағанда бекіту керек. Сондықтан, әлеуметтік саладағы қызметкерлердің де, еңбекақысын есептеу ең төменгі жалақының деңгейінде болуы керек», – деген мәселені көтереді. Екінші талабы, заңды түрде инфляцияға байланысты еңбекақыға индексация жасау керек. Содан кейін үкімет басшысының берген тапсырмасын аяғына жеткізу. Бұл ұсыныс Қазақстанның жыл сайынғы экономикалық көрсеткіші оның тұрғындарының әлеуметтік жағдайларын көтеруге, еңбек ақысын өсіруге зор мүмкіндік береді. Ол үшін Қазақстандағы кәсіподақ ұйымдары атқарушы билікпен қоян-қолтық жұмыс істеуі тиіс, әсіресе, еңбекақының негізін құрайтын ең төменгі жалақы мөлшерін белгілеу секілді мәселе бойынша етене әрекеттесуі керек. Бүгінде елімізде Қазақстан кәсіподақ ұйымдарының Федерациясы, тәуелсіз кәсіподақ ұйымдарының конфедерациясы, Ұлттық кәсіподақ орталығы тәрізді үш кәсіподақ ұйымына салалық 8 кәсіподақ ұйымы біріккен.

Қазір кәсіподақтар мүшелігіне өткен адамдардың саны 2 миллионнан асады. Жұмысшылардың құқын қорғауға келгенде, кәсіподақтар мен үкімет тізе қосып, іс тындыруда. Егемендіктің алғашқы жылдарында тарап кеткен кәсіподақ ұйымдары, қайта түлеп жатыр. Ел экономикасы жетіліп, жаңадан өндіріс орындары ашыла бастаған уақытта жұмысшылардың құқығын қорғауды мойнына алған қоғамдық ұйымның қызметі белсенді жүруде. Солардың ішінде 26 республикалық салалық кәсіптік одақ пен 14 облыстық бірлестік бар, олардың құрамына 20 мың бастауыш, 552 қалалық және аудандық, 185 облыстық, ұйымдар кіреді. Мемлекеттік саясатқа мемлекеттік жағдайға жауап беретін үкімет бар, кәсіподақ федерациясы сол 2 млн кәсіподақ мүшесінің құқығын қорғайды. Бірінші, жалақы мәселесі, екінші еңбек қорғау мәселесі, үшінші халыққа өзінің деңгейіне байланысты жақсы жұмыс орнындарын тауып беру. Қоғаммен бірге, азаматтық қоғамның бір мүшесі ретінде кәсіподақтар өз жұмысын жүйелеуде.

Кәсіподақ федерациясының екі жылда бір Үкімет

пен кәсіподақтар арасында бас келісім қабылданады. Онда өзара ынтымақтастық жайы нақтыланады. Қазіргі қолданыстағы еңбек кодексі кәсіподақтар қызметінің ауқымын кеңейтуге құқықтық жағынан көп мүмкіндік береді. Қоғамдық ұйым жұмыскерлердің мұң-мұқтажын көзден таса қылмайды.

Қазіргі дағдарыстық жағдайда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жанынан арнайы жұмыс тобы құрылды, жұмыс тобы мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақы жүйесін жетілдірумен айналысады.

Кәсіподақ қызметкерлерін кәсіподақтық даярлау, кадрлар біліктілігін көтеру бірнеше деңгейлі және үздіксіз болуы, бірінші рет сайланған кәсіподақ басшыларын міндетті оқыту мен машықтандыруды, кәсіподақ қозғалысы мәселелері бойынша лекторларды даярлауды қарастырады.

Кәсіподақтар Федерациясы мен мүшелік ұйымдардың ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жақсарту, кәсіподақ іс-әрекеті туралы қоғамды кең және шұғыл ақпараттау мақсатында әрекет ететін мемлекеттік және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін келісімшартты түрде жолға қою талап етеді. Міне, мұндай жақсы істерімен қатар, ақсаңдап жатқан кемшіліктері де кездесіп жатады.

Кәсіподақ ұйымдары әлеуметтік және еңбек пен солармен байланысты басқа да қарым-қатынасты реттейтін тиімді механизм жасауда. Оған қоғамның барлық топтарының қызығушылықтарын есепке алу негізіндегі қоғамдық келісімдер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және жұмысшылардың еңбек құқықтарына кепілдік беру мен олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жатады. Дегенмен де, кәсіптік одақтар әлі де жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, кәсіподақтар құқығы мен еріктерін бұзуына тиімді қарсы тұра алмайды. Кәсіподақтың еңбекақының өсуіне және еңбекті төлеуде әділетсіз диспропорциялықты жоюға, жұмыссыздықты қысқартуға әсер етудегі елсіздігі сезіледі. Кәсіподақтарға қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жағдайына қоғамдық бақылауға берілген заңнамалық құқық жеткілікті пайдаланылмайды.

2008 жылдың мәліметтеріне сүйенсек, өндіріс орындарында жеке еңбек қауіпсіздік шарасын сақтамай, өз өміріне немқұрайдылықпен қарап, жұмыс кезінде көз жұмған адамдар қаншама. Мәселен, Алматының өндіріс орындарында 223 жазатайым жағдай тіркелген. Құрылыс басында жеке еңбек қауіпсіздік шарасын сақтамаған 20 құрылысшы болса, автокөлік ролінде жеке қауіпсіздікті сақтамаған 7 жүргізуші тіркелген.

Сонымен бірге қазақстандық қыз-келіншектердің көбісі қызметтегі жағдайы мен төленетін жалақыға көңілдері толмайтындығын білдіреді. Біздің еліміз демократиялық-зайырлы мемлекет болғанына қарамастан, әйелдердің еңбек құқы сақталып отыр деп айтуға келмейді. Тіпті, сауалнамаға іліккен 35 пайызы жұмыс уақытының қысқартылуын және мәртебесінің өсуін қалайтынын жазады. Сол себепті кәсіпұйымдар бұл салаға да бағыт беруі және Қазақстан әйелдерінің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік мәртебесін көтеру, гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге көмектесуі қажет.

Дәл қазіргі таңда жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмысшылар арасындағы қарым-қа-

тынаста негізгі үш проблема бар. Олар: еңбекақы деңгейі, еңбек ету ахуалы, кәсіпорын пайдасынан қосымша әлеуметтік кепілдік беру мәселелері.

Қазақстанда ең көп бұзылатын заңдардың бірі, ол азаматтардың еңбек құқы. Республика көлемінде әртүрлі жұмысшы топ өкілдерінің арасында еңбек заңдылығын білесің бе деп сұрау жүргізілгенде, олардың 28 пайызы ғана білеміз деп, ал 72 пайызы заң талаптарын білсек те, оларды тәжірибе жүзінде іске асыра алмаймыз деп жауап берген. Сондықтан да кәсіподақ федерациясының мақсаты жан-жаққа тарап кеткен түрлі кәсіподақ ұйымдарын бір орталықтың астына біріктіру болып табылса, Қазақстан азаматтарының Еңбек туралы Заң талаптарына сәйкес жұмыс істеуге мүмкіндік жасалады.

Қоғамдық-саяси өмірдегі кәсіподақтардың рейтингі әлі де жеткіліксіз болып, олар елдің жалдама жұмыскерлерінің басым көпшілігінің басын біріктіре алмай отыр. Кәсіподақтар құрылымы, кадрлар және қаржылық жұмысы әлі де нақты жетілдірілмеуде. Түрлі деңгейдегі кәсіподақтарды үйлестіру және өзара әрекет ету проблемаларының шешілуі баяулап, кәсіподақ қозғалысының шынайы бірлігі қамтамасыз етілген жоқ.

Мемлекеттік билік органдарымен және жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынаста кәсіподақтар ұжымдық-шарттық процестерді белсенді дамытуы, экономика мен әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіруде мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға белсене қатысуға қол жеткізілмей келе жатыр. Ол үшін кәсіподақтар Федерациясының өкілдері мен мүшелік ұйымдардың Қазақстан Республикасының Парламентімен, мәслихаттармен тиімді өзара әрекет етуі мен ынтымақтастығын арттыру үшін кәсіподақтар Федерациясы және мүшелік ұйымдар еңбекті лайықты төлеуге, еңбекті төлеуді ұйымдастыру жүйесін заңнамалық анықтауға қол жеткізуге, радиалды тұтынушылық бюджет деңгейінде еңбекті төлеудің ең кіші көлемін белгілеуге, Үкіметтің нақты бағаны, құнсыздануға қарсы саясатты қалыптастыруы мен жүзеге асыруына белсенді түрде атсалысу керек.

Кәсіподақтардың әсіресе моно өнеркәсіптік қалалар мен депрессивтік ауыл жұмыстарында, әйелдер мен жастар арасында жоқшылық және жұмыссыздықпен, заңсыз еңбек миграциясына қарсы тұруға, жұмыс берушілердің арзан бейресми жұмыс күшін пайдалануға қарсы күрес жөніндегі жұмыстарға қатысу активтендірілсе, әйелдер, жастар, құқық қорғау және басқа да үкіметтік емес ұйымдармен құрастырылымдық өзара әрекет етуді жолға қойылады. Осының нәтижесінде ұйымдастыру жұмысында демократиялық бастауларды кеңейту және іс-әрекеттер бірлігін қамтамасыз ету мақсатында салалық кәсіби одақтарда тіке байланыстарды бекіту бойынша шараларды жүзеге асыру талап етіледі.

Ал студенттік кәсіподақ комитеті өзінің іс-әрекеттерін мынадай бағыттар бойынша көрсетіп келеді: студенттерді уақтылы және жан-жақты әлеуметтік қамтамасыз ету, студенттердің тұрмыстық құралдарды жоспарлы және тиімді пайдалану мәселелерін қамтамасыз ету, жетім балалар мен ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларға көмек көрсету, белсенді студенттерге сыйақы тағайындауға оқу орнынан қаржы бөлу, оқу орнындағы мәдени және спорттық іс-шараларға жаппай қатысу және жан-жақты қолдау, студенттерінің кеңесі мүшелерінің жұмысын белсендендіру мақсатында марапат-

тау шараларына қаржы бөлу. Яғни бұл студенттік кәсіподақ ұйымдарының да қарап жатпай, өнегелілік пен салауатты өмір салтын қалыптастыруға күш салып жүргендігін білдірсе керек. Сонымен бірге кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ комитеттерінде еңбекші жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау негізінде салалық және аумақтық келісімдер, ұжымдық шарттар әзірлеу мен бекітуге қатысатын, кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастырып, сауықтыру және ақыл-кеңес беру іс-шараларын өткізетін жастармен жұмыс жөніндегі кеңестер құрып, жұмыс атқарып жатыр.

Кәсіподақтар Федерациясының Жастар кеңесі «Нұр Отан» ХДП-ның «Жас Отан» жастар қанатымен, Қазақстан жастар одағымен, Қазақстан студенттер альянсымен, «Жасыл Ел» студенттер еңбек отрядтарымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды. Жастар мен студенттердің еңбек отрядтары қалыптасып, кәсіби-техникалық білім беру жүйесінің деңгейі көтеріле бастады.

Кәсіподақ ұйымдары кәсіпорындардағы жастар кеңестері мен комиссияларымен бірлесіп жас адамдарды кәсіподақ қатарына тартып, мәдени және спорт-сауықтыру іс-шараларын жүргізуде. Кейбір салалық, кәсіподақтар оқушылардың қызығушылығын арттыру және оларды қолдау үшін арнайы стипендиялар тағайындады. Жас еңбекшілерді кәсіподақ мүшелігіне тарту үшін ұйымдастыру жұмысын арттыру, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету және қолдау, білім, кәсіби тәжірибе, адамгершілікке баулу кәсіподақтардың басты қызметі болуы керек.

Республиканың экономика және әлеуметтік салалары мен аумақтық кәсіподақтардың өкілдері Қазақстанның еңбекші жастары форумының делегаттары мемлекеттік жастар саясатын, жастар арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, оларды кәсіподақ қозғалысына тарту, еңбек және әлеуметтік-экономикалық қорғауды қамтамасыз ету, кәсіби шеберлікті арттыру мәселелерін іске асыру жолындағы кәсіподақтардың жұмыстары мен әдістерін егжей-тегжейлі талқылауда. Мұның бір көрінісі Қазақстан кәсіподақтары өздерінің айрықша қызметтерінің шеңберінде шығып өзіндік жастар саясатын қалыптастыруында жатыр. Алайда жастар саясатын іске асыруға бағытталған жұмыстарда жаңа басымдықтар мен тетіктерді қалыптастыруды талап ететін, шешілмеген бірқатар түйінді мәселелер бар. Олар: жас еңбекшілердің өмірі мен қызметінің көкейкесті мәселелерін шешу билік құрылымдарында, ұйымдар мен кәсіподақ органдарының басшыларынан қолдау таба бермейді, жұмыс берушілер жас жұмыскерлерге қатысты еңбек заңнамасын бұзуға жол береді, олардың еңбек ақысын төлеуде кемсітушілік байқалады, кәметке толмаған жұмыскерлер үшін белгіленген кепілдіктер ескеріле бермейді. Бәрінен бұрын бұл еңбек және демалыс режиміне, еңбекті оқумен ұштастыратын жұмысшыларға қатысты; жұмыссыздар арасында, әсіресе, ауылдық жерлерде, жастардың үлесі жоғары орында. Жергілікті мемлекеттік органдар жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, олардың қол жеткізімді білім мен тұрғын үй алу мәселелерін шешуде жеткілікті көңіл бөлмейді. Жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар жұмыспен қамтамасыз етілуі екіталай.

Осы заманда көмір және кен-металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары, көлік, құрылыс ұйымдары мен өзгелері басты жұмысшы кәсіптерінің жетіспеушілігін

сезінуде. Оған себеп сол кәсіптердің жастар арасында қызығушылық тудырмауында және жас мамандарды даярлау, олардың біліктілігін арттыру жүйесінің нарықтық жағдайға сәйкес келмеуі.

Алайда қоғамдағы кәсіподақтардың жағдайы әлі де тұрақты болмай тұр. Қазіргі жағдайда кәсіподақтар алдында жаһандану үрдісі барысында туындаған өте күрделі міндеттер тұр. Жаһандану өз әсерін тек ұлттық экономикаға ғана емес, фирмалар мен кәсіпорындардың ішкі әлеуметтік-еңбек қатынастарына да әсер етуде. Оған қоса шетелдік компаниялар шетелдерде өндірістерін орналастыруда өз құрылымдарында кәсіподақ ұйымдарының құрылуына барынша қарсылық танытуда. Бұл жұмысшылардың өз мүдделерін қорғау мүмкіндіктерін шектеуде. Қазақстанға шетелдік капиталдардың келуіне байланысты шетелдік кәсіпорындарда еңбекшілер мен кәсіподақтар құқықтарын қорғау проблема болуда.

Жоғары оқу орындары, техникалық, және кәсіби оқу орындарының түлектерін еңбекпен қамтамасыз етудің жолға қойылған жүйесі жоқ. Қазіргі кезде мемлекет есебінен грантпен оқып бітіргендердің жартысы ғана қызметке орналасады. Өз қалтасынан төлеп оқығандардың үлесі 80% жетті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: *«Саяси ұйым үшін халық сенімінен асқан биік мәртебе болмақ емес... Халыққа шындықты ашып айту керек»* [7], – деген нұсқауын басшылыққа алып, кәсіподақтардың еліміздегі қоғамдық-саяси жұмыстың ең тиімді механизміне айналатын жетекшілік беделін ұдайы көтере беруге лайықты үлес қосуы керек. Ол үшін әлемдік дағдарыстың елдің экономикасы мен қаржылық секторына теріс әсеріне қарсы тұрудың тұрақтандыру бағдарламасына кәсіподақ мүшелерінің атсалысқандары жөн. Осы орайда өткен ғасырда Қазақстан мен Орталық Азия жастарының жалынды жетекшісі, шығыс жастарының ұйымдастырушысы болған белгілі қоғам қайраткері Ғани Мұратбаевтың еңбектерін үлгі ету артықтық етпейді. Ол өз басына дарыған жігер-күш пен ақыл-парасатын шығыс халқының кемел келешегіне бағыттады. Егер сарғайған тарих парақтарына көз салсақ, он бес жасар баланың аласапыран кезеңде мәртебелі де лауазымды ұйымның мүшелігіне қабылдануы тектен-тек болмаса керек. Тұла бойы қайсарлық, пен қайратқа, намыс пен жігерге, ойы ақыл мен парасатқа толы Ғани шығыс жастарының кемел келешегі үшін өмірін сарп етті. Бойында ұйымдастырушылық, шешендік, табандылық, әділдік, адалдық, шыншылдық, әлсіздерге қамқорлық сияқты асыл қасиеттер тоғысқан тұлға өнегесі ұрпақтарға үлгі.

2014 жылы қабылданған кәсіподақтар туралы заң еңбек адамының құқығын қорғауда кәсіподақ жүйесін нығайту, әлеуметтік әріптестікті күшейту және қақтығыстың алдын алу арқылы қамтамасыз етуге бағытталған. Кәсіподақтар туралы жаңа заң заңдық негізде еңбек қатынастарында ұжымдық шарттың рөлі мен маңызын арттырды және оның ережелерін бұзғаны және орындамағаны үшін жауапкершілік болатындығын ескертеді. Кәсіподақтар қызметінің тәжірибиесі көрсеткеніндей, жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелері әлеуметтік әріптестік арқылы сәтті шешіледі.

Елбасымыз атап көрсеткендей: *«Қазір біз тұ-*

рақтану кезеңіне өтудеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерді шешуде қол жеткізген табысымыз бізге жан-жағымызға үңіле зер тастауға, өткен жолымызды таразылауымызға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, өз жоспарларымызды түзеуге мүмкіндік береді», – деп өз тарихымыздың жан-жақты зерделеудің, зерттеудің келешек үшін маңызы зор екенін айқындайды [8]. Әрине, кәсіподақ қызметтеріндегі өткен тәжірибені бойға дарыту, озық өнегелі рухани мұраны жалғастыру арқылы ұрпақтар сабақтастығының тарихи үдерісі жүріп отырады. Мұндай үдеріссіз қоғамның өркеніетті елдер деңгейіне жетуі мүмкін емес. Жалпы қай ғасырда болсын, кәсіподақ қызметі қоғамдық пікірдің дұрыс өрістеуіне игі ықпалын тигізеді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан кәсіподақтары өз жұмыстарындағы шығындарға қарамастан жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау ісінде белсенді қызмет атқарды және атқаруда. Нарықтық экономика жағдайында еңбек және капитал қайшылығын шешу мәселесі мемлекеттің дамуындағы негізгі мәселелердің бірі болып саналады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье автор дает анализ деятельности профессиональных союзов Казахстана в течение XX века. Рассмотрены изменения в деятельности профсоюзов с момента обретения независимости Республики Казахстан. Приводится ряд практических рекомендаций.

In this article the author gives an analyze about professional union's work during the XX century It's considered changes of work professional unions since were been established as an in depend country and there's a range of practical recommendations.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чатыбекова К.К. Профсоюзы Казахстана в 20-е гг. XX в.: Траектория развития / Материалы Международной научно-практической конференции «Валихановские чтения - 12». Кокшетау, 2007. - 278 с. ҚР ОММ., 138 қ., 1 т., 55 іс, 1-4 бб.
2. Чатыбекова К.К. Основные направления деятельности профсоюзов Казахстана в 1926-1940 гг. // Поиск. - Алматы, 2008. - №1. - 169 с.
3. Казахстан кәсіподақ федерациясының XX съезі. www.fkkp.kz.
4. Мұқашев С. Кәсіподақтағы жастар ісі // Егемен Қазақстан. 2008 жылы 28-қаңтар.
5. Казахстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 жылы ақпан.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. - Алматы, 1997. - 256 б.
7. ҚР ОММ., 344-қ., 2-т., 28-іс, 7-п.
8. Устав Союза «Федерации профсоюзов Республики Казахстана» Раздел 1 //Становление и развитие социального партнёрства в Казахстане. Астана, 2002. 16-18 бб.
9. Жумабаев Б. Участие профсоюзных организаций Казахстана в социалистическом соревновании в сельском хозяйстве Казахстана (1954- 1970 гг.) / Сборник статей аспирантов. - Алма-Ата, 1990, - 171 с.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

Айнагүл ҚАЙЫПБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессорының міндетін атқарушы

Бүгінгі күні халықаралық саяси сахнада еліміздің егемен ел ретінде танылып, «Мәңгілік ел» идеясын жариялауының тарихи тамыры тереңде. Тарихтың түрлі кезеңінде еліміздің кең байтақ жеріндегі бабаларымыздың жеке шаңырақ көтеріп, мәңгілік тәуелсіз мемлекет құруға тырысқаны мәлім. Ол Түркі қағанаты замандағы «Мәңгілік ел» идеясынан байқалады. Дегенмен, қазіргі таңда әлемнің өркениетті елдері қатарынан көрінген еліміздің саясат пен экономика және әлеуметтік саладағы қол жеткізген зор табыстарының тарихи тамырларын ғылыми тұрғыдан негіздеп, «Мәңгілік ел» идеясының тарихи бастаулары мәселесін ашып, айқындау маңызды болып отыр.

Еліміздің егемендік алуы – қоғамның кез келген саласындағы түбегейлі өзгерістердің орын алуына жағдай жасады. Мұндай оң өзгерістер мен қарқынды даму тарихына да енді ғана 25 жыл толды. Осы бағдары айқын, дамуы тұрақты жылдар ішінде елімізде толағай табыстарға қол жеткізіліп, жаңа белестерді бағындыра алдық. Ал, **Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев** ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясының бүгінде ұлттық идеологиямыздың негізгі өзегіне айналып, қоғамның бірігуі мен елдің тарихи санасын қалыптастыра отырып, жаңғыртудағы орны ерекше. Сондықтан «Мәңгілік Ел» идеясының негіздерін, әлеуметтік саяси алғышарттарының қалыптасуын және Қазақ елінің ұлттық идеясына айналуын тарихи сабақтастықта зерттеп-зерделеудің маңызы өте зор. Елбасы: *«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Біздің ұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді»,* – деп қадап атты.

«Мәңгілік ел» идеясын айшықтауға Ұлт көшбасшысы **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты да негіз болды.** Сұхбат барысында қазіргі заманның ерекшеліктері мен ұлтымыздың бүгінгі көкейкесті мәселелерін тізбектеле келе, Елбасы: *«Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, біртіндеп Тәуелсіздікке барып тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз»,* – деп тұжырымдаған болатын [1, 6-7-б]. Ұлытау төріндегі сұхбат Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуының негізгі шынайы төрт кезеңін анықтап берді. Демек «Мәңгілік ел» идеясының тарихи бастаулары да дәл осы төрт кезең шеңберінде талдануы орынды.

Ұлы дала тарихын зерттеуші, түркітанушы ғалым **Лев Гумилев** «Каспий айналасындағы мың жыл» кітабында түркілер өздерінің ұлы мемлекетін «Мәңгілік ел» (Вечный эль) атағанын жазады [2]. Орхон жазуындағы «беңгу ел» сөзін қазақ ғалымдары **М.Жолдасбеков, А.Аманжолов,**

Қ.Сартқожаұлы «Мәңгі Ел» деп аударып келген. Кей ғалымдар «моңғол» этнос атауы емес, ол «мәңгі ел» сөзінен пайда болды деген тұжырымдама жасайды.

«Мәңгілік Ел» идеясының үш тұғыры – Түрік қағанаты мемлекетінің Күлтегін бітіктасында жария етілген саяси актісі (манифесі), әл-Фарабидің саяси-теориялық философиясы және Жүсіп Баласағұнның құқықтық мемлекеттік қағидалары. Сонымен қатар, ежелгі түркілердің дүниетанымы мен мемлекеттік идеологиясының дамуы «Мәңгілік Ел» идеясының әлеуметтік-мәдени және саяси алғышарттарын қалыптастырды.

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи бастауының тағы бір күрделі кезеңі сөз жоқ – түркі дәуірімен тығыз байланысты. Түркілер құрған мемлекет – сол замандағы империялық дәрежеге көтеріле алған күрделі саяси құрылым болған. Жужандарға бағына отырып, өзіндік даму жолын тапты және көршілес тайпаларды өзіне қоса отырып, геосаяси аймақтағы жетекші мемлекеттердің біріне айнала алды. Ал түркі қағандары болса ірі саяси көшбасшыларға айналып, өзге мемлекеттерді түркілердің мүддесімен санасуға мәжбүрледі. Түркі қоғамы – ортағасырлардағы өркениетке қол жеткізген адамдар жиынтығынан тұрды. Сол замандағы мемлекет тұрғындарымен салыстырғанда, біздің пікірімізше түркі қоғамын саяси санасы жетілген адамдар құрады. Оған дәлел кез-келген түркі мемлекеттерінің азаматтары бейбіт және соғыс уақыттарында өздерінің қағандарының сенімді көмекшілеріне айналып, өздерінің азамат ретіндегі мемлекет алдындағы міндеттерін адал атқарып отырды. Өйткені аса жауынгерлігі және батырлығымен аты жаһанға жайылған түркі азаматтары бейбіт уақытта отбасының істерімен шұғылданып, мемлекет қазынасын толтырушы салық төлеушілер болды [3]. Ал соғыс уақыттарында өзінен гөрі мемлекет мүддесін жоғары қойып, саяси белсенділік танытты. Мұның өзі түркі қоғамының саяси ынтымақтастығын көрсетсе керек. Уақыт өте империяға айнала алған түркілер құрған мемлекет – түркілердің шаруашылық жүргізуі мен шаруашылық түрімен тығыз байланысты. **Л.Гумилев Орхон-Енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда руникалық жазулар эпиграфиялық емес, публицистикалық сипатта деп тоқталған. Өз зерттеуінде ғалым «үш жазудың мәтіндері де түркілердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзін де ештеңемен бүркемелемей, халықты сендіргісі келеді. Ендеше, жазу – үндеу тұрғысында айтылған...»** [4]. Ендеше, «Мәңгілік Ел» идеясының үш тұғыры ретінде, біріншіден «Мәңгілік Ел» Түрік қағанаты мемлекетінің Күлтегін бітіктасында жария етілген саяси актісі – манифесі ретінде қарастыруға негіз болып табылады.

Екіншіден, «Мәңгілік Ел» – әл-Фарабидің саяси-теориялық философиясы. Ортағасырлық ойшылдың ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі

дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап кеткендігін баяндауға болады. Әл-Фараби «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндаған [5]. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігі. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркі тілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс.

Әл-Фараби мемлекеттің ішкі, сыртқы міндеттерін толық анықтап берген. Сыртқы міндеті – мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни, күшті қорғаныс ұйымдастыру. **Ішкі міндеті** – өз халқының бақытқа жетуі үшін мемлекеттің көрнекті шараларды іске асыруы. Олар – **әділеттілікті орнату, халықты оқыту, керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру**. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни, адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді [6]. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы Ұлы даланың жалаңтөс рухымен қалыптасып, Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығын құру идеясымен астасып, Қасым, Есім, Хақназар, өз-Тәуке, Абылай секілді ел басқарушы хандардың арманымен сабақтасып, бүгінгі Елбасының бастамасымен жаңа ойлау арқылы қайта түледі. Осы ұғымның аясында алаш ардагерлері армандаған ұлттық мақсат пен мүдде іске асып және алдағы тарихи уақыттағы ұлттық ұстанымдарымыз айқындалған. Мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесін, ұлт тәуелсіздігінің саяси және рухани темірқазығын бекітудегі тарихи сабақтастықты алаш идеясы сияқты жаңа сапалық сипатта жаңғырту орынды.

Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – елдің бірлігі. Осыған орай елбасы Н.Назарбаев халық алдына «Мәңгілік ел» идеясын ұсынып, оны жүзеге асыру тетіктерін «Қазақстан – 2050» стратегиясы арқылы көрсетіп берді. «Нұрлы жол» бағдарамасымен айқындап, 5 институттық реформаны іске қосатын «100 қадам» Ұлт жоспары бағыттарымен бағдарлады. Өйткені **«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы** – қазіргі қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және Қазақстанды ортақ Отан еткен ұлыстардың ұлттық идеяларына негізделген жасампаз идеология. Өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы басты мұратымыз «Мәңгілік ел» идеясын қайта жаңғырту арқылы Қазақ мемлекеті өзін баяғы Ұлы дала империясының мұрагері ретінде көне мемлекеттің дәстүрін жалғастырушы екенін анық байқатты. Расында біз, Елбасы айтпақшы, Ұлы дала елі санатында дүниені тітіреткен көшпенділер рухы мен өркениетін айдай әлемге жариялап отырмыз.

Еліміз егемендікке қол жеткізген соң халықаралық саяси аренада дамыған әрі бәсекеге қабілетті ел ретінде таныла бастадық. Қазақ жерін-

де сан ғасырлық мемлекеттілік үдерісінің заңды жалғасы ретінде егеменді ел атанған Қазақстан Республикасының алдағы уақытта да алар асуы көп болмақ. Оған себеп Елбасы Н.Назарбаев бабалар арманы болған, тамыры тереңге бойлаған мемлекеттіліктің негізі идеясы «Мәңгілік ел» бастамасын көтеруі. Өз сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы: *«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық»*, – деген болатын. Демек «Мәңгілік ел идеясы» – ХХІ ғасырда мемлекет ретінде орнығып, бәсекеге қабілеттілігі жоғары ел ретінде болашаққа бастайтын айқын бағдар. Ұлтымыздың жүріп өткен, мемлекет болып қалыптасу жолына мән берсек, тарихта ел басқарған бабаларымыз басқамен терезесі тең ел бола алған. Ғұн, Сақ, Үйсін, Қаңлы мемлекеттері, Ұлы Түрік қағанаты, Түркеш қағанаты, Шыңғыс хан империясы, Алтын Орда, Қазақ хандығы – осының бәрі біздің бабаларымыздың мемлекеттері. Сондықтан олардың үлгісі мен «Мәңгілік ел» болуға талпыныс жасап отырған егеменді еліміз арасындағы тарихи сабақтастықты тани білуіміз керек. **Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр.** «Мәңгілік ел» идеясы және оның негізгі мақсаты мен міндеттері алдымен өскелең ұрпақтың санасында берік қалыптасуы тиіс. Рухымыздың биік болуы – ұлт идеологиясының мәңгілік діңгегі. Сөз соңында, «Мәңгілік Ел» идеясының пайда болуы, қалыптасуы мен даму тарихын жастарға оқыту, жан-жақты түсіндіру, насихаттау мақсатында университетіміздің студенттеріне «Мәңгілік Ел» пәнін оқытуды ұсынамыз. Бүгінде бұл тәжірибе еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарында назарға алынып та үлгерген. Нәтижесінде жаңа қазақстандық патриотизм мен ұлттық құндылықтар негізінде тарихи сананы қалыптастыру, болашақта мамандардың білім деңгейін көтеру, кәсіби дағдыларын күшейту, қоғамның топтасуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттілікті нығайту сынды өміршең жетістіктерге қол жеткізе алар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлытау төріндегі толғаныс // Егемен Қазақстан. Жалпы ұлттық қоғамдық газет. - №165 (28389). – 26 тамыз 2014 ж. – 12 б.
2. **Бекежан Ө.** «Мәңгілік Ел» идеясының мәні. // ult.kz/4809/mangilik-el-ideyasynyn-mani/
3. **Қинаятұлы З.** Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары. Астана., 2001.
4. **Сыздықов С.** «Мәңгілік Ел» және Елбасы. // Егемен Қазақстан. 19 қаңтар, 2014 ж.
5. **Қабылдинов З.** Астана ақшамы. Тегі асыл ел тарихын түгендейді. -2014 жыл, 10 ақпан.
6. **Арынғазиева Б.Б.** Ғылыми білім беруде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде ойға ой қосуды қалыптастыру үрдістері. // [group-global.org/ru/publication/...](http://group-global.org/ru/publication/)

ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Сабырхан СЫМАҒҰЛОВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Адам баласының ғылыми дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыруда тарих сабағының мәні зор. Дүниені, дүниедегі құбылыстарды, өзгерістерді жан-жақты түсіну үшін өткен өмірімізді, тарих беттерінің өткен ерте кездегі кезеңдерін, ондағы құбылыстарды білуіміз керек. Тарихты білдіре отырып жастар санасында дұрыс дүниетанымды қалыптастырамыз. Тарихи оқиғаларды жаттанды түрде емес, ғылыми тұрғыдан, дәлелденген түрде түсіну қабілетін дамытамыз.

Тарих курстарының, демек, Қазақстан тарихының да сабақтарында оқылатын тарихи материалдардың бәрі дерлік тәрбиелік мақсатқа пайдалануға қолайлы. Өйткені тарих адамзаттың басынан өткізген тарихи-мәдени тәжірибесін, алдымен құндылықтарын оқытып, үйретуді мақсат етеді.

Жастарды тәрбиелеу мәселесі қазіргідей мемлекеттік деңгейде қолға алынып отырғанда бұл істе жоғары оқу орны шешуші орын алатыны белгілі. Бұған барлық пәндер, соның ішінде, әрине, бірінші кезекте тарих пәні қомақты үлес қосуға міндетті. Мұндай маңызды міндетті ойдағыдай орындау, әрине, алдын ала дайындықты талап етеді. Ол үшін оқытушы жаңа оқу жылының басында өзі сабақ беретін факультеттер анықталысымен мемлекеттік білім стандарты бойынша сонда оқытылатын тарих курстарының оқу-әдістемелік кешенін, силлабус және т.б. қажетті құжаттар мен оқу құралдарын сол факультет студенттерінің мамандықтарын, профилін ескере отырып дайындап алғаны жөн.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Сондықтан студент-жастардың бойында жоғарғы идеялық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеуде әрбір сабақтың мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануымыз керек. Жастар – қоғамның болашақ құрылысшылары. Қоғамның тағдыры солардың қолында. Ендеше, жас ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеу – аса маңызды міндет.

Тарих пәнінің тәрбиелеушілік мүмкіндігі өте мол. Өйткені ол бүкіл адам баласының ғасырлар бойы жинаған тәжірибесімен таныстырады. Тарихтан тағылым алу керек. *«Біз тарихи жадымызды жаңғырту арқылы ұлттық мақтаныш сезімін, қазақстандық отаншылдық сезімін орнықтырамыз. Тек науқаншылдыққа салынбау керек, қай жұмысты да шын кәсіби деңгейде, нағыз ғылыми негізде жүргізу керек»* [1]. Тарих пәні небір тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тарихи тұлғалардың халық үшін жасаған қызметін, ерлік істерін баяндайды, осылардың бәрі жастардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді, адамгершілігі жоғары, ізгі ниетті азамат болып қалыптасуына үлес қосады.

Қазақстанға жан-жақты білімді, өз халқының тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлайтын, ел үшін, оның бақытты келешегі үшін бар білімі мен күш-жігерін аямайтын нағыз отаншыл азамат керек. Осындай азаматты тәрбиелеп, қалыптастыруда тарих пәнінің маңызы өте зор. Тарих сабақтарында студенттердің дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптасады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке, отаншылдыққа, адамзат жасаған құндылықтарды құрметтей білуге тәрбиеленеді; эстетикалық, экологиялық, экономикалық және т.б. тәрбие алады.

«Отаншылдық сезімді орнықтыру қай заманда да, қай қоғамда да маңызды. Бұл, әсіресе, жас мемлекеттер үшін ерекше мәнге ие. Біз патриоттық тәрбие беруге көп көңіл бөлуге тиіспіз. Мұның бір қайнар көзі тарихты білу, одан тағылым алу, бабаларымыздың даңқты істері үшін мақтану екендігі анық. Солай ету керек те. Сонымен бірге тек тарихты малданып қана қалуға да болмайды. «Бүгін мақтанатыны қалмаған елдер өткенімен мақтанады» деген де сөз бар. Біз өткенімізбен де, бүгінімізбен де мақтанатындай ұлт болуымыз керек» [2].

Еліміз бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылуға ниеттеніп отыр. Ал бәсекеге қабілетті болудың ең басты шарттарының бірі – патриотизм рухы. Патриотизм – Отанын сүю, елі мен жерін құрметтеу, өсіп-өнген жерінің мәдени, тарихи құндылықтарын сыйлау, бар күш-жігері мен білімін Отан игілігі мен мүддесі үшін жұмсау. Туып-өскен жеріне, ана тіліне, өз халқының, елінің әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік адамдарда ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастаған.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2012 жылғы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: *«Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гәрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс»* [3], – деп атап көрсетті.

Біз Өнүран, Ту, Елтаңба секілді мемлекеттік рәміздерімізді мақтанышпен көрсететіндей деңгейге жетуге ұмтылуымыз керек. Мысалы, Түркия мемлекеттік туын қай жерден де көрінетіндей етіп іліп қояды. Америка Құрама Штаттарында да солай. Бұл олардың еліне деген патриоттық сезімінің жоғары екендігін, өз елін мақтан тұтатынын көрсетеді. Осындай үрдіс бізге де үлгі болса керек. Біздің елімізде де осы бағыттағы заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізілді, енді осындай үрдісті әрі қарай күнделікті дәстүрге айналдыру өзімізге байланысты. 2007 жылы Елбасы Жарлығымен 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күні болып белгіленді. Бұл – Мемлекеттік рәміздерге деген шынайы құрмет белгісі. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет – отаншылдық сезімнің аса бір жарқын көріністерінің бірі.

Жастарды қол жеткізген табыстарымыз арқылы да отаншылдық рухқа тәрбиелеуге болады. Қазақстан тәуелсіздік алған 25 жылдың ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Туған жерінің қол жеткізген жетістіктері жастарымыздың жүрегіне еліне деген құрметін оятары хақ. Олар да өз күш-жігерін, еңбегін Отанына арнауға ұмтылары сөзсіз.

Студент жастардың ұлттық сана-сезімін, отаншылдық қасиеттерін қалыптастыруда «Қазақстан тарихы» пәнінің атқаратын рөлі, маңызы аса зор. Ұлттық тарих – жастардың бойында отаншылдық сезімін қалыптастырады. Жастарды отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу абыройлы іс. Оны іске асырудың жүгі де

жеңіл емес. Ұлт тарихын меңгермеген жас маманның дүниетанымы, ой-өрісі, отансүйгіштік қасиеті оң қалыптасуы мүмкін емес.

Отан тарихы арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезімі, патриотизм сезімі қалыптасады. Тарих, бірінші кезекте Қазақстан тарихы идеологиялық ғылымның рөлін атқарып отыр. Отан тарихы – басты идеологиялық пән. Ал ұлттық идеология ең алдымен ана тіліне деген құрметтен, ата-бабаңның дәстүріне, тарихына деген ізеттіліктен, бүкіл ұлт болмысыңды қадірлегеннен, намыс-жігеріңнен туады.

Отанымыздың өткенін танып-білу – отансүйгіштік сезімді тәрбиелеудің маңызды факторы. Негізгі бағыт – жас ұрпақты отандық мәдениеттің озық дәстүріне сүйеніп биік азаматтық, отаншылдық рухта тәрбиелеу. Осы тұрғыдан алғанда жоғары оқу орындарында студенттерге Қазақстан тарихы пәнін жүйелі түрде оқытудың орасан зор маңызы бар деп білеміз. Жастарды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуде Отан тарихының орны мен рөлі ерекше. Себебі, өз елінің тарихын білмеген адамның рухы солғын, патриоттық сезімі төмен, идеалы күйкі болады. Ал, ел мен жеріне адал ұрпақты қалыптастыруда Отан тарихын оқытып-білдірудің маңызы зор.

Біздің ойымызша, кез келген мемлекеттіліктің өзегі отансүйгіштікке байланысты. Әрбір азаматымыздың ойында отансүйгіштікті дамытпай, «біз толыққанды мемлекет құрдық» деп айтуымыз қиын шығар. Бірақ жастарға қандай да бір нұсқау беру арқылы патриотизмді дамыта алмаймыз. Оларда өз қоғамына деген сенім болу керек. Сонда ғана бәрі дұрыс болады деп ойлаймыз. Негізгі патриоттық сезім адамның ойына, санасына, ақыл-өресіне, ерік-жігеріне тікелей байланысты нәрсе. Әркімнің патриотизмінің биіктігі – сол адамның ойлау жүйесіне тікелей байланысты. Патриоттық сезім – адамды өз қоғамының, өз мемлекетінің толыққанды азаматы ететін бірден-бір сезім.

Студент жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ батырларының (мысалы, Шырақ, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Малайсары, Баян, Сырым, Исатай, Махамбет, Б.Момышұлы, Т.Тоқтаров, Қ.Рысқұлбеков және т.б.) ерліктерін, қазақтың әйгілі билеушілерінің, хандарының, билерінің (мысалы, әйел ханша Томирис, Сұлу қаған, Жәнібек, Керей, Қасым, Хақназар, Тәуке, Абылай, Кенесары хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер және т.б.) өз елі, халқы үшін аянбай атқарған істерін сабақтарда жан-жақты көрсетудің маңызы өте зор.

Ұлтшылдық, отаншылдық – елі, жері, отаны үшін жанқиярлыққа бару. Бұл – табиғи сана. Сақ елінің жылқышысы Шырақ өз елін парсы жаулауынан сақтап қалу үшін өзін өлімге қиып, парсы қолын шөлейтке бұстан кіріп, сусыз қырғынға ұшыратты. Сақ елінің әйел ханшасы Томирис парсы патшасы Кирдің басын Сақ жерін жауламақ болғаны үшін алды. Көне түркілер елін, жерін қорғауда «Түн ұйықтамады, күндіз отырмады». Кенесары, Наурызбай да елі, жері үшін шейіт болған. 1986 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі де қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күресі еді.

Сөйтіп, әлемді тітіреткен Кирдің, Дарийдің, Македонскийдің жорықтары тығырыққа тіреліп, бірі алтын тәжді басын қалдырып, бірі тырағайлап қаша жөнеліп, үшіншісі «бұларды жаулау мүмкін емес» деп кері бұрылуға мәжбүр болған. Көне заманда да, орта ғасырларда да парсы, грек, араб және т.б. елдерден, негізінен оңтүстік-батыс жақтан келген жаулаушылар Орта Азия аймағын басып алса да, ешқашан Сырдария өзенінен өтіп қазақ даласын жаулап алмаған. Бұл сол замандағы ұрпақтың бойында

елге, жерге, Отанға деген терең сүйіспеншіліктің, махаббаттың күшті болғандығын көрсетеді.

Ақын Серік Тұрғынбектің өлең сөздерімен айтқанда, біздің батыр ата-бабаларымыз:

*Арғы тектен ат үстінде – тұрағы,
Айқастардан алып шыққан Ұраны.*

*Көкті түріп, көк найзаның ұшымен,
Көк туында – көлбеңдеген қыраны.*

Суға батпай,

Отқа салса – күймеген.

Жерін сатпай,

Жауына бас имеген!

Өзі келіп тиіскенді оңдырмай,

Өздігінен жан адамға тимеген [4].

Президент Н.Назарбаев өзінің Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде «*Біз – ежелден ер деген даңқы шыққан халықтың ұрпағымыз. Біз – ел бірлігі жолында әрқашан намысын бермеген халықтың ұланымыз*» [5], – деп атап көрсетті.

Сонымен қатар Қазақстан тарихы сабақтарында және сабақтан тыс уақытта өлке материалдарын, архив деректерін, тарихи-мәдени мұражай құжаттарын жүйелі пайдалану студент-жастардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра түседі. Еліміз ауқымында ежелден пайда болып, қалыптасқан мәдениет ескерткіштері туралы мәліметтер, тарихи жырлар, ауыз әдебиетінің басқа да үлгілерін пайдалану тарихи сананы қалыптастырып, жастардың ұлтжандылық сезімін оятады.

2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мемлекетіміздің рухани және білім саласындағы дамуының, мәдени мұраны сақтау мен тиімді пайдаланудың негізгі құжатына айналды. Атқарылған ауқымды жұмыс халқымыздың аса құнды тарихи жәдігерліктерін қалпына келтіруге, оларды белсенді қоғамдық үрдістер саласына қосуға, классиктер еңбектерін сан мыңдаған таралыммен шығаруға мүмкіндік берді.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты жөңделген ескерткіштер мен табылған қолжазбалардың саны емес, оның түпкі мәні – өз Отанын шын жүректен сүйетін, өз елінің тарихына құрметпен қарайтын қазақстандықтардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға жағдай жасау.

Елбасы өзінің 1997 жылғы Жолдауында «*Мен өзіме 33 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанның қалай елестетемін? Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді... Олар күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады*» [6], – деп келешек ұрпаққа зор сенім артып отыр.

Біз ұлтты ұйытатын отаншылдықты дәріптеу, кіндік қаны тамған жерді сүйеге баулу жолында үгіт-насихатты, тәлім-тәрбиені өрбіткеніміз мақұл. «...*Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз*» [7].

Елбасы «Қазақстан – 2030»: Қазақстан халқына Жолдауындағы «Ұлттық қауіпсіздік» деп аталған бірінші ұзақ мерзімді басымдығында «*Бізге деген ниеті теріс күш иесі өзінің, оны қолданбақ әрекетіне немесе қатер төндіруіне қарсылық көрсетілетінін алдын ала білуі үшін біз әлемге бірлігіміз бен тәуелсіздікке деген ерік-жігерімізді, азаматтығымыз бен отансүйгіштігімізді паш етуге тиіспіз*» [8], – деп атап көрсетті.

Еліміз тәуелсіздігінің 15 жылдығы қарсаңында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы» деген ең алдымен жастарға арналған кітабы шықты. Бұл кітаптың басты құндылығы – жастарды отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеуде маңыздылығы. Кітаптың

соңғы абзацы ізгі тілекке ұласқан. «Өз Отандарыңды сүюге, қорғауға тілектеспін. Елімізді қорғап, бір-бірімізге көмектессек және бірлікшіл болсақ, кез келген сыннан сүрінбей өтеміз деп білемін», деген сөздер әрбір қазақстандықтың, әрбір жас азаматтың жүрегіне жетер деген ойдамыз.

Ел болашағы өткенімен жасампаз. Артымызға қарап тарихтан сабақ алып, алдымызға қарап келешегімізді болжайтынымыз белгілі. Жастардың ел ертеңіне жауапкершілікпен қарауы ел тарихын, ұлт тарихын қаншалықты білетіндігіне тікелей байланысты екенін ескерсек, еліміздің тәуелсіздік тарихын болашақпен үндестірген аталмыш кітаптың өскелең ұрпақ үшін құнды мұра болары сөзсіз.

Елбасы айтқандай «Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп, өркен жаятын болады. Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс. Өз еліне пайдасын тигізу, өз Отанының тағдырына жауапты болу – ...әрбір қазақстандық үшін парыз және абырой» [9].

Осы ойларымызды тұжырымдай келе айтарымыз: біздің алдымызда өз Отанын жанындай сүйетін, ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді қастерлей білетін елжанды, ұлтжанды, патриот азамат қалыптастыру міндеті тұр және ол ешқашан күн тәртібінен алынбақ емес. Отан, халық мүддесін бірінші орынға қоятын, елі мен халқының келешегі үшін бар күш-жігері мен білімін аянбай жұмсайтын Қазақстанның белсенді

азаматтарын тәрбиелеу бүгінгі күннің басты міндеті.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются пути и способы реализации воспитательной функции отечественной истории в процессе обучения студентов.

This article is devoted to ways and methods of realization of educational function of National history in the process of students educating.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық. – Ана тілі, 5 маусым 2008 ж.
2. Бұл да сонда.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 ж. – Айқын, 15 желтоқсан 2012 ж.
4. Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан 2006 ж.
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандық жол: тұрақтылықтан – жаңару арқылы – өркендеуге. ҚР тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінен. – Егемен Қазақстан, 16 желтоқсан 2006 ж.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. А., 2001. 29-б.
7. Бұл да сонда, 37-б.
8. Бұл да сонда, 38-б.
9. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 ж. – Айқын, 15 желтоқсан 2012 ж.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 25 ЖЫЛ: сындарлы кезеңдегі әлеуметтік мәселелер

Зәмзәгүл ШАХАМАН,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
қашықтан оқыту факультетінің деканы

Еліміз ширек ғасырлық тәуелсіздігін атап өтті. Оның қайнар бұлағы – Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығы. Бүгінде еліміз жер көлемі жағынан әлемдегі ең ірі 10 мемлекеттің қатарында тұр. Қазақстан қазба байлықтары, азық-түлік пен астық өнімі жағынан өзін-өзі қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар шикізат байлықтарын сыртқы экспортқа шығарады. Азияның дамып келе жатқан басқа елдеріне қарағанда халқымыздың білім деңгейі әлде қайда жоғары, басым бөлігі екі тілді меңгерген, кем дегенде орта білімі барлар.

Ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық тарихындағы Қазақстанның сыртқы саясатындағы жетістіктері баршаға мәлім. Қазақстан Республикасы әлемге тұрақты, демократиялық құндылықтарға бет алған ел болып танылды. Әрине, бұл жетістіктерге еліміздегі ұлтаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты қатты қадағалап отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендік саясатының арқасында қолымыз жетіп отыр. КСРО құлдыраған соң саяси және экономикалық дағдарысқа ұшыраған қоғамымыздағы коммунистік идеалға деген жоғалған сеніммен қатар ата бабаларымыздан мұра боп қалған ар, намыс, ұят, қайырымдылық сияқты құндылықтарымыз әлсірей бастады. Ұлттық құндылықтардың орнын батыс пен араб мемлекеттерінен келген халқымызға жат мәдениеттер

мен дәстүрлі емес діни ағымдар баса бастады.

Негізгі XX ғ. ұжымдық идеологиялардың дәуірі болды. Социализм, большевизм, фашизм мен коммунизм ілімдері кең тарап, оны ұстанған партиялардың Алмания, Италия, Испания, Ресей, Қытай және тағы басқа елдерде үкіметтік билікке келуі осының дәлелі. Осы идеологиялардың салдарын басынан өткерген батыс елдері екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеке адам бостандықтарын қорғайтын демократиялық қоғам құруға тырысып, бүгінгі таңда үлкен жетістіктерге жетіп, көш бастап отыр. Алайда, демократиялық құндылықтарды жариялай келе, Еуропа елдері бүгінде Шығыстан ағылып жатқан мигранттар тасқынына тосқауыл қою үшін заңды тәсілдерді іздестіріп жатыр.

Тәуелсіздігін жариялаған кезде жас мемлекетіміздің алдында шешімі қиын бірқатар күрделі мәселелер тұрды. Бірінші, өкіметтік билікке партиялық ескі элитаның орнын жаңартуды қарқынды жүргізе алатын жаңа, жас буын келуге тиіс еді.

Екінші, КСРО құлағаннан кейін, 15 тәуелсіз ел пайда болды. Осыған байланысты мемлекеттік шекараны айқындау мен қатар оларды көрші елдерге және бүкіл әлемге ресми түрде мойындату мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Дүниежүзілік тарихтағы тартыстар мен қақтығыстарды былай қойғанда,

қазіргі таңда ТМД елдерінің арасында да шекара мәселесінде келіспеушіліктер бар. Оның дәлелі: Украинаның бөлігі болған Қырымның Ресей құрамына енгізілуі, Әзірбайжан мен Армения арасындағы Таулы Қарабақ, Молдовадағы Приднестровье мәселесі, Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы Унгар-Тоо үшін тартыс.

Үшінші, елді жайлаған жұмыссыздық қарапайым халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне әкеп соқты. Аймақтар арасындағы, қала мен ауылдың арасындағы әлеуметтік айырмашылықтардың ұлғаюы – осының бәрі әлеуметтік мәселелердің шиеленісуіне әкеп тіреді. Заманға сай қоғамдық сананы қайта құрып, «орта тапты» қалыптастырып, біздің жұмысшыларды шетел компания қысымынан қорғайтын әлеуметтік саясаттың жаңа моделінің қажеттігі туындады.

Төртінші, көпұлтты қоғамда ескі идеологиялық құндылықтар шайқалған кезде ұлты, тілі, діні, ділі әр түрлі азаматтарды біртұтас боп біріктіретін, қоғамдық келісімге тірек бола алатын бас идеяны ресми түрде қабылдап насихаттау мәселесі өте маңызды болды. Әсіресе, ел болашағы жастарды ұлттық құндылықтарға жат жолға түсірмеу үшін, өмірде дұрыс бағыт-бағдар беретін идеалға, идеяға сұраныс туды.

Бесінші, XX ғасырдың 90-жылдары славяндардың сыртқы миграциясы мен шетел қазақтарының тарихи отанына оралуы нәтижесінде республика тұрғындарының ұлттық құрамы мен тіл ахуалы өзгеріп, қазақ балаларын мемлекеттік тілде оқытатын мектептерді салу мен осыған байланысты білім беру саласын жетілдіру мәселесі пайда болды. Білім берудегі бұрынғы Кеңестік жүйенің жаңа дәуірдің талабы мен мақсаттарына сай емес екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Сондықтан білім саласында жаңа реформалар жасалып, ертеңгі күннің азаматтарын дайындау міндетін шешу қажет болды.

Алтыншы, бас көтерген діни радикализм мен экстремистік ағымдардың жастардың ақыл-ойларын жаулап алуына жол бермеу, ұлтаралық және діни келісімді сақтап қалу мәселесі.

Жетінші, Кеңес өкіметінің көші-қон және тіл саясатының мұрасы боп сақталып келген қоғамның барлық саласындағы орыс тілі мен оған негізделген мәдениеттің біртұтас бөлігінің үстемдігі жағдайында қақтығыс төл мәдениетті қайта өрлету мен дамыту мәселесі өз шешімін күтті.

Өтпелі кезеңнің басты мәселесі реформалардың бастапқы кезінде әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нашарлауы болатын. Өндіріс тоқтап тұрғанда, қаржы тапшылығы жағдайында әлеуметтік салаға көңіл бөлуге мүмкіндік болмады. Барлық одақтас республикалар қатарында жетпіс жыл бойы КСРО қорына құйған миллиардтардан Қазақстан одақ ыдыраған соң өз үлесін ала алмады. Алтын және гауһар тас қорлары 1992 жылы бірақ құрылды. Осының кесірінен де реформалар қатал жүргізіліп, олардың әлеуметтік салдары халыққа ауыр тиді. Осындай жағдайларға байланысты ол кезде халық өткен шақты сағынышпен еске алып, депрессивті көңіл-күй кешті. Уақыт өте келе әрбір жан отбасының тұрмысын ойлап, үкіметке үміт артпай, өзіне жиған-терген тиын-тебеніне сенуі керек екеніне әбден көзі жетті. Өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына шыдамағандар Қазақстанды тастап, басқа елге кетті. Өтпелі кезеңдегі ауыртпалыққа тәуекел қылғандар кіндігінің қаны тамған туған елінің топырағын қимай, «не көрсек те халқымызбен бірге көрейік», «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп, еліміздің бүгінгі гүлденуіне аз да болса өздерінің үлестерін қосты.

Президентіміз Н.Назарбаев Қазақстандағы жүзеге асырылған реформалардың бас сәулетшісі болды. Тәуелсіздігіміздің сындарлы жылдарында тоғыз премьер-министр ауысты: Ұзақбай Қараманов, Сергей Терещенко, Әкежан Қажыгелдин, Қасымжоларт Тоқаев, Нұрлан Балғымбаев, Иманғали Тасмағамбетов, Кәрім Мәсімов, Даниял Ахметов, Серік Ахметов. Елбасы олардың әрқайсының алдына нақты мақсаттарды қойды. Отыз жыл елімізді басқарып келген Нұрсұлтан Назарбаевтың қиын кезеңде Қазақстанның солтүстік, солтүстік шығыс аймақтарында славяндардың саны қала түгіл ауылды жерде басым болғанның өзінде еліміздің біртұтастығын сақтап қалуда қосқан үлесі орасан зор. Партия жетекшісі ретінде саяси жолын бастаған президентіміз шынайы Елбасы атағына лайықты екенін өзінің даналығымен, ел басқарудағы ісімен дәлелдеді. Батыс пен Шығысты біріктіретін еуразияшылдық идеясының тұсында Қазақ-Ресей қатынастары, әсіресе, шекаралық аймақтардың ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді.

Шыны керек, жоғарыда аталған еліміздің алдында тұрған күрделі мәселелер Үкімет назарынан тыс қалған емес. Бүгінде мемлекеттік бағдарламалардағы көздеген іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Мысалы, миграциялық саясат мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуының нәтижесінде Қазақстан Израиль тәрізді реципиент (қабылдаушы) мемлекетке айналды. Жиырма бес жылдың ішінде отанына бір миллионға жуық қазақ оралды [1], солардың қатарында ғалым Хасен Оралтай, құқықтық реформаның негізін қалаған заңгер Нағашыбай Шайкенов, опера артисі Майра Керей, атақты биші Шұғыла Сапарғалиқызы, 2008 жылғы Олимпиада чемпионы, боксшы Бақыт Сарсекбаев сияқты есімдері әлемге танымал адамдар бар. Бүгінде шамамен алғанда еліміздегі азаматтардың оннан бірі – шетелден Отанына оралған бауырларымыз. Қазақстан Үкіметінің қабылдаған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында том-том еңбек жинақтары баспадан шықты, мұрағат қорларынан алынған қазақ тарихына қатысты тың деректер жарияланып, халқымыздың рухани игілігіне айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім, Реформалар, Даму» деген Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында жаңа әлеуметтік саясат туралы: «Серпінді экономикалық өсім көптеген жылдар бойы бізге белсенді әлеуметтік саясат жүргізіп, адамдардың өмір сапасын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берді. Барлық жаһандық дағдарыстардың теріс ықпалына байланысты экономикамыз тап болған бүкіл қиындықтарға қарамастан, біз әркез қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырып келдік. Он жылда әлеуметтік салаға мемлекеттік шығындар нақты көрсеткіш бойынша 3 есеге жуық өсті. Әлеуметтік сала мен мемлекеттік басқаруда жұмыс істейтіндердің саны 1,2 миллион адамнан асады. Мемлекет жәрдемақы мен төлемдердің үлкен көлемін қамтамасыз етуде. Оларды 1,5 миллионнан астам азамат алады», – деген болатын [2].

U.S. News баспасының мәліметтері бойынша, Қазақстан алпыс озат елдердің рейтингінде елу бесінші орынды иеленген [3]. Рейтинг мынадай көрсеткіштер бойынша белгіленеді: туризм, мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі, инновациялар, мәдени мұра, экономика қарқынының дамуы, халықтың өмір сүру деңгейі, әлемдегі беделі, орны және кәсіпкерлікпен айналысуға тиімді жағдайлар жасалуы.

Қорыта келе айтпағымыз, әрине, бұл – әлемнің Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі жетістіктерін мойындауы. Алайда, сарапшылардың пікірі бойынша, Қазақстан экономикасының өсуі мұнай өндірісіне негізделген. Алдағы уақытта еліміз мұнай өндіру саласымен шектеліп қалмай, иновациялық экономиканы жандандыруға қол жеткізуі керек.

РЕЗЮМЕ

В статье дан анализ состояния Казахстана после распада СССР. Выявлены основные проблемы, которые надо было незамедлительно решить. А именно, смена элит, сохранение территориальной целостности, падения уровня жизни людей, компенсация миграционного оттока, поиск объединяющей идеи, возрождение национальной культуры, противостояние религиозному экстремизму. Кратко обозначены адекватные «ответы» на эти вопросы.

The article analyzes the state of Kazakhstan after the

Soviet collapse. The main problems that had to be solved immediately. Namely, a change of elites, the preservation of territorial integrity, falling living standards of people, compensation migratory outflow, search unifying idea, the revival of national culture, opposition to religious extremism. Briefly marked adequate “answers” to these questions.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанға 1 миллионға жуық этникалық қазақ қоныс аударды. <http://ult.kz/post/tauelsizdik-zhyldary-kazakstanga-1-millionga-zhuyk-etnikalyk-kazak-konys-audardy> Ұлт: тәуелсіз интернет басылым. 14/11/2016 16.41

2. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім, Реформалар, Даму» халыққа Жолдауы. <http://ortcom.kz/program/program-statenationpreskaz30112015/text/show>

3. Казахстан занял 55-е место в рейтинге лучших стран мира https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-zanyal-55-e-mesto-v-reytinge-luchshih-stran-mira-2876271. 21.01.2016.

Оқырман ойы, пікірі

ШЫҢҒЫС БАБАМЫЗҒА НЕГЕ ҚҰРМЕТ ЖОҚ?

Білге қаған табғаштардан жеңіліп (584 ж.), Ұлы Түрік қағанаты ыдырайды. Пайда болған вакуумде қытайлардың бодандары болып империя екіге бөлінеді: Шығыс түркі қағанаты, Батыс түркі қағанаты. Қытайлардың «Цань ши» (іштен құртша кеміру) саясатының салдарынан түркі тайпаларының арасында соғыс өрті толастамады. Бақталастық, тақталастық басылмай, пайда болған мемлекеттердің ғұмыры ұзаққа созылмай, соғыс пен бейбітшілік бір-бірін алмастырып тұрды. Вакуумды толықтырғандардың бірі – Ұйғыр қағанаты (түркілердің ұйғыр мемлекеті, 742-847 жж.). Қағанат экономикалық дамуда, егіншілік, сауда, мәдениет, білім беру салаларында недәуір жетістіктерге жеткен болатын. Оның алғашқы билеушісі Шигянның (қытай транскрипциясы) ұлы Жошының (Пуса) есімі, ерлігі мен жажүректігі тарихта өшпес із қалдырды. Оның жасаған ерліктері ел ауызында аңызға айналды. Өзінің «Түркі шежіресінде» Шәкәрім Құдайбердіұлы: «... біз Ойғыр Отанынан шыққан елміз. Бұл Ойғыр деген бірігіп қосылған деген мағынада ... Сол ойғырдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керейіт, дулат, үйсін деген тайпалар шығып, солардың нәсілінен шыққанбыз».

Білге қағаннан кейін түркі тайпаларының басын біріктірген – Шыңғыс хан. Көрші тайпаларды біріктіріп, орталықтандырған мемлекетін құрып, әскери жетістіктермен көзге түскен Моңғол ханы Тимүжін 1206 жылы өзіне қосылған тайпалармен бірге құрылтай өткізді. Ең сенімді 95 ноянына мыңбасы лауазымы таратылып берілді. Әскер үшке бөлініп, қанат басшылары тағайындалды, жеті ноян әр түрлі аймақтар мен қызметтердің иесі атанды. Жаңа мемлекеттің аты «Еке моңғол ұлысы» (Ұлы Моңғол елі) болып қабылданып, «Йаса» әскери құқықтық заңдар жинағы жария етілді. Осы тарихи оқиғадан кейін әлем мемлекеттің атын «Моңғол елі» деп таныды, Қытай «Татар елі» деп атады. Тимүжіннің «Шыңғыс хан» деген лақап аты осы құрылтайда қабылданды.

Шыңғыс хан – тарихи тұлғалардың ішіндегі ұлы данышпандардың бірі. Оны бүкіл әлем мойындап, БҰҰ-ның ЮНЕСКО ұйымы 2000 жылы оған Дүниежүзі бойынша «екінші мыңжылдықтың ең үздік адамы» деген атақ берді. Кеңес заманында Шыңғыс ханды «жауыз», «қанішер», «қиратушы» деген көзқарас таратылды. Шыңғыс ханға қатысты көптеген деректер бұрмаланды. Оның дұрыс емес екенін бүкіл адамзат мойындап келеді. Бұл большевиктердің пан-тюркизммен, панисламизммен күресуі үшін ойдан шығарған лақап еді. Коммунизм идеологтары Кеңес Одағына кіретін түркілердің Шыңғыс бабамызды арқау етіп, бірігуінен қорқатын. Тарихшылардың жазуынша, Шыңғысқа кейбір тайпалар өз еркімен қосылды, екіншілері қарсылық көрсетіп, қарудың күшімен қосылды. Мемлекетті құру, біріктіру оңай іс емес. Мысалға, Орталық Азияның соңғы 330 жылғы тарихын алайық. Түркі республикаларына тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Алдау-арбау да, қанды шайқастар да, ұлт-азаттық күрес те болды, аштық пен геноцидтің де дәмін таттық. Тіпті 1986 жылғы көтерілістің құрбандарының саны әлі де беймәлім. Ақын Жұбан Молдағалиев бірігу мен ажырасудың құнын былай береді: «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген». Бату ханның ұрпақтары құрған Мәскеу мемлекетінің озбырлығын толығымен көрдік. Айта кету керек, жемқорлық сол заманда басталған. Мәскеу князьдары Алтын Орда билеушілерінен жасырын ұрлап алған салық бөлігінің көмегімен, Ұлы Ресей империясын құрды. Шыңғыс заманында қазақ, қырғыз, өзбек, бадахшан, тәжік, қарақалпақ, бурят, қалмақ этнонимдері белгілі болса да, ұлттардың аты болмайтын. «Бөліп ал да, билей бер» саясатына көшкен қызыл комиссарлар 1920 – 1934 жж. бір кезде бір шағатай тілінде сөйлеген халықты «қазақ», «қырғыз», «өзбек», «қарақалпақты» жаңа ұлттар деп жариялап, бөлшектеп тастады. «Ұлттық межелеудің» көмегімен азаттық үшін күрескен «басмашыларды» талқандады. Совет мемлекеті құлағаннан кейін шекарадағы «темір шымылдық» ашылып, бізде

Шыңғыс ханды басқа қырынан тани бастадық. Қият (боржігін), татар, керейіт, найман, жалайыр, ұйғыр, қарлұқ, меркіт, олхонут, қоңырат, қырғыз, басмыл (арғын), т.б. тайпалары бір тілде сөйлеген. Ол көне түркілердің сөйлеген тілі – көне түркі тілі, көне ұйғыр тілі.

Шыңғыс ханның заманында қазіргі моңғол тілі болмаған. Орталық Азияда тұрған түркі-моңғол тайпалардың бәрі түркі тілінің диалектерінде сөйлеген. Бастапқыда Моңғол империясының негізгі діні тәңіршілдік болатын. Уақыт өте ұлан-ғайыр Моңғол империясына жаңа діндер келді. Империя ыдырағаннан кейін, ислам мен буддизм (ламаизм тармағы) бұрын ұқсас тілдерде сөйлеген халықтардың лексикасын өзгертті. Қазіргі моңғол тілі XVI ғасырда пайда болды. Қазіргі түркі тілдері де араб пен парсы сөздері енгендіктен өзгеріп, көне түркі тілінен ерекшеленетін болды. Яғни, қазіргі моңғол тілі Шыңғыс хан өлген соң үш ғасырдан кейін қалыптасты. Шыңғыс хан жаздырған «Алтын дөптерді» қазіргі моңғолдар оқи алмайды, оны тек көне түркі тілін білетіндер ғана оқиды. Басқа мысал: Шыңғыс хан кеңсе жұмысына көп көңіл бөлген. Әрбір жиын, жиналыстың хаттамасын және өзі атқарған жұмыстарының іс-қағаздарын ұқыпты жүргізіп отырған. Бұл іспен ұйғырлар айналысқан. Яғни, хаттаманың бәрі түркі тілінде жазылған. Шыңғыс ханның заманында моңғол мен түркілер бір халық болған. Көне түркі тілі (таста қашалған «Күлтегін жыры», орхон-енісей тілі) мен Шыңғыс ханның іс қағазын жүргізген тілдің айырмашылығы шамалы. Көрші тайпалардың сән-санасы бірдей, тілдері ұқсас болған. Өйткені көшпелі тайпалар бір-бірімен тілмашсыз сөйлескен. Бір-біріне қыз беріп, келін алып, «төсекте басы, төскейде малы» қосылған. Қият руынан шыққан Шыңғыстың анасы Оэлуң олхонут (уақ) тайпасынан, бейбішесі Бөрте – унгират (қоңырат) тайпасынан, екінші әйелі Құлан – меркіт (керей) қызы, үшінші Гүлбасу – найман, төртінші және бесінші әйелдері Есуқат пен Есулан татарлар, келіндері – бүгінгі қазақ халқының құрамына кіретін рулардың өкілдері болған. Шыңғыс ханның, балалары мен немерелерінің тұсында ірі мемлекет қайраткерлері түгелдей түркі текті, яғни түркі тілінде сөйлеген. Арғун аға, Мұқалы, Жамуқа – жалайыр, Шыңғай мен Бұлғай – керейіт, Тататұңға мен Кетбұқа – найман, Найаға – сіргелі, Сызған-Құтқа – татар, Борашы – арғын, Өртөбе – дулат, Көргіз – ұйғыр. Батырлары: Саба, Жебе, Сүбетай, Желме, Бала, т.б. – жалайырлар, Бөрікүл – үйсін, Шормқан – тама, Кетбұға – найман, Күй-Темір, Қадақ-Баһадүр – керейіттер, т.т. Осылардың барлығы – Шыңғыс әулеті қай тілде сөйлегенінің бұлтартпас айғақтары. Аталған рулардың түгелі негізінен, қазақ рулары. Шыңғыс хан ту көтерген кезден кейін, «Моңғол» даласында оның қол астында болған 25 ру – тікелей біздің бабаларымыз. Тіпті Шыңғыс ханның мөрінің беті түркіше жазылған.

Тарихта «моңғол» түбіріне байланысты үш мемлекет белгілі: Орталық Азиядағы Моғолстан, Үндістандағы – Ұлы Моғолдар империясы және қазіргі Моңғолия. Осылардың бәрінің аты Шыңғыс хан империясына байланысты қойылған. Біз Шыңғыс хан мемлекетінің мұрагерлеріміз дейтіндер жеткілікті, олардың ішінде қазақтар да бар. Қазақ хандығы Моғолстаннан басталған, Моғолстанның жерінің үлкен бөлігі бүгінде тәуелсіз Қазақстанның құрамына кіреді.

Кеңес Үкіметі орнағаннан кейін, түркі республикаларында төрелер мен қожалар «классовое сословие» жарияланып қуғынға ұшырады. Төрелер қашып, қоныс аударып, руларын жасыруға

мәжбүр болды. «Қызыл жағалардың» қолдарына түскен төрелер отбасыларымен бірге жер аударылып, зоналардан тірі оралмады. Бүгінде «төреміз» дейтіндер кең байтақ Қазақстанның әр аймақтарында тұрып жатыр. Кейбіреулері ата-бабаларын Шыңғыс ханға дейін таратып бере алады. Шыңғыс ханның ұрпақтарымыз деп санайтындардың ішінде қият пен барлас руларының өкілдері бар. Төре, қият, барлас рулары қазақ халқының ажырамас бөлігі болғандықтан, Шыңғыс хан – барша қазақтың бабасы. Орыс айтты деп неліктен Шыңғысты «шапқыншы» жариялаймыз. Шыңғыс ханды, моңғолды «жау» жариялау – мақсатты әрекет. Түркі-моңғолдардың бірігуін болдырмау үшін Ресей мен Қытай билеушілерінің ойлап тапқан әрекеті. Түркі-моңғолдарды өздеріне жау санаған ұлы держава идеологтары, оларды бөлшектеп, әлсіретуге көп күш жұмсады. Халықты құрту үшін, оны жадынан, тарихынан, рухынан, санасынан айыру керек. Бұл істе бүкіл түркі-моңғолдарға арқау болып тұрған Шыңғыс бабамыздың есімі кедергі болды.

Шыңғыс хан туралы дау-дамай әлі күнге дейін тоқтаған жоқ. Темужиннің туып-өскен жері, қай тайпаға, қай руға жататыны, империяны құру жолдары мен жорықтары бізге маңызды емес. **Маңыздысы мынау:** қазақтар – Шыңғыс ханның мұрагерлерінің бірі. Хандарымыз – Шыңғыс қағанның бел ұрпақтары. Ата-ананы таңдамайды дейді. Қандай кемшіліктері болса да, Шыңғыс хан – біздің бабамыз. Бабаларды да таңдамайды, ал бабалар туралы білу – әр пенденің борышы.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болды. Ресей тарихшыларының ұлы бабамызға жаққан қара күйесінен арылатын мезгіл жетті. Бүкіл әлем мойындаған бабамыздың есіміне лайықты құрмет көрсету – біздің қасиетті борышымыз, әрі міндетіміз. Шыңғыс ханға Моңғолияда, АҚШ-та, Қытайда, Ұлыбританияда зәулім ескерткіштер орнатылған. Шыңғыс ханның балауыз мүсіндік бейнесі ұлы тұлғалардың қатарында Санкт-Петербург мұражайында тұр. АҚШ пен Қытайда көрермендердің жоғары бағасына ие болған Шыңғыс хан туралы көркемсуретті фильмдер қойылды. Белгілі Ресей жазушысы Янчевецкий В.Г. бірнеше романдарын Алтын Орданың тарихына арнады. Алтын Орда – біздің халқымыздың алтын тарихы. Қазақстан – Жошы ұлысы, Моғолстан, Көк Орда мен Ақ Орданың мұрагері. Ендеше неге әлемді жаңғыртқан данышпан Шыңғыс бабамыздың құрған мемлекетінің тарихын тереңінен зерттеп, болған оқиғаларға әділ баға бермеске. Дәл бүгінгі күні метрополия не дейді деп қорғалақтайтын жағдайдан арылды. **Шыңғыс бабамыз түркі-моңғолдардың ұлы ұйымдастырушысы, біріктірушісі ретінде еліміздің тарихында лайықты орын алуы тиіс.** Барлық елдерде тарихи тұлғаларының атымен қалаларды атайды, ескерткіштер қояды, көшелердің атын береді. Ұлы Шыңғыс бабамызға мақтан тұтар құрметіміз қайда? Кең байтақ Қазақстанымызда Ресей тұлғаларына арналған елді-мекендер де, көшелер де жеткілікті. Тіпті, қанішер Ермақтың аты әлі күнге дейін қалаларымыздың көшелерінен кездеседі. Тәуелсіздігімізге 25 жыл болды. Халқымыздың санасында отаршылдық заманда қалыптасқан стереотиптерден арылатын мезгіл жетті. Тарихи тұлғаларымызға тиісті құрмет көрсете білейік. Бұл болашақ ұрпақ үшін, еліміздің келешегі үшін, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін өте өзекті мәселе.

Амангелді ЕЛТІН,
Павлодар қаласы.

МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭЛИТА

Лескали БЕРДІҒОЖИН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Сәкен МИРБОЛАТОВ, Дина МОЛДАЛИЕВА,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің магистранттары

1930 жылдары Қазақстан мұнай-газ өнеркәсібінде ұлттық элита қалыптаса бастады. Қазақстан мұнай өнеркәсібіне ұлттық инженер кадрларын даярлауда Ресей және Әзірбайжан жоғары оқу орындарының көмегі өлшеусіз. Әсіресе, Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай-газ институты мен Бакудегі Әзізбеков атындағы мұнай институты қазақ мұнайшыларының «қасиетті білім ордасы» атанды.

Алғашқы қазақ инженерлерінің бірегейі Нәрен Орынбайұлы Имашев (1908-1972) еді. Ол 1908 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданындағы № 13 ауылда дүниеге келген. 1925 жылы темірдегі жеті жылдық мектепті бітіріп, 1926-1929 жылдары Мәскеудегі жұмысшы факультетінде оқиды. Талантты жас, жұмысшы факультетін бітірісімен 1930 жылы Мәскеу тау-кен академиясына түседі. Академия бұл кезде кеңейтіліп, 6 дербес институтқа бөлінеді. Н.Имашев өз қалауымен мұнай институтында қалдырылып, 1934 жылы «Мұнай және газ кен орындарындағы барлау геологы» мамандығын алып шығады. Көп жылдар Байшонас мұнай кенінде геолог, Қазақстан мұнай бірлестігінде бас геолог қызметтерін атқарған. Маңғыстау өңірінде мұнай-газ кеніштерін ашудағы еңбегі үшін 1966 жылы 20 сәуірде Лениндік сыйлықпен марапатталған [1, 3-10-пп.].

Қазақстан мұнай өнеркәсібі тарихында қалған Мәскеу мұнай институтының келесі түлегі – Жолдасқали Ахметұлы Досмұхамбетов (1916-1977). Ол 1916 жылы 15 қыркүйекте Гурьев облысы, Мақат ауданы, Ракөш елді мекенінде дүниеге келді. 1932-1934 жылдары Гурьев мұнай техникумында оқып, ал 1940 жылы Мәскеудің академик И.М.Губин атындағы мұнай институтын бітірді. Тау-кен инженері әрі геолог мамандығын алды. Еңбек жолын Ембіде бастады. Ол 1940-1942 жылдары Байшонас кәсіпшілігінің бас геологы, 1942-1943 жылдары «Эмбнефть» комбинаты бас геологияның орынбасары, 1943-1947 жылдары Байшонас кәсіпшілігінің директоры, 1947-1950 жылдары «Казнефтеразведка» тресінің басқарушысы болды, 1953 жылы Мәскеудегі академияны үздік бітіріп, «Казахстаннефть» мұнай бірлестігіне бас геолог, ал 1957-1971 жылдары басқарушысы болып, жемісті еңбек етті, соңғы жылдары бас геолог міндетіне қайтып оралды.

Міне, осы 1940 жылдан бастап Жолдасқали Ахметұлының барлық күш-жігері мұнай саласына бағышталды, оған қатысты геологиялық ғылымды барынша дамытты. Жаңа техника мен озық технологияның соңғы жетістіктерін өндіріске батыл енгізуді міндеттеді. Ғұмырының соңғы күндеріне

қолынан қаламы түспей мұнай өндірісі мен геологиясы мәселелерімен терең шұғылданды.

Ол Ембіде мұнай алаңдары мен қабаттарын іздестірудің әр түрлі сейсмикалық тәсілін алғаш рет енгізуді қолдаушылардың бірі болды.

1950-1960 жылдары екі дүркін Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутатына сайланып, осы лауазымды жұмыста жүргенде облыс көлеміндегі (ол кезде Маңғыстау мен Атырау бір облыс) ғылыми және өндірістік, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді күн тәртібіне бұрынғы кезден де өткірі қойып, үкімет мүшелерінің назарын аударып білді.

1946 жылы Қазақстан ғылым академиясының тұңғыш президенті, КСРО ғылыми академиясының академигі Қ.И.Сәтбаевтың қолдауымен Гурьевте құрылған академияның Ембі жөніндегі ғылыми-зерттеу базасын нығайтуға, бұл базаны болашақта кеңейтуге де өзінің үлесін қосты [2, 5-13-пп.].

Мәскеу мұнай институтының келесі түлегі – Күзембай Баспаев. Аталған институттың 1938 жылғы түлегі, болашақ қазақ мұнай инженер-техниктері үшін бірнеше еңбектер жазған маман өз өмірін былайша еске алады: «Мен 1910 жылы Бозашыда (Маңғыстау) дүниеге келіппін. Сол жылы жаңауымызбен Мақатқа көшіп келдік. Доссорда 4 жылдық мектепте оқыдым. Содан Мақаттағы шеберханаға шәкірт болып қабылдандым. 1928 жылы А.Ильясовтың арқасында Орынбор жұмысшы факультетіне оқуға келдім. Бірақ оқуым төмен болғандықтан 7 жылдық қазақ мектебінде оқып, тек 1929 жылы факультеттің I курсына қабылдандым. 1931 жылы оны бітіріп, елге келген соң Доссорда комсомол комитетінде жұмыс жасап, 1932 жылы Қазақстан үкіметінің жіберуімен Москвадағы түсті металл институтына түстім. Содан бірнеше рет сұраудан соң, Москвадағы Қазақстан өкілеттілігі 1934 жылы мұнай институтына ауысуыма көмектесті. 1935-1937 жылдар арасында Баку кәсіпшілігінде практикада болып, Әзербайжан мұнайшыларынан тәжірибе жинақтап қайттым. Сөйтіп, 1938 жылы наурызда оқуды аяқтап, Мақатқа инженер болып келдім. Осында 1942 жылға дейін жасап, соғысқа алындым. Сол сұрапыл жылдардан бері II группадағы мүгедекпін. Одан кейін коммуналды шаруашылық министрлігінде, политехникалық институтында, Алматыдағы ауыр машина жасау зауытында еңбек еттім. Мұнай жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Ғылым Академиясының аспирантура бөліміне түссем де, денсаулығым байланысты оқуды жалғастыра алмадым» [3].

Мәскеу мұнай институтының келесі бір түлегі – Исенов Мұхамбет (1909-1993). Ол – мұнайлы аудан дамуына ерен үлес қосқан мұнайшы инженер ғана емес, шебер ұйымдастырушы, мемлекет қайраткері [4, 1-15-пп.].

Мұхамбет 1909 жылы қараша айында Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы Мақат (бұрынғы Доссор) ауданы Доссор поселкісінде туған. 1937 жылы Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай институтын бітірген.

Еңбек жолын 1918 жылы балық кәсіпшілігінде жұмысшы болып бастаған. Кейін мал бағып, 1925 жылы Орынборда рабфакта оқып, кейін институтты бітірген соң, 1937-1939 жылдары КСРО халық комиссарлары ауыр өнеркәсібінің мұнай өндіру басқармасында инженер-реттеуші, кейін бөлім бастығы болып қызмет атқарған.

1941 жылы өз еркімен Отан қорғаушылар сапына алынып, взвод командирі болып, 25 қарашада Москва қаласы түбінде алғашқы ұрысқа кіріскен. Кейін полк командирі, дивизия командирінің орынбасарына дейін көтерілген. Бірақ 1943 жылы КСРО мемлекеттік комитетінің шешімімен әскер қатарынан босатылып, мамандығымен жұмысқа қосылады.

1943-1947 жылдары КСРО мұнай комитетінде қызмет атқарған.

1947 жылы партия қызметіне ауысып, Гурьев облыстық партия комитетінде, кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде, Қазақстан халық комиссарлар Кеңесінде, Қазақстан кәсіподақтар Кеңесінде жауапты қызметтер атқарған.

1963 жылы Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінде 2-хатшы, 1964 жылы Гурьев облыстық партия комитетінің 1-хатшысы қызметтерін атқарған.

Мәскеу мұнай институтын 1933 жылы бітірген Қалқай Берғалиев та мұнайшы мамандығымен қатар үлкен лауазымды қызметтер атқарды. Қалқай Берғалиұлы (1893-1970) – тау-кен инженері. Мәскеу мұнай институтын бітірген (1933). Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұнайшысы. Ұлы Отан соғысына дейін Доссор Мақат мұнай кенішінде мұнайшы болған. 1942-1952 жылдары Қазақстан КП ОК өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, «Ембімұнай» бірлестігі қауіпсіздік техникасы бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

Баку тау-кен академиясын бітірген мамандар да туған жер байлығын игеруге етене араласты. Солардың алғашқысы – Ж.Махамбетов.

Жәрдем Махамбетов (1905-1955) – партия, кәсіподақ қызметкері. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Орал жұмысшы факультетін бітірген. 1930 жылы Доссор, Мақат, Қосшағыл мұнай кеніштерінде ОК партия ұйымдастырушысы. 1951-1955 жылдары Қаратон мұнай кенішіндегі кәсіподақ комитетінің төрағасы. Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған. Кезінде А.П.Серебровский сияқты алғашқы «мұнай генералы» негізін қалап (1920), кейін М.Баринцев ректор болған (1928-1930) Баку тау-кен академиясы – Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтымен қанаттас, Қазақстан мұнай өнеркәсібі үшін мыңдаған мұнайшы инженер дайындаған іргелі оқу орны.

С.А.Оруджев, Н.Н.Байбақов сияқты атақты мұнайшыларымен қатар осы жоғары оқу орнында білім алған Сафи Өтебаев өмір жолы айғақтайды.

«Сүйікті ұлың болса сүй сен, сүйінерге жарар

ол» деуші еді халық даналығы. Қашаннан қанымызға сіңген бұл сөз тек қана халық қамын жеген ылғи бір ығай мен сығай, немесе бір әке, бір шешеден туғаны болмаса алты алаштың ұлы болғандарға арналған десек, тым әсірелегендік емес. **Өтебайдың Сафиы деп отырған – қазіргі жасы 98-дің асу бермес қия шыңына шығып бара жатқан ағамыз күллі мұнайшылар әулетінің абызы делініп жүр. «Жаманның артынан шөп ереді, жақсының артынан сөз ереді»** дегенің осы. Сафи ағаның ақиқат анықтамалығы – КСРО-ның Құрметті мұнайшысы, Қазақстанның ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер. Ғұмыр баян деректерінде мынадай жолдар бар:

«1909 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау кенті қасындағы Ащысай деген жердегі боз төбе баурайында Өтебай сұпының жанұясында дүниеге келген. Ата-бабасы мал соңынан ерсе, Сафи туған жанұя мұнай сорып тұрған ағаш тербеткі тұтқасын ұстапты. Сафидың өзі (1920-1928 жж.) Доссордағы кәсіби мектепте, сосын ФЗО-да оқыған.

Сафидың сауат аштырған алғашқы ұстазы жазушы-революционер Сабыр Шәріпов ФЗУ-ды бітіріп, слесарь, бұрғышының көмекшісі болып ұзақ жылдарға созылатын еңбек жолын бастап жібереді. 1928-1930 жылдары Орынборда жұмысшы (рабфак) факультетінде, 1931-1935 жылдары Бакуде мұнай институтында оқып, жоғарғы білім алады. 1936-1945 жылдары Ембі мұнай өндірісінде қатардағы инженерден бастап, бірнеше кәсіпшіліктердің бастығы болады. 1945-1951 жылдары Жылой аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1951-1957 жылдары «Қазақстанмұнай» бірлестігін басшысы, 1957-1965 жылдары әуелі Гурьев, кейін Батыс Қазақстан экономикалық ауданының Халық Шаруашылығы Кеңесі төрағасы болып қызмет атқарды. Маңғыстау мұнайын игеруге тікелей басшылық етеді. 1965-1971 жылдары Маңғыстауда шаңырақ көтерген «Қазақстанмұнай», кейін «Маңғыстаумұнай» бірлестігінің бас директоры болады. Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер бола тұра, 1971-1980 жылдары ҚазКСР Жоспарлау комитетінде қызмет атқарды» [5].

Алғашқы мұнайшы инженерлер арасында тек өндіріс басшылары мен партия, кеңес қызметкерлері ғана емес Қазақстан ғылымының көрнекті тұлғалары да өсіп шықты. Солардың бірі – **1938 жылы Мәскеу мұнай институтын бітірген, экономист ғалым Тарыбай Шәукенбаев (1913-1985).** Мәскеу, Баку сияқты өнеркәсіп орталықтарында дайындаған мамандар 1930 жылдары мұнайлы өлке дамуына шамалы да болса көмек еді. Дегенмен, бұл оқу орындары дайындаған мамандар Ресей мен Азербайжанның мұнайлы аудандарынан ауыспады. Өлкенің мол көмірсутегі қоры орталықты қызықтырғанмен, оны игеретін білгір мамандар әлі де тапшылық етті. Сондықтан, Республиканың өз ішінде техникалық жоғары оқу орнын ашу күн тәртібіне өткір қойыла бастады.

1932 жылы Бүкілодақтық геология комитетінің шешімімен Семейде рабфак және мектеп-техникум базасында геологиялық барлау институты құрылды. Институт орталық геологиялық комитет есебінен қаржыландырылғанмен материалдық

базасы нашар, көп қаржы талап етті. **1933 жылы 20 қыркүйекте КСРО халық комиссарлар Кеңесі Алматыда тау-кен металлургия институтын ашу туралы қаулы қабылдады.** Отын өнеркәсібі комиссиариаты оқу бөлімі бас басқармасының шешімімен Семей геологиялық барлау институты 1933 жылы 28 тамызда жабылып, осы жылы 27 қыркүйекте оның 121 студенті, 9 лаборатория, 25 мың дана кітап қоры, 3 оқытушысы Алматыға ауыстырылып, тау-кен металлургия институтына қосылды. 1934 жылы 1 қыркүйекте институтта бір факультет – геологиялық барлау, 2 мамандық: кен және кен емес қазбаларды барлау, инженерлік гидрогеология және 145 студент білім алды.

1935-1936 жылдары кен орындарын пайдалану, түсті және ауыр металлургия мамандықтары ашылды. Осы жылдары институттың 10 кафедрасында 22 оқытушы қызмет жасады. 1933 жылдың 15 желтоқсанда институтта дайындық курсы ашылып, онда 150 тыңдаушы білім алды.

1933-1938 жылдары институтты Әмір Жаналыұлы Бүркітбаев басқарды. Ә.Бүркітбаев Орал өнеркәсіп академиясын бітірген, Риддерде қалалық партия комитеті хатшысы, өлкелік комсомол комитетін басқарған тәжірибелі инженер-ұйымдастырушы болды. Геологиялық барлау факультетін ғалым-геолог, профессор В.А.Глазковский басқарды.

Факультетте ірі ғалымдар Н.К.Скаковский, В.П.Гуцевич, А.Ф.Войцеховский, Е.Д.Шлыгин жұмыс жасады. И.И.Бак, Г.Ц.Медоев, И.П.Новохацкий, П.М.Кошулько, И.З.Лысенко сияқты талантты ғалымдармен қоянқолтық қазақ инженер-геолог мамандары: Мәскеу тау-кен академиясы түлегі М.Х.Мамыров, Бауман атындағы МВТУ түлегі Х.Т.Бектасов, М.Н.Азербайев болашақ инженер-геологтарды даярлауға өз үлес-терін қосты.

1937 жылы маусымда институтты 11 геолог, 15 гидрогеолог бітіріп шықты. Олардың ішінде диплом жұмысын Губкин атындағы Мәскеу мұнай инс-

титутында қорғаған К.Бакиров барды. Ол кейін Ақтөбе мұнай-барлау тресті ғылыми-зерттеу лабораториясының директоры болды. Институтты 1938 жылы 29 мамыр, 1939 жылы 56 мамыр, 1940 жылы 88 мамыр бітірді. Институт түлектері еліміздің қазба байлығын зерттеп ашып, халық игілігіне айналдыруда қыруар істер атқарды [6].

Геолог мамандарды дайындауда біршама ілгерілеу болғанымен мұнай өндірісі үшін маман дайындау әлі де орталықтың қолында болды. Бұл бағытта 1940 жылдары талпыныс болғанымен, маман кадрлар құрамының жетіспеуінен іс аяқсыз қалды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы истории подготовки национальных инженерных кадров нефтяной промышленности Казахстана в 1930 годы.

* * *

The article examines the history of the preparation of national engineers Kazakhstan oil industry in 1930.


ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ат ОММ. 193-қор, 3-тізім, 3-іс.; Игілік Қ.Ә., Есқазиев О. Әмір жолы өнеге. – Алматы, 1996.
2. Ат ОММ. 193-қор, 3-тізім, 2-іс.
3. **Баспаев К.** Мұнайды фонтанды әдіспен және терең насоспен өндіру. Алматы: Қазақстан мемлекеттік баспасы, 1964. – 99 б. Соныкі. Мұнай скважиналарын терең насоспен пайдалану мастер, оператор, техникум оқушылары, қолөнершілері мектебі және ФЗО үшін арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақтың Біріккен Мемлекеттік Баспасы, 1948; Баспаев К.Б., Нұрсұлтанов Г.М., Тастанбекова. Мұнайшыларға арналған орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1991. – 27 б.
4. Ат ОММ. 1-қор, 2-тізім, 28-іс.
5. Ат ОММ. 193-қор, 4-тізім, 16-іс, 7-12-пп.
6. **Тастанов Ш., Шибанов Г.** Первые кузницы инженерных кадров. – Алма-Ата, 1966. – 142 с.; Тастанов Ш., Розенберг Ц. Казахский политехнический институт. – Алма-Ата, 1967. – 44 с.

ЖАНҒАНАТОВА К.Н.



**ФОРТ ШЕВЧЕНКО ҚАЛАСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**



ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!

ЖАҢА МОНОГРАФИЯ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жанғанатова Қалимаш Нұратдинқызының «**ФОРТ ШЕВЧЕНКО ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (XIX ғ. 30-жылдары – XX ғ. басы.)**» атты монографиясы жарық көрді. Тарихшы өз монографиясын Форт Шевченко қаласының 170 жылдық мерейтойына арнаған екен. Ұсынылып отырған монографияда Маңғыстау өңірінің әлеуметтік-экономикалық өмірінде үлкен рөл атқаратын Форт Шевченко қаласының бекініс ретінде ірге тасы қаланған күннен бастап, 1917 жылғы төңкеріске дейінгі әлеуметтік-экономикалық, саяси, әсіресе, рухани-мәдени даму тарихы ғылыми тұрғыда зерттелген.



ЮРТА – МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЙ АСПЕКТ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ

Назым АЙМУХАМБЕТОВА,
преподаватель истории
Ассоциированная ЮНЕСКО школа при КАУ

Казахская культура как форма кочевой культуры представляет собой своеобразное философское осмысление мира, и она по своей глубине не уступала так называемым оседлым культурам. Она не нуждалась ни в поощрении, ни в осуждении, замкнутая в мире собственных представлений, но открытая всем, кто захотел бы ее понять. Более того, казахи не придавали большого значения тому, чем владели, ибо философское отношение к миру было для них нормой жизни. Особенностью мировоззрения тюркских народов являются императивы – вера и поклонение природе. Такому мировосприятию не свойственна была философия, определяющая человека как хозяина природы. Ей присуще было обожествление природы как универсума, источника всего. Обожествление всеобщего, целого содержит в себе и обожествление, одухотворение единичностей. Для древнегономада это, прежде всего, Небо, Солнце, Луна, звезды, животные и растения, огонь, вода, воздух, земля как первоначала [1]. Исторически первым типом мировоззрения у всех народов мира было мифологическое. Миф – это не первоначальная форма знаний, а особый вид мировоззрения, специфическое образное представление о явлениях природы и коллективной жизни. В мифах мы находим зачатки нравственного сознания, всех видов современного искусства, а также элементы философского размышления о смысле жизни, сущности мироздания.

Общие черты мифов выражаются в их эмоциональности, способности персонифицировать, проецировать человеческие качества на предметы окружающего мира. Объяснение природных явления в сфере мифологического мировоззрения основывалось на неадекватном понимании причинно-следственных связей. Мифологическое сознание конструировало, присущую уровню их миропонимания модель существующего мира, в которой преобладали фантастические вымыслы. Не только удивление и страх являются причиной возникновения мифов. Желание познать и объяснить причины природных явлений, а также человеческой жизни были первопричиной возникновения мифов [2]. Трехчленная модель мира присуща практически всем народам. При этом «земной мир, в котором живут обычные люди, противопоставлен как нижний верхнему миру – небу. Одновременно земной мир рассматривается как верхний мир по отношению к подземному миру». Трехчленная модель мира у различных народов может быть модифицирована в более сложную. Так например сакские племена веровали в трехчленность мира. Известно, что мифологическому мирозданию присуще представление о трехчленной структуре мироздания. Идея о трехуровневом строении вселенной нашла свое отражение у скифов, саков, «пазырыкцев»

в предметах материальной культуры и искусства. Это обнаруживается при анализе головных уборов (курган Иссык, курган №1 могильника Ак-Алаха-I и др.), конского снаряжения, татуировок «пазырыкцев», пекторали из кургана Толстая могила и других вещей [3]. Второй уровень это плато на котором стояла срубная постройка, мир живых. И третье это насыпь в виде круга, который олицетворял небо [4]. Форма курганной насыпи, в виде конуса или полусферы, сопоставляется с известными из древнеегипетской мифологии представлениями о «первообразах творения» и нередко трактуется как символ Солнца [5]. Грязнова М.П. рассматривая мифологию кочевников, сделал предположение о существовании у них представлений о трехуровневом строении мира (небо, земля, подземный мир), которые в некоторой степени сходны с воззрениями современных алтайцев. Все три части Вселенной соотносились в древности с конкретными мифическими существами: крылатый тигр и орел – с небом, рыбоподобное чудовище, змей – с подземным миром, а остальные персонажи населяли землю. Каждое из мифических существ обладало определенной степенью могущества и силы [6]. При этом, как правило, многослойность – свойство верхнего мира (семисферное небо у мусульман). Но у всех народов – это следующая ситуация творения мира – фаза разъединения, противопоставления той двоичности, которая существовала воедино в образе Творца.

Пространство юрты можно уподобить древнегреческому космосу, который построен по законам красоты, оно является искусственно организованным фрагментом природы, ее органической частью, верхом и низом, а двигаться можно только по часовой стрелке, вокруг очага, что идет отдвижения по солнцу. Это движение было привилегированным [7]. Пространство юрты делится у казахов на семантические секторы: правый – левый, соответственно мужской – женский, сакральная половина – тор. Почетному месту – тор соответствовал год Мыши, после Мыши следовала Корова, чьим именем называлось расстояние от тора до кровати (кебеже), олицетворяя достаток, присущий семьям с коровой. Место, где сидел хозяин назывался Тигром, символ власти и мужества. Далее шло место хозяйки – год Зайца, выражавший кротость и покорность. Подле хозяйки располагались продукты, небесные и земные дары, что знаменовалось трудолюбивой Улиткой. Далее шло пространство змеи – посуда. Котлы, ведра. Лошадь у входа как символ движения. Затем шло пространство Овцы, как символ малых и бедных, мудрой Обезьяны, дающей напутствие, где находилась молодежь, гости дома. Собака – символ преданности, Кабан – гости. Круг замыкался годом Мыши, где начинается летоисчисление и время соприкасается с пространством.

В пределах юрты пространство является неоднородным. Пространство не может быть большим либо малым, оно оказывается лишь нужным и подходящим, в зависимости от степени удобства и удовлетворения потребностей. Семантическим центром юрты является очаг и шанырак. Под словом «шанырак» имеется в виду сам дом. О молодёжи говорят «шанырак көтерді», подняли «шанырақ», создали свой дом. Им желают: *«Пусть будет высоким твой шанырақ»* – одно из лучших благословений. Самое страшное проклятие – *«пусть твой шанырақ упадет на середину»*. Шанырақ в вертикальной проекции отражал верхний мир. Вместе с этим жилище является средоточием культуры социума. Сравнительно небольшой объем площади юрты был четко организован, в нем как и в монгольском жилище выделяется «ось возврата» и «ось пола», место и способ сидения его обитателей были четко маркированы в зависимости от пола, возраста, положения в системе родства.

Жизнь человека начиналась в правой части юрты, мирской половине и на ней же завершалась, замыкался жизненный круг его. Все основные этапы жизненного цикла человека отмечались в юрте. Знаками символами выделялись место роженицы, свадебная юрта, траурная юрта. Интересным на наш взгляд является такой частный аспект осмысления домашнего пространства юрты как символа дуализма мужского и женского начал и их животворной и плодоносящей сущности [8]. В казахской традиции юрту новобрачных готовили родственники невесты, но дверные косяки привозил с собой жених. У каракалпаков мастер, который сделал каркас юрты, никогда не будет делать к ней дверь, считалось, что мастер умрет, если будет делать и юрту, и дверь к ней. По-видимому, это было обусловлено представлением об обязательном соединении одним мастером, лишение дуальности процесса изготовления и установки юрты было запрещено традицией, означало отрицание животворящего начала и в силу этого могло стать причиной смерти мастера.

Следующий этап освоения пространства – установка юрты – также подразделяется на мужскую и женскую функции. Установка шанырака – мужская функция, остальная работа – женская. По – видимому, в представлениях казахов существовала какая-то связь между шаныраком и способностью женщин к деторождению, плодovitости. Например, если дети умирали, сразу после рождения, то послед закапывали под порогом юрты. Огромное пространство степи без края и без конца вызывало стремление сосредоточиться, концентрируясь в точке самого жилья, внутри него. Видимый горизонт степи был видимым символом всего видимого и невидимого, диктовал особенности мышления и мировоззрения. Первичные видимые: круг солнца, полукруг неба, полукруг юрты сформировали представление о трех частях космоса и выделили цифру три. **Все мышление строилось на аналогах:** солнце – голова, шанырак юрты, туловище – лучи солнца, соответственно – ушки юрты, ноги – земля, кереге, познаваясь как верхний, средний и нижний миры.

Верхний мир – мир обитания богов, аруаков, духов предков. Срединный мир – мир обитания людей. Нижний мир – мир обитания мертвых. Повторяемость трехзначности всего окружающего приводила к мысли о том, что в Природе все развивается по одним и тем же законам аналогий. Цифра «три» известна в древней философии как мировая символическая доминанта. У казахов эта цифра пронизывает все обряды от рождения до похорон. Человеческая душа представлена у казахов тремя видами: «ет – жан», «шыбын – жан», «рух – жан». После смерти человека шыбын – жан уходит в небо, ет – жан в землю, рух – жан остается в доме умершего [9].

Исходя из вышесказанного можно определить связь культуры по культурному аспекту, где аспектом культуры является юрта. Юрта отражает миропонимание казахского народа, их представление определенного порядка во вселенной. Через юрту можно найти связь с культурами древности, выявить отражение сходные друг другу и показать о всемирном балансе мужского начала и женского как «инь и янь» в китайской философии.

Философия казахского народа отражается в его жилище – юрте.

РЕЗЮМЕ

Мақалада қазақ халқының рухани-мәдени және ғылыми-философиялық аспектілері, түркі халықтарының мәдени даму үрдісі, киіз үйдің мұра ретінде сақталып қалу көрінісі және тұрғын үйге деген қарым-қатынасы туралы мәселелер қарастырылған.

This article discusses the features of the spiritual and cultural, scientific and philosophical aspects of the Kazakh culture, a reflection of the level of cultural development of the Turkish people, as well as attitude to housing as a sacred heritage of the Kazakh people.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. **Алексеев Н. А.** Ранние формы религии.- Новосибирск, 1980.- С. 131.
2. **Юнг К.Г.** Психоанализ и искусство. – М., 1968.
3. Акишев, 1978, с. 39-48; Боковенко, 1992б, с. 123-125; Суразаков, 1986; Раевский, 1978, с. 115-133; Полосьмак, 2001а; др.
4. **Мартынов А.И.** О мировоззренческой основе искусства скифо-сибирского мира //Скифо-сибирский мир. Искусство и идеология. – Новосибирск, 1987. – С.13 - 25.
5. **Чмихов М.О.** Курганы як явище давнь культури. – К., 1993.
6. **Грязнов М.П.** Первый Пазырыкский курган. Л., 1950. 90 с.
7. **Умирзакова Бахыт** по материалам книги «Под общим Шаныраком», Караганда, Издательство Экожан, 2010 г.
8. **Балаубаева-Голяховская А.М.** погребальный обряд у казахов Акмолинской губернии//Сб. науч. Кружка при восточном факультете САГУ. Ташкент, 1928. Вып. 1. С. 20. Аргынбаев Х. А. Семья и брак у казахов. С.108.
9. **Муканов М.** Казахская юрта. С.51-57.

г.Алматы.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТАРИХЫ

Бегайым САЛЫҚБАЕВА,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының 2-курс магистранты

XX ғасырдың 20-жылдары Қазақстанда арнайы салалық басылымдар, соның ішінде білім, ғылым саласына арналған газет-журналдар шыға бастады. Соның бірі ғана емес, бірегейі – 1925 жылы А.Байтұрсынов, М.Жолдыбаев бастаған қазақ зиялыларының қатысуымен ашылған білім-ғылым, педагогика саласындағы тұңғыш басылым – «Қазақстан мектебі» журналы [1, 12-б.]. Оның соңын ала 1935 жылғы 20 наурызда *“Төте оқу”* деген атпен қазіргі «Қазақстан мұғалімі» апталық газеті [2] жарық көреді. Ал 1958 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы ашылып, екі жылдан соң әр түрлі себептермен жабылып қалады. Аталған басылым 1990 жылы тәуелсіздік қарсаңында «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы С.Әбішқызының қузауымен қайта ашылды [3]. Аталған басылымдардан соң 70-жылдары «Қазақстан мектебі» журналының «Русский язык и литература в казахской школе», «Бастауыш мектеп» қосымшалары шыға бастады [4, 13-б.].

Қазақстан тәуелсіздігін алған соң да «Қазақстан мектебі» журналының бірнеше қосымшасы ашылды. Соның бірі – «Қазақ тарихы» журналы. «Қазақстан мектебі» журналының 90-жылдардағы қосымшаларын ашу ісінде бас редактор Сайраш Әбішқызының еңбегі орасан зор. Ол аталған жылдары Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы және қалалық кеңестің (қазіргіше мәслихаттың) мүшесі бола жүріп, қоғамдық істерді белсене атқарды, – деп жазыпты «Қазақ тарихы» журналының сол кездегі жауапты хатшысы, қазіргі бас редакторы Ә.Салықбай. – *Редакция ол кезде қазіргі Абылай хан даңғылы 34-үйдегі Мәметова көшесімен қиылыстағы ғимаратта, Алматы II теміржол вокзалына жақын маңда болатын. Сайраш Әбішқызы* *иссапарға кеткенде болмаса, редакцияда аптасына бір рет жиын болмай қалатын кезі өте сирек еді. Бірде Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының жұмысымен қалада қазақ мектептерін ашу мәселесі талқыланса, енді бірде Алматы қаласы көшелерінің атауын қазақшалау туралы ұсыныстар талқыланып, дереу қалалық кеңеске хаттар дайындалып жататын... Осындай тынымсыз әрекеттердің нәтижесінде көп ұзамай «Информатика, физика, математика», «Отбасы және балабақша», «Қазақ тарихы» қосымша журналдары ашылды» [5, 1-б.].*

Осылайша, 1993 жылдың тамыз айында Алматыда «Қазақ тарихы» журналының тұңғыш саны жарық көрді. «Оқырманға арнау сөз» деп аталатын беташар мақаласында журналдың тұңғыш бас редакторы С.Әбішқызы ғылыми-педагогикалық басылымның міндет-мақсатын, халық үшін қаншалықты қажет екенін жіліктей талдайды. Тәжірибелі педагог-қаламгердің жүйрік тілмен екпіндете

жазған мақаласынан тәуелсіздік өзгерістеріне деген шексіз сенім, заманға лайық журналдың жарық көруіне деген зор қуаныш лебі еседі. Ол журналдың мақсат-міндеттерін таратып айта келіп, мынадай түйін жасайды: *«Осы жағдайдың бәрін жан-жақты екішөй келе Қазақстан Республикасының Білім министрлігі «Қазақстан мектебі» журналының қосымшасы ретінде болса да «Қазақ тарихы» журналын шығаруды жеделдетіп қолға алуды ұйғарды. Аты айтып тұрғандай, бұл журнал тек қазақ тарихы және оны әр түрлі оқу орындарында оқыту мәселелерін қамтитын болады... Қазақ тарихына арналған қазақ баспасөзі тарихындағы тұңғыш басылымды шығарушы педагог-журналистер ұжымы алдында тұрған жоспар көп, міндет үлкен.»* [6, 4-б.].

«Қазақ тарихы» журналының тұңғыш саны қарапайым оқырман қалай қабылдады? Басқасын қайдам, дәл осы мәселе жөнінде С.Дүйсеннің жазғандарын тебіренбей оқу қиын. *«1993 жылғы тамыздың аяғына «Қазақ тарихы» журналының алғашқы нөмірі қолыма тигенде қуанғаным әлі есімде. Алдында БАҚ арқылы осындай ғылыми-педагогикалық журнал шығатыны жөнінде хабардар болып, пошта бөлімшесі арқылы жазылып қойғанмын. Мен ол кезде Ақмола облысының алыс ауданындағы мектепте тарих пәні мұғалімі едім. Алғашқы нөмірді қолға алысымен мектептегі әріптестерімнен сүйінші сұрағандай мақтана көрсетіп шықтым,– деп еске алады Астанадағы Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, педагог-ғалым С.Дүйсен. – Қолыма қалам алып, әр мақаланы мұқият оқыдым. Маған ерекше ұнағаны қазақтың қайдан шыққаны, Қазақ хандығының қашан құрылғаны, Қазақ елінің отаршылдық бұғауында болған кезеңдегі қазақ тарихына қатысты ғылыми теориялық мақалалар болды. Әрине, мұғалім болғандықтан тарихты оқыту мәселелері де көңілден шықты.»* [7, 31-б.], – дейді.

1993 жылғы «Қазақ тарихы» журналының тұңғыш саны қалай дайындалып, жарыққа қалай шығып еді? Бұл туралы нақты жазылған деректерді табу өте қиын. Дегенмен, «Қазақ тарихы» журналының 20 жылдығына арналған сандарының бірінен Ә.Салықбайдың бір ауыз сөзбен түйіндеп берген мынадай пікірін кездестіріп, бөлмей-жармай толық келтіруді жөн санадық: *«1993 жыл. Көкей айы. Алматы. Абылай хан даңғылы. 34-үй. «Қазақ тарихының» тұңғыш саны дайындалуда. Қапылыс. Қауырт. Екі күннің бірінде жиналыс. Бірде Ж.Қасымбаев, Ә.Тәкенов, К.Аманжолов бастатқан, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Б.Көмеков қостатқан тарихшы ғалымдар жиналса, ертеңіне Т.Тұрлығұл, Қ.Құнапина, Р.Сәуенова бастатқан әдіскерлер мен мұғалімдер келеді. Бас редактор Сайраш Әбіш-*

қызының міндеті жиналысты іскер де ілкімді өткізу. Ақын Әбубәкір Қайран мен менің міндетім – әрбір қатысушының ұрымтал ойын, ұтқыр ұсынысын түртіп алу. Басты мақсат – алдағы бағдарымызды, болашақ журналдың тақырып ауқымы мен көтерер жүгін айқындау.

Журнал ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде 24 наурызда 1033-нөмірмен тіркелген. Енді «Қазпошта» бастаған таратушылармен шарт жасасып, солардың жазылу каталогтарына енгізу қажет. Таралым мәселесін шешпесе, кез келген басылымның болашағы бұлыңғыр. Баспахана іздеу, шығару мәселесін келісу, пісіру тағы бар. Күндіз қолдағы кәсіпқой тарихшылардың мақаласын өңдесек, кешкісін Абай, Шоқаннан бергі ғұламаларымыздың қазақ тарихы туралы жазбаларын ақтарамыз. Әйтеуір күні-түні қу жанымызға бір тыным жоқ. Ақыры біздің алдымыздағы көкелеріміздің 2-3 айда істемегенін 24 күнде бітіріп, алғашқы нөмірді де тапсырдық-ау...» [8, 1-б.].

Өрине, жоғарыдағы аты-жөні аталған ғалымдар мен ұстаздардың көпшілігі осы саланың маманы ретінде қоғамдық негізде атсалысқан. Алайда бәрі емес. Мысалы, сол кездегі тарих ғылымдарының кандидаттары М.Қойгелдиев пен Т.Омарбеков те сол 1993 жылы жарты жылдай «Қазақ тарихы» журналының жарты жүктемедегі қызметкерлері болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Оған аталған екі тарихшының аты-жөндерінің журналдың 1993 жылғы 1, 2, 3-сандарында «Ақылдастар кеңесінің» емес, «Редакциялық алқаның» құрамында тұруы айғақ. Мұны бір жазбасында Ә.Салықбай да: «...сол кездегі тарих ғылымдарының кандидаттары М.Қойгелдиев пен Т.Омарбеков те сол 1993 жылы жарты жылдай «Қазақ тарихы» журналының жарты жүктемедегі қызметкерлері болып, әріптестеріне редакция атынан тапсырыс беріп, мақала жинады», – деп, растай түседі [9].

Еліміз енді ғана тәуелсіздігін алған 90-жылдары «Қазақстан тарихы» пәнін оқытатын бірде-бір оқулық жоқ еді. Осы жолда оларға төл тарихтың оқытылуы тұрғысынан көмек көрсету, ақылшы, кеңесші болу «Қазақ тарихы» журналының басты борышы болатын. «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұл пәндерді оқыту, әсіресе, ауылдық мектептерде оқыту ерекше қиын болды. Бағдарламалар шалғайдағы мектептерге уақытында жетпей жатты. Міне, осындай күрделі кезеңде «Қазақ тарихы» ауылдағы тарих мұғалімдерінің ақылшысы, көмекшісі болды. Әр нөмірін мұқият оқып, сақтап жинап отырдық, – деп еске алады педагог-ғалым С.Дүйсен. – Алғаш рет осы журналда «Қазақстан тарихын» оқытудың тұжырымдамасы, бағдарламасы жарияланды... сол кездегі білім беру саласындағы әдістемелік, ақпараттық жұтаңдықтың орнын осы басылым толтырды. Журналдың сол кезде мектепте қоғамдық пәндерді оқытуда маңызды рөл атқарғанын аға буын тарихшы мұғалімдер ешқашан ұмытпайды» [10, 32-б.].

1993 жылдан күні бүгінге дейін төл тарихтың жоқшысы, жанашыры ретінде шығып келе жатқан «Қазақ тарихы» журналының басты бағыт-бағдары қандай? Бұл туралы «Журналист» газетінің тілшісіне берген сұхбатында Ә.Салықбай былай дейді: «Қазақ тарихының» басты ерекшелігі – ғылыми-әдістемелік журнал. Біз, біріншіден, тарих қалай

жазылуы тиіс, қай тақырып ескерусіз қалды деген мәселені қаузамаймыз. Тарихтың айтылмай, ашылмай жатқан қандай қатпарлары бар – соны қопаруға күш саламыз. Көпшілікке ойтүрткі боламыз. Авторлар тартамыз. Ел назарынан қалтарыс қалып бара жатқан дүниелерге тапсырыс береміз. Ұлттық тарихымыз қалай зерттеліп жатыр? Нендей жетістігі бар? Кемшілік неде?.. Міне, жұмыс осындай бағытта өрбиді...» [11].

«Қазақ тарихы» журналының 1993 жылғы көтерген мәселелері қандай еді? 1995-1996 жылдары ол өзгерді ме? Бұл туралы жоғарыда аталған мақаласында С.Дүйсен былай дейді: «Алғашқы жылдары журналда әдістемелік сипаттағы мақалалар үлесі аздау болды. 1994 жылдағы бесінші нөмірінен бастап журналда республикадағы озат, тәжірибелі мұғалімдердің сабақ өткізу жоспарлары, тарихи кештер өткізу, сабақтан тыс уақытта пән бойынша іс-шаралар өткізудің үлгілері, озат тәжірибелері үзбей жарияланып отырды. Сонымен қатар әдіскер ғалымдар түзген қоғамдық пәндерді оқытудың күнтізбелік жоспарлары тұрақты түрде жарияланды.

2005 жылдан бастап негізгі оқырмандары мектеп мұғалімдері болғандықтан, журнал материалдарының жартысына жуығы әдістемелік сипатта болды. Мәселен, 2012 жылғы бірінші нөмірдегі барлық 47 мақаланың 36-ның авторлары мектеп мұғалімдері болды. Менің есептеуім бойынша 20 жыл ішінде журналда мектеп мұғалімдерінің 800-ден астам әдістемелік және зерттеу мақалалары жарияланыпты.» [12].

Ал журналдың негізгі қозғаған тақырыптары қандай? Оның бәрін санап шығу мүмкін емес. «Алғашқы санынан бастап қазақтың арғы-бергі тарихын, оның атауын, шығу тегін, жазу-сызу пайда болған уақытына қатысты мәліметтерді жүйелі жариялап келеді. Журналда қазақ тайпалары, қазақ-жоңғар шайқастары, Шыңғыс хан қағанатының қырсыры, отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері мен көріністері, жетекшілері жөнінде тың мағлұматтар шығып тұрады, – деп жазылыпты бұл туралы журнал сайтында. – Ұлтымыздың Кеңес империясы тұсындағы саяси өмір тынысы, экономикасы, мәдениеті, қазақ халқының тәуелсіздігі, саяси-экономикалық жаңаша бітім-пішіні көрсетіліп, кезеңдік өзгерістер, қоғамдық даму заңдылықтары сөз етіледі. «Ата қазақтың арғы тарихынан», «Тарихи тұлғалар», «Тарихқа жаңаша көзқарас», т.б. төл тарихтың сан саласын қамтитын айдарлары бар» [13].

Журналдың әдістемелік орны тіпті ерекше, ол әрдайым жаңаның, озат тәжірибенің жаршысы бола білді. Оның Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихының сабақ жоспарларын жариялап қана қоймай, әдебиет пен тарих, география мен тарихтың кіріккен сабақтарын ұсынуы, жаңа технология, жаңаша әдіс-тәсілдерді насихаттауы, пәндерді оқытуды жетілдіру саласындағы жариялаған материалдары көпшіліктің асыға күтетін дүниесі еді. Сонымен бірге журнал әрдайым көкейкесті, зәру мәселелер көтеріп, жұртқа ой салды. «Ал екінші «Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе» бөлімінде орта, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тарихын оқыту тұжырымдамалары, әдіс-тәсілі, оқулықтары талқыланады, – деп сипатталыпты журналдың әдістемелік

орны туралы сайтта. – Сонымен қатар құқықтану, дінтану негіздері, дүние жүзі тарихын оқытудың әдіс-тәсілдері баяндалып, ұстаздарға әдістемелік кеңестер беріледі...» [14].

Уақыт қандай ұшқыр десеңізші? Ақпарат әлеміне өзіндік үн, айшықты қолтаңба, қарымды қаламгерлерімен келіп қосылған сүйікті басылым – «Қазақ тарихы» журналы 2013 жылы 20 жылдық мерейтойын Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде «Тарих ғылымы мен әдістемесінің насихатшысы әрі қозғаушы күші – «Қазақ тарихы» журналы» атты дөңгелек үстел түрінде атап өтті. Енді, міне, келер 2018 жылы республикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақ тарихы» журналы ширек ғасырлық, яғни 25 жылдық мерейтойын кемел шағында қарсы алмақшы.

Сарғая бастаған журнал беттерін парақтасңыз, жүрек толқытарлық небір деректерге кезігесіз. Мысалы, ақылдастар алқасының М.Қозыбаев, К.Байпақов, Х.Арғынбаев, Ж.Қасымбаев, Б.Көмеков сынды бес мүшесі редакцияға хат жазып, ол 1995 жылғы 1-санында жарияланыпты. Онда аталған тарихшылар тарих пәні мұғалімі Қ.Жүкештің «Әрі жұқа, әрі қасаң» деген 1994 жылғы 2-санында жарияланған сын мақаласының өздерінің қатысуынсыз шығып кеткеніне наразылық білдіріп, ақылдастар алқасының мүшелігінен бас тартады. Журналдың дәл осы санында бас редактор С.Әбішқызы оларға жауап жариялап, жариялылық пен демократияның ұстанымдарын түсіндіреді. КСРО кезіндегі қорқытып-үркітудің келмеске кеткенін айтып, ақылдастар алқасының мүшелігінен аталған бес ғалымды шығарады. Осы бірер мысалдардың өзінен-ақ аталмыш журналдың жариялылық пен демократияны өркендетуге қаншалықты үлес қосқанын аңғаруға болады. Екіншіден, республикадағы тарихқа арналған тұңғыш басылымның ашылуы тарих, өнер, білім және әдебиет саласына, жалпы руханият әлеміне ерекше бір серпін әкелгенін аңғарамыз.

Міне, «Қазақ тарихы» журналы осылайша алғашқы сандарынан бастап қазақтың ұлттық құндылықтарының, соның ішінде төл тарихының жоқшысы, жанашыры бола білді. Журналдың әрбір данасын қолға алған сәттен жүрегіңізді ерекше мақтаныш билеп, терең бір тебіреніске түсесіз. Өйткені, көне тарихқа арналған басылымның әрбір парағы, әрбір беті тұнып тұрған тарих, тірі шежіре, тереңнен сыр тартқан ғибратнама іспетті.

Журнал ұзақ жылдар бойы еліміздің түпкір-түкпіріндегі жаңашыл ұстаздар тәжірибесінің республикамыз бойынша таратылуына себепші болып келеді. Ғалымдар мен мұғалімдердің еңбегін танытумен өзі де еліне танылды. Ұстаз қауымының мұңын мұңдап, сөзін сөйледі. Осы тұрғыдан алғанда «Қазақ тарихы» – ұстаздар қауымының ақылшысы, жанашыр сырласы. «Сонау 1994 жылдан бастап... Қ.Құнапина, М.Мәженова, Р.Шимашева ғалымдармен қатар журналдың ақылдастар алқасы құрамына қабылданған алғашқы мектеп мұғалімдері болды. Кейін бұлардың орнын жас тарихшы ұстаздар басты, – деп еске алады аталған мақаласында педагогика ғылымдарының кандидаты С.Дүйсен. – Кезінде осы журналдың тұрақты авторлары болған әдіскер мұғалімдер Қ.Жүкешов, Қ.Құнапина, Г.Жусанбаева, Ж.Сманқұлова қазір ғылым кандидаттары мен докторлары атанды. Олар мектепте

қоғамдық пәндерді оқытудың білгір әдіскерлері ретінде журналдан әлі де қол үзген жоқ.

Ал елімізге танымал әдіскер ғалымдар Т.Т.Тұрлығұлов пен Б.Қ.Әбдіғұлованың журналдағы ғылыми әдістемелік мақалалары жиырма жыл бойы тарихшы мұғалімдер үшін құнды дүниелер болып келеді.» [15].

Иә, журналда өткен 24 жыл ішінде мектепте тарихты оқыту мәселелеріне арналған ғалымдар, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер қатысқан бірнеше «дөңгелек үстел» материалдары жарияланды. Тарихшы ғалымдар мақалаларының қайсысын қандай тақырыпты оқытқанда пайдалануға болатындығы туралы ақыл-кеңестер де берілді. Қоғамдық пәндерді оқытудағы заманауи технологиялармен таныстыратын материалдар жариялана бастады. Тарихшы мұғалімдерге көмек ретінде карта-сызбалар, тарих кабинетін безендіру мен жабдықтау туралы ақпараттар, тарих терминдерінің сөздіктері, оқулық жазу мен олардың сапасы мәселелері, жалпы мектеп мұғалімдерін толғандыратын барлық мәселелер журнал беттерінде көтеріліп отырды.

«Қазақ тарихы» – ғалымдар мен ұстаздар қауымының өзінде барын беріп, жоғын табатын ғылыми-әдістемелік, педагогикалық мерзімді басылым болғандықтан, оны бағалай білген маманның сенімді серігі, арқа сүйер ақылшысы, тәжірибе алмасар алаңы. Қоғам өмірінен өзіндік орын алған «Қазақ тарихы» журналы өзінің қалыптасу, даму кезеңдерін бастан өткерді. Ғалымдар мен ұстаздар қауымы үшін тек жаршы болып қана қоймай, үгіт пен насихаттың пәрменді құралы ретінде танылды, халқымыздың рухани кемелденуі жолында қалтқысыз еңбек етіп, тек руханияттық қана емес, үлкен адамгершілік-этикалық деңгейде қызмет етті. Қазіргі таңда мемлекеттік идеологияны насихаттауға, ұлттық сананы қалыптастыруға, ел мәртебесін көтеруге үлес қосып, тәуелсіздікті нығайту жолындағы жетістіктеріміз бен жетпей жатқан тұстарымызды жан-жақты және ақиқат тұрғысынан насихаттау бұл басылымның басты мақсаты болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Әбішқызы.** Журналдың мақсаты // Қазақстан мектебі. – 1995. №8. – 12-б.
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%>
3. Бұл да сонда.
4. **С.Әбішқызы.** Журналдың мақсаты // Қазақстан мектебі. – 1995. №8. – 13-б.
5. **Ә.Салықбай.** «Күнделік». 3-дөптер (Қолжазба).
6. **С.Әбішқызы.** Оқырманға арнау сөз. «Қазақ тарихы» журналы (бұдан әрі – «Қазақ тарихы»). №1, 1993. 3-бет.
7. **С.Дүйсен.** Тарих мұғалімдерінің сүйікті журналы. «Қазақ тарихы». №1(118), 2013. 31-бет.
8. **Ә.Салықбай.** «Қазақ тарихының» тарихы. «Қазақ тарихы» №2(119), 2013. Мұқаба. 1-бет.
9. **Ә.Салықбай.** «Күнделік». 3-дөптер (Қолжазба).
10. **С.Дүйсен.** Аталған еңбек. «Қазақ тарихы». №1(118), 2013. 32-бет.
11. **Ә.Салықбай, Қ.Мұқашұлы.** «Журналист» газеті. №3(40), мамыр 2006 жыл.
12. **С.Дүйсен.** Аталған еңбек. «Қазақ тарихы». №1(118), 2013. 32-бет.
13. [www.http.kaztar.kz](http://kaztar.kz)
14. Бұл да сонда.
15. **С.Дүйсен.** Аталған еңбек. «Қазақ тарихы». №1(118), 2013. 32-бет.

ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Света КИЯҚБАЕВА,

А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернаттың тарих пәні мұғалімі

Туған елі мен жерінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін, ертеңгі болашағын оқытып-үйрету әр баланың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, оның ой-өрісін дамытып, адал азамат болып қалыптасуына тәрбиелейді.

«Қазақстан тарихы» пәні жастарға еліміздің ба-сынан өткізген әр түрлі кезеңдерден бастап қазіргі егемендікке қол жеткізген еліміз туралы бай мәліметтер береді. Шәкірттеріміз тарихи материалдар негізінде ұлттық, қоғамдық, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайлармен жақынырақ таныса бас-тайды. Сөйтіп, күнделікті өмірдегі өзгерістерге бай-ланысты оқушылардың бойына сол пәнді өздігінен тұтас оқып-үйренуге деген құлшыныс пайда болады.

Қазақстан тарихын оқып-үйрену нәтижесінде оқу-шылар бүкіл тарихи үрдісті тұтас, сондай-ақ оның түрлі жақтарын, экономикасын, әлеуметтік-саяси құ-рылысын, тап күресін, мәдениет тарихын, т.б. маңыз-ды тарихи фактілерді меңгеруі тиіс.

Меңгерілген фактілердің негізінде оқушыларға өт-кен тарихи құбылыстарды бейнелейтін нақты тарихи жүйесі қалыптасады.

Білімдік міндеті: Түрлі дағдыларды, іскерлік пен шеберлікті қалыптастыру болып табылады. Бұл – та-рихты оқытуға қойылатын талаптардың бірі. Егер оқушы бағдарламадағы көрсетілген талаптарды, дағ-дыларды қолдана алмаса, онда олар тарихтан берік білім ала алмайды. **Тәрбиелік міндеті:** Адамзат тарихының, қоғам дамуының заңдылықтарын ғы-лыми тұрғыда түсіндіре отырып, олардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру. Соңғы кезде бұл «гума-низациялау» – ізгілікке тәрбиелеу деп аталады. **Да-мытушылық міндеті:** Оқушыны дамыту үшін ауыр, жеңіл сұрақтарды қоямыз. Соның нәтижесінде тұл-ғаны қалыптастыру бірінші орында болуы керек.

Қазіргі кездегі негізгі міндет: Оқушының білім дәрежесін көтеру. Бұл жөнінде Қазақстан Респуб-ликасының Конституциясы, Н.Ә.Назарбаевтың «Қа-зақстан – 2050», «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан», т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Сабаққа қойылатын талаптар:

-Сабақтың ғылыми-теориялық, саяси-идеялық дә-режесіне қойылатын талаптар (мазмұндылығы, түсі-ніктілігі, эмоциялығы, тартымдылығы).

-Айтылған тарихи фактінің дәлдігі, дұрыстығы.

-Оқиғалардың, құбылыстардың толық талдануы, жасалған қорытындылардың, берілген бағалардың дұрыстығы.

-Мұғалім әңгімесінің жүйелілігі, логикалық байланыс-тылығы, негізгі мәселелердің бөлініп, ажыратылып көрсетілуі.

-Әңгіме толықтығы.

-Тарихи материалдық ғылыми-теориялық және методологиялық дәрежесі.

-Мұғалімнің баяндауына оқушылардың қатысуы.

Сабақтың әдістемелік дәрежесіне қойылатын

талаптар:

-Сабақтың айқын мақсаттылығы.

-Сабақтың жеке буындарының сипаты (тапсырманы сұрау, жаңа материалды оқып-үйренуге әзірлеу және оны түсіндіру, пысықтау, үй тапсырмасы, т.б.).

-Тарихи образдармен, ұғымдармен, терминдермен жұмыс.

-Қайталау.

-Салыстыру, қазіргі кезеңмен байланыстыру.

-Оқу материалдарының тәрбиелік мүмкіндігін жү-зеге асыру.

-Картамен жұмыс.

-Иллюстрациямен жұмыс.

-Түрлі деректермен жүргізілген жұмыстар (тарихи документтер).

-Хронологияны меңгеру.

-Оқушылардың өздігінше атқарған жұмыстары (олардың сипаты, оқушының жалпы дамуына, дағды-лар мен шеберліктерді қалыптастыруға жасалған ықпалы).

-Оқулықпен жұмыс.

-Көркем әдебиетті пайдалану.

-Жергілікті өлке материалдарын пайдалану.

-Техникалық құралдарды пайдалану.

-Пәнаралық байланысты жүзеге асыру.

-Бүкілсыныппен, белгілі топпен, жеке оқушылармен жұмыс жүргізу формаларын ұйымдастыру.

-Жаңа материалды оқып-үйренуге оқушыларды қалыптастыру.

-Дағдылар мен шеберлікті қалыптастыру.

Оқушылардың білімі мен даму дәрежесіне қо-йылатын талаптар:

-Тарихи білімдердің көлемі, дайындығы мен даму дәрежесі.

-Оқушылардың мінез-құлқы.

-Сабаққа қызығу дәрежесі.

-Белсенділігі.

-Жақсы және өте жақсы, орта және нашар оқушы-лар (бұл осы сабақта неден байқалады).

-Оқушылардың бүгінгі материалды меңгеру және білімдердің тиянақтылық дәрежесі.

Мұғалімнің педагогикалық мінез-құлқына қо-йылатын талаптар:

-Мұғалімнің оқушыларды білетіндігі.

-Сыныппен тығыз байланыс жасай білу, сыныпты меңгеру, оны тәртіпті ұстау және оқу үдерісіне жұ-мылдыра алу.

-Өзін еркін ұстайтындығы.

-Дауыс ырғағын, қимылды, мимиканы орынды қолдана білу.

-Мұғалімнің сыныпта жүріп-тұруы.

-Мұғалімнің сыртқы болмысы.

-Бұл талаптардың бәрін бір сабақтың үстінде орындау мүмкін емес. Бірақ бұл – сабақтың дә-режесіне қойылатын талаптар.

Алматы қаласы.

Құрметті, «Қазақ тарихы» журналының редакциясы!

Мен – сіздердің тұрақты оқырмандарыңыздың бірімін. Осы уақытқа дейін журналға 2 рет мақала жібердім. Екеуі де жарық көрді. Сіздерге көп-көп рахмет! Бұл жолы 5-сыныптың тізбектелген екі сабақ жоспарын жіберіп отырмын. II (негізгі) деңгей бойынша сертификатталған мұғаліммін. 5-сынып пен 11-сыныпта 2015-2016 оқу жылында жаңаша бағытта жұмыс жасағандықтан, бұл сыныптардан бір жылға Қазақстан тарихы бойынша қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) толық жасалған болатын. Маған жан-жақтағы әріптестерімнен ҚМЖ сұраған өтініштер жиі түседі. Әрине, әріптестеріме көмек қолын созған құрыс қой. Әйтсе де бір сабаққа ҚМЖ мен ресурсын дайындау үшін қаншама уақыт кетеді. Ал кей әріптестер біреудің көз майын тауысып жасаған жоспарын оп-оңай пайдаланғысы келеді. Сондықтан, басында жарық көрген соң барып әріптестеріме тарапуды жөн деп таптым. Реті келсе ақпанда жарық көрсе деген тілегім бар.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКА ӨНЕРІ

(Қазақстан тарихынан әңгімелер. 5-сынып)

Айнагүл КОЙШЫБАЕВА,

Абай атындағы жалпы білім беретін орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты		Қазақ халқының музыкасы, әнші, күйші, қобызшылары, олардың шығармалары жайында түсініктерін кеңейту, өмірмен сабақтастыра қарастыру.					
Күтілетін нәтиже		Қазақ халқының музыкасы, әнші, күйші, қобызшылары, олардың шығармалары жайында түсініктері кеңейеді, тарихи оқиғамен, өмірмен сабақтастыра алады.					
Сілтеме		5-сыныптың Қазақстан тарихынан әңгімелері оқулығы.					
Негізгі идеясы		Тарих сабағында диалогтық оқыту түрлерін қолдану арқылы ғылыми стильде мазмұндауға үйрете отырып, сыни ойлау дағдыларын дамыту.					
Ресурстар		5-сыныптың оқулығы, әдістемелік құралдар, маркерлер, А4 парағы.					
Сабақтың уақыты		45 минут.					
Үйге тапсырма		§ 21.97-100-беттер.					
Ойлауды Блум бойынша жіктеу	Мақсат	Тапсырма түрі, түрткілер	Нәтиже	Бағалау			
Білу 5 мин	Есте сақтау қабілеттерін арттыру.	“Наурыз мейрамы” тақырыбына дұрыс не дұрыс емес тапсырмасы. Сурет бойынша жаңа тақырыпқа келу.	Есте сақтаулары жақсарады.	критерийлер	дескриптор	ұпай	баға
				Тапсырманы толық, түсініп орындауы.	Жоғары	3	
					орташа	2	
					төмен	1	
Түсіну 13 мин	Тыңдау және көру арқылы ойды анықтау.	1. “Жіктеу” тапсырмасы арқылы жаңа тақырыппен жұмыс. 2. “Қобыз сарыны” М.Мағауиннің шығармасынан үзінді оқу. 3. “Ақсақ құлан” мультфильмінен үзінді көрсету.	Көру мен тыңдаудан соң тақырыптың өзекті ойын анықтайды.	Тыңдалым мен көрсетілімдегі негізгі ойды табуы.	жоғары	3	
					орташа	2	
					төмен	1	
					Қолдану 8 мин	Білімін қолдануға үйрету.	Тыңдалым мен көрсетілім бойынша салыстыру жұмысы. Ортақ не? Ерекшелігі не?
орташа	2						
төмен	1						
Талдау 8 минут	Алған әсерімен бөлісіп талдауға үйрету.	Төкпе күй мен шертпе күйден үзінді тыңдату және ерекшелігін ажырату. Тыңдалымнан кейінгі көңіл күйлерімен бөлісу.	Әсерлерімен бөліседі, өзара талдайды.	Талдау деңгейі			
					орташа	2	
					төмен	1	
					Жинақтау 7 мин	Тақырып бойынша білімдерін жинақтау.	“Күй құдыреті” тақырыбында ойтолғау жазу.
орташа	2						
төмен	1						
Бағалау 4 мин	Тұлғаға баға беру.	“Шыңғыс хан қандай адам?” тұлғаалық қасиеттерін көрсету.	Тұлғалық қасиеттерін бағалайды.	Бағалаудағы шынайылығы.			
					орташа	2	
					төмен	1	

Қарағанды облысы, Шет ауданы.

АТА ЗАҢЫМ АЯЛАЙДЫ ЕЛІМДІ

Оразбай ЖҰМАҒАЛИЕВ,
№8 мектеп-кешенінің І санатты тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты Білімділік: оқушыларды еліміздің тарихы, ҚР Конституциясының мазмұнымен таныстыру, болашақта Отанымызды өркендетуге білімді адамдар керек екенін түсіндіру. **Тәрбиелік:** өз Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. **Дамытушылық:** оқушылардың тілдерін дамыту, мәнерлеп айту, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Сабақтың әдісі: интеллектуалдық сайыс.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, тарих, география, биология және экология пәндері.

Көрнекілігі: шарлар, интертақта, сандық фото-аппарат.

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Еліміз өз Тәуелсіздігінің жиырма бесінші мерейтойлық жылын тойлауда. Біз осынау қысқа мерзімде ғасырларға бергісіз жолдардан өттік. Құқықтық мемлекет, заңның жоғарғы мәртебелілігі, Конституцияның мызғымас беріктігі ұлттық идеологияның негізі және түп қазығы екенін мойындауымыз керек. Осы игі шараға біз де өз үлесімізді қосу мақсатында мектебіміздің «Заңгер» үйірмесінің ұйымдастыруымен **«Ата заңым аялайды елімді»** тақырыбы аясында өтетін интеллектуалдық сайысты бастауға рұқсат етіңіздер.

Мерекеде шаттанады көңілі.

Ата заңның мәртебесі биіктеп,

Нұрлы болсын азат елдің өмірі.

Орнағанда әрбір елге заңдылық,

Ата берсін алдымыздан таң күліп, –

дей келе, ортада – «Заңгер» үйірмесінің 8-сынып оқушылары «Ерке наз» биі мен қарсы алыңыздар. Интеллектуалдық сайыс сабақтың жоспарымен танысыңдар:

1-кезең: «Білім ағашы».

2-кезең: «Құқық әліппесі».

3-кезең: «Сөз тапқанға».

4-кезең: «Тарихқа саяхат».

Сайыс сабақта әділ баға беріп, ұпай санын шығаратын әділ қазылар алқасымен таныстырамын.

Сайыскерлеріміз дайын болса, **1-кезең «Білім ағашы».** Әр қатысушы Білім ағашының жапырағындағы жасырылған сұрақтарға жауап береді. Әр қатысушыға бір сұрақтан беріледі және сұрақтың жауабына қарай қазылар алқалары 1,2,3 ұпайдан қояды.

Бірінші кезеңнің тапсырмалары:

1. Қазақстан тарихында «Жеті жарғы» заңдар жинағының пайда болуы қай ханның есімімен байланысты? (Тәуке хан).

2. ҚР Үкіметі қандай билікті жүзеге асырады? (Атқару).

3. ҚР-ның басқару түрі? (Президенттік).

4. ҚР заң шығару билігін атқаратын орган? (Парламент).

5. ҚР азаматтығын алу мәселесін кім шешеді? (Президент).

6. Азаматтығы жоқ және шетел азаматтары Қазақстанда әскери міндеттілік қызметін атқара ма? (ат-

қармайды).

7. Республикалық референдум өткізу туралы мәселені кім шешеді? (Конституциялық Кеңес).

8. ҚР-ның Конституциясы бойынша Үкіметті кім құрады? (Президент).

9. Конституциялық Кеңестің мүшесі қанша адамнан тұрады? (7).

Ата Заңым – ар-намысым айбарым,

Сенің арқан бұзылмаған қаймағым.

Ата Заңның аясында көш бастап,

Тұғырлардан желбірей бер байрағым!

дей келе, – **2-кезең «Құқық әліппесі»** – сайыскерлерге интерактивті тақтаға 9 әріп беріледі. Сайыскерлер өздеріне ұнаған әріпті таңдайды. Қойылатын сұрақтың жауабы таңдаған әріптен басталады. Әділ қазы алқалары сұрақтың жауабына қарай 1, 2, 3 ұпайдан қояды. Сонымен қатар сайыстың шарттарына байланысты ең төмен ұпай жинаған 3 сайыскерімізбен қоштасамыз.

Екінші кезеңнің тапсырмалары:

1. Талдап түсіндірілетін заңдар жинағы (к – кодекс).

2. Билік мұраға қалдырылатын мемлекеттік басқару формасы (м – монархия).

3. Ер мен әйелдің отбасын құру үшін құрған заңды одағы (н – неке).

4. Ресми жарияланған бағдарламалық мәлімдеме (д – декларация).

5. Аса маңызды мәселелер бойынша бүкілхалықтың дауыс беруі (р – референдум).

6. Мемлекет тарапынан заңдастырылған, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі (қ – құқық).

7. Қылмыстық құқықтың қылмыс жасауда кінәлі деп танылған адамға сот үкімі арқылы тағайындалатын мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы (ж – жаза).

8. Сотқа арызданушының немесе талапкердің ісін жүргізуші (а – адвокат).

9. Дауыс беру арқылы мемлекеттік органдарды құрудың тәсілі (с – сайлау).

Ата Заңым – егемендік, теңдігім,

Қанат жайып көкке өрлеген кеңдігім.

Ата заңмен іргелімін мен бүгін,

Ата заңым еңселеген елдігім.

дей келе, – **3-кезең «Сөз тапқанға»** бұл сайыста интерактивті тақтаға «Азаматтық» деген сөз беріледі. Сайыскерлер 1 минут ішінде осы сөзден бірнеше сөз құрауы керек. Сайыскер өзінің әр құраған сөзіне 1 ұпайдан жинайды. Сайыстың шарттарына байланысты ең төмен ұпай жинаған 1 қатысушымызбен қоштасамыз.

Ата Заңым – Тәуелсіздік таңысың,

Арайланып атар ұрпақ қамы үшін.

Әділеттің ақ жолына бастайтын,

Ата Заңым – туған елдің бағысың.

дей келе, – **4-кезең «Тарихқа саяхат»** – интерактивті тақтадан әр қатысушыға 2 сұрақтан қойылады. Әр сұрақтың жауабына қарай сайыскер 1, 2, 3 ұпайдан жинайды. **Төртінші кезеңнің тапсырмалары:** 1. ҚР Қарулы Күштері туралы қай жылы, қай айда және қай

күні құрылды? (1992 ж. 7 мамыр).

2. Семей ядролық полигоны қай жылы, қай айда және қай күні жабылды? (1991 ж. 29 тамыз).

3. ҚР-ның ұлттық валютасы – теңге қай жылы, қай айда, қай күні айналымға енді? (1993 ж. 15 қараша).

4. «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму» бағдарламасы қай жылы, қай айда және қай күні жарияланды? (1997 ж. 10 қазан).

5. Республикалық референдумда ҚР-ның жаңа Конституциясы қай жылы, қай айда және қай күні қабылданды? (1995 ж. 30 тамыз).

6. «ҚР мемлекеттік шекарасы туралы» заңы қай жылы, қай айда және қай күні қабылданды? (1993 ж. 13 қаңтар).

Әділ қазы алқалары сайысымыздың қорытындысын шығарғанша, «Заңгер» үйірмесінің 7-сынып оқушылары өздерінің «Ата Заңым» атты өлеңдерін тарту етеді. Сайыс сабақта әділ баға беріп отырған әділ қазылар алқалары ұпай санын шығарсаңыздар.

Тарих және құқық пәндерінің мұғалімдері сайыс сабағымызда жеңіске жеткен қатысушыларды марапаттайды.

Қорытынды. Ата Заңымыз – дүние жүзіндегі ең жас Конституциялардың бірі. Ол – мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Конституция біздің Тәуелсіздігімізді нығайтты, мемлекетті және бүкіл қоғамды берік етті. Сондықтан да біздің ортақ парызымыз – Негізгі заңға құндылықпен қарау, оны өз Отанымызды, өз Тарихымызды құрметтегендей құрметтеу. Әрбір қазақстандықтың Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сонымен бірге жеке өзі, өз отбасы мен өз балалары үшін де мәнділігін бағалай білуі, конституциялық міндеттемелерін қастерлеп, сақтап, орындауы маңызды.

Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы.

АДАМ. ҚОҒАМ. ҚҰҚЫҚ.

АДАМДАРДЫҢ КӨПҰЛТТЫ ҚОҒАМДАҒЫ ВЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

(Адам. Қоғам. Құқық. 10-сынып.)

Бақытханым ЖҰМАҒҰЛ,
Совхоз жалпы орта білім беретін мектеп-
балабақшасының тарих және құқық пәні мұғалімі

Мақсаты: оқушыларға тақырыпты қысқаша мазмұндап, түсіндіру, қосымша мағлұматтар беру арқылы тақырыпты тереңнен ұғындыру. **Білімділік:** оқушылардың білімін сұрақ-жауап, мақал-мәтелдер арқылы жетілдіріп, өз бетімен жұмыстануға дағдыландыру. **Тәрбиелілік:** оқушыларды ұлтжандылыққа баули отырып, толерантты болуға тәрбиелеу.

Түрі: аралас.

Типі: баяндау, мазмұндау.

Әдісі: сұрақ-жауап, мақал-мәтел, СТО, т.б.

Көрнекілігі: слайд, бейнетаспа, т.б.

Пәнаралық байланыс: Тарих, қазақ әдебиеті.

Өмірмен байланыс: Қазақстан Республикасының Ассамблеясы.

Аймақтық байланыс: Ауылдағы өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынас.

Барысы: I Ұйымдастыру бөлімі.

- оқушылармен сәлемдесу;

- оқушыларды түгелдеу;

- үй жұмысына назарларын аудару;

- жаңа сабаққа дайындық.

II Үй жұмысы. § 13 Отбасы әлеуметтік топ ретінде. - Психологиялық дайындық «Отбасы» туралы бейнеролик көрсету;

- ауызша мазмұндау;

- «Топтастыру» **Сенің отбасың қандай?** Әрқайсысы стикерлерге жазып жапсыру.

Отбасы – Шынайы; Берік; Жанашыр; Тату-тәтті; Дос; Ынтымағы жарасқан.

III Қорытындылау. Отбасы туралы мақал мәтелдер айту.

1. Сіз, біз деген жылы сөз,

Ағайынға жарасар.

2. Ата – баланың қорғаны.

3. Бала – ананың бауыр еті.

4. Інісі бардың тынысы бар,

Ағасы бардың жағасы бар.

5. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсін.

6. Қарындасым қарлығашым.

IV Жаңа сабақ § 14.

Жоспары: 1. Этникалық қауымдастықтар. Слайд (мұғалімнің ауызша, қысқаша мазмұндап, баяндауы).

2. Қазақстандағы ұлтаралық келісім мен ұлттық бірлік (Оқушылардың постер қорғауы).

3. Қосымша дерек. Л.Гумелев өмірбаянымен таныстыру, портретін көрсету.

V Бекіту. Сұрақ-жауап.

1. Біздің ауылда қандай өзге этнос өкілдері бар? (орыс, татар, украин, башқұрт, белорусь).

2. Өзге ұлт өкілдерінен кімдерді танысың? (Валбачевтар отбасы, Махмудовтар отбасы, Рагожиндар отбасы, Есимовтар отбасы, т.б.).

3. Өзге ұлт өкілдерімен бірлескен қандай шаралар өткізіледі? (кездесу кеші, дөңгелек үстел).

4. Өзге ұлт өкілі ауылдастарымызбен қарым-қатынасымыз қандай? (тату-тәтті, достық, толерантты).

5. Осы ауылдастарымызбен қандай мерекелерді бірігіп тойлаймыз? (1 мамыр – бірлік күнін, 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күнін).

Қосымша материал: Қазақстан Республикасы Ассамблеясының құрылуы, мақсат-міндеттері туралы бейнеролик көрсету.

VI Үйге § 14 тақырыпты оқу, мазмұндау. «Толеранттылық достық кепілі» тақырыбында эссе жазу.

VII Бағалау.

Батыс Қазақстан облысы,
Таскала ауданы,
Атамекен ауылы.

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ АДАМ ХАҚЫНДА

Айгүл ӘБДЕШБЕК,

Д.Құрманбек атындағы №20 колледжінің тарих пәнінің магистранты

Сабақтың мақсаты. Білімділік: студенттерді ізденіске жетелеу, оқығанын талдап, мәнін аша білуге үйрету. Студенттің өзіндік пікірінің қалыптасуына ықпал жасау, ой қорыта білуге, аз сөзбен түйіндеуге дағдыландыру. **Тәрбиелік:** адамдық асыл қасиеттерге ұмтылуға, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеу. Ұлы ойшылдардың насихат сөздеріндегі өмірлік тағылымдарының мағынасын ашып, бүгінгі өмірге байланыстылығын жете түсіндіру. Адами қасиеттерді бойына сіңіре білуге дағдыландыру. **Дамытушылық.** Студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасау. Танымдық ойлау қабілетін дамыту. Философиялық көзқарасын қалыптастыруға баулу.

Сабақтың түрі: Ізденіс.

Сабақтың әдісі: Интерактивті, топтық жұмыс, сұрақ-жауап, пікір алысу, ауызша баяндау, ой-тұжырым.

Көрнекілігі: Қазақ ойшылдарының бейне суреттері мен дәйекті сөздер (слайд негізінде).

Пәнаралық байланыс: Тарих, әлеуметтану, әдебиет.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Оқытушы: Бүгінгі сабағымызды Әл-Фарабидің «Өткенді білмей – қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» деген сөзімен байланыстырайық. Сабағымыз «Қоғам және адам хақында қазақ ойшылдарының топшылаулары» деп аталады. Бұл тақырыпқа байланысты көптеген мәліметтер, деректер, еңбектер берілген. Осы орайда ойымызды бір жүйеге келтіру, жинақтау мақсатында сіздерге алдын-ала тапсырмалар берілген. Ендеше, тапсырмалардың орындалу барысына тоқталайық.

Топты 3-ке бөлеміз. Топ тақырыптары белгіленеді.

Жоспары: I Ежелгі дүние ойшылдары.

II Орта ғасыр ойшылдары.

III Жаңа ғасыр ойшылдары.

Ежелгі дүние ойшылдары: Ежелгі аңыздар ойшылдары. Шығыс ойшылдары. Грек ойшылдары.

Орта ғасыр ойшылдары: Қорқыт ата, Ахмет Иүгінеки, Әл-Фараби, Қ.А.Яссауи, М.Х.Дулати, Жүсіп Баласағұн, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

Жаңа ғасыр ойшылдары: Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, А.Құнанбаев, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, т.б.

1-топ студенттері: Адам, қоғам, табиғат туралы ойлар алғашқы кезде аңыз арқылы таралды. Онда жаратушы бар екені анық айтылды. Аңызда әлем, жер, су, елді мекен, ру-тайпа, жеке адамның өмірі көптеп кездеседі.

Қытай философы Конфуций (б.з.д. 551 – 479 ж.) адамдар арасында гуманизм, мейірімділік, үстемдік құруы керек. Күнделікті өмірде өзгелерге көмек көрсету, алға қойған мақсатқа өз күшімен жету, өзіңе тілемегенді өзгеге тілеме қағидалары салтанат құрсын. Мемлекет – үлкен отбасы. Оның басқарушысы – Аспан, халықтың ата-анасы сияқты. Мемлекетті басқарушы адамдардың бойында философиялық, әдебиеттің, ғылымның және әкімнің қасиеттерінің бәрі болуы тиіс.

Антикалық пікірдің салықалы ойларын айтқандар – Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Эпикур. Платон – мемлекетті парасатты, білімді адамдар басқаруы керек дейді. Адамдардың бірлесіп өмір сүруін мемлекет дейді. Платон (б. з. д 428 - 347 ж.) 30-дан астам философиялық еңбектің авторы. «Парменид» «Мемлекет»

«Мемлекет пен отбасының айырмашылығы жоқ, екіншісі біріншісінің құрамына еніп кеткен», – дейді.

Антикалық дәуірдің ұлы ойшылы – Аристотель. Ол адамның ақылы мен парасатын жоғары күш деп бағалаған. Ой мен даналық жоғары текті адамға тән.

2-топ студенттері: Қорқыт ата – VIII ғ. өмір сүрген оғыз-қыпшақ елінің философы. Мәңгілік өмір және өлім философиясын жасаушы. Негізгі шығармасы «Қорқыт ата кітабы».

Әл-Фараби «Бақытқа жол сілтеу» трактатында ұлы ұстаз о дүниенің баянсыз бақыты туралы емес, тірі адамның шынайы өміріндегі бақыты туралы сөз қозғайды. Әл-Фарабидің этикалық көз-қарасты танытатын тағы бір шығармасы – «Қайырымды қала тұрғындарының көз-қарасы». Онда философ полистің тұрғындары бақытты болуы үшін оны жақсы әкім басқаруы керек деп ұғады. Жақсы әкім сипаттамасы мынадай: әділ, инабатты, мейірімді, жан-жақты білімді, жақсылыққа жаны құмар, батыл, жомарт жан. Жеке адамның бақыты жалпы қоғам бақытына ұласады деп есептеген.

Жүсіп Баласағұни – данышпан, ойшыл, философ. Оның адамгершілік ұстанымдарын, түркілер дәуірінің талап-тілектері тұрғысына жататын «Құтты білік» поэмасының басты идеясы деген. Біріншісі – мемлекетті дұрыс, әділеттік ұстанымы; екіншісі – бақ қонсын деген тілек; үшіншісі – ақыл; ал төртіншісі – қанағат-ынсап мәселесі.

3-топ студенттері: XV-XVIII ғғ. философиялық ой-толғамдар негізінен жыраулық түрде дамыды. Қазақ халқының ақын-жырауларының ішінен Сыпыра жырауды, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Ақтамберді, Бұқар жырауларды атауға болады. Қазақ халқының тарихында XIX ғасыр ерекше орын алады. Бұл ғасыр қазақ мәдениетінде «ағартушылық философия» деп аталады. Қазақ ағартушылық философиясының көрнекті өкілдері: Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Сахарадағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (құдай)» деген еңбектерінде философияның негізгі мәселесіне қатысты пікірлер айтады. А.Құнанбаев (1845-1904) қазақ ағартушылығында, қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл. Оның шығармашылық мұрасы өлең, дастан, философиялық проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931) Шығармалары: «Үш анық», «Мұсылмандық шарты». XX ғасырдың басында С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, т.б. озық ойлы қоғам қайраткерлері саяси сахнаға шығып, ең алдымен «Зар заман» (М.Әуезов) дәуірі өкілдерінің ой-пікірлерін дамытты. Олар өз шығармаларында отаршылдық бұғаудан құтылу, қазақ халқын өз алдына тәуелсіз ел ету, халықтың санасын ояту, надандықтан арылу мәселелерін көтерді.

Ізденіс: 1.Ежелгі дүние ойшылдарының ой тұжырымы. 2. Орта ғасыр ойшылдарының ой толғамы. 3. Жаңа ғасыр ойшылдарының ой-тұжырымы. 4. Бекіту: Қазақ ойшылдары туралы кесте толтыру.

Қорытынды:

Үйге: «Қазіргі қоғам» тақырыбында реферат жазу.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

Отырар ауданы.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ

Ұлжан СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
Қаршы орта жалпы білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты: Тәуелсіздік Декларациясы және Н.Назарбаевтың «Ұлы Дала ұлағаты» атты еңбегі, «Мәңгілік Ел» идеясы туралы таныстыра отырып, оқушылардың ой-толғауларын ортаға салып, дүниетанымын кеңейту. Оқушыларға еліміздің өткені мен болашағы, даму тарихы туралы мағлұматтар бере отырып келешекке сеніммен қарауға, елжандылыққа, ұлтын сүйуге, қастерлеуге үйрету. Мәңгілік елімізді өркендетуге өз үлесімізді қосу, саналы азамат тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кітап көрмесі, еліміздің рәміздері, қанатты сөздер, слайд.

Барысы. Ұйымдастыру кезеңі. Кіріспе сөз.

– Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар және қадірлі қонақтар! Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіз елдің тарихи мұрасы» атты конференцияға қош келдіңіздер!

1-оқушы:

*Қазақстан – егеменді ел, тәуелсіз ел,
Болашаққа нық басып буынған бел.
Көкке өрлеген байрақты желбіретіп,
Қуаныш пен шаттыққа Қадам басты ел!*

2-оқушы:

*Тәуелсіздік – бастауы бар бақыттың,
Тәуелсіздік – ұлтың менен ұраның,
Шартарапта шаттығындай азаттық,
Ғасыр сүйіп тұрғандайын ғажап күн!
Көк байрағы, Елтаңбасы, бірлігі,
Шалқи берсін Әнұраны қазақтың!
Әнұран орындалады.*

Мұғалім: Тәуелсіздік – біздің басты құндылығымыз. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қадірлі күн.

Тәуелсіздік! Атың қандай әдемі!

Көзге елестер бүкіл қазақ әлемі,

Атам қазақ аңсағаны – еркіндік,

Сақтау үшін азаттықты бекіндік!

Еліміздің ұлт тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен қарап тарихқа көз жүгіртейік! («Шашу»).

Әр үстелдерге түсті қағаздарға жазылған тарихи хроника шашылады.

1986 ж. 17-18 желтоқсан, 1990 ж. 25 қазан, 1989 ж. 22 қыркүйек, 1990 ж. сәуір, 1991 ж. 2 қазан, 1991 ж. 1 желтоқсан, 1991 ж. 16 желтоқсан, 1992 ж. 4 маусым, 1992 ж. 2 наурыз, 1993 ж. 15 қараша, 1993 ж. 28 қаңтар, 1995 ж. 1 наурыз, 1995 ж. 30 тамыз, 1997 ж. қазан, 1997 ж. желтоқсан, 1998 ж. 6 мамыр, 2010 ж. желтоқсан, 2011 қаңтар-ақпан, 2012 ж. 22 қараша, 2015 желтоқсан, 2014 ж. 11 қараша, 2015 ж., 2016 ж. 23 қараша.

Мұғалім: – Бұл күнге жету үшін ата-бабамыз қан төкті, жанын берді, бүкіл ерміздің тұтастығын сақтап ұрпақтан ұрпаққа табыс етті.

– 200 жыл патшалы Ресейдің отары болдық.

– 70 жыл әміршіл-әкімшіл үкімет үстемдік етті. Тілімізден, дінімізден айрылды. Тәуелсіздік үшін халқымыз 325 рет көтеріліске шықты.

– 1920-1922 ж., 1930-1932 жылдары ұлтымыз қолдан жасалған аштықтан, зорлық-зомбылықтан елінен безіп, руын, туған-туысқанын сақтап қалу үшін 44 елге тарыдай шашылып кетті. – 1986 ж. желтоқсан қозғалысымен тарихқа енді.

– 1991 ж. 16 желтоқсан күні дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді.

3-оқушы: *Он алтыншы желтоқсан,*

Тәуелсіздік алған күн!

Азаттықтың ақ таңы

Арайланып атқан күн!

Көңіл толып, шаттанып,

Қуанышқа батқан күн!

Мұғалім: Осы тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай 23 қараша күні Тәуелсіздік Декларациясы қабылданды. («Тәуелсіздік декларациясынан» баяндама оқылады).

4, 5-оқушы өлең жолдарын оқиды.

Мұғалім: – Елбасы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын Қазақ елін бір ғасырдың еншісіне де сыя қоймастай тарихи жолдан алып өтті. Қазақ елі дүниенің төрт бұрышына ең әуелі Назарбаев есімімен, Назарбаев келбетімен танылды. Назарбаев қазақ елі үшін Өлемге, Ғарышқа, болашаққа жол ашып берді.

10-сынып оқушылары Елбасының «Ұлы дала ұлағаттары» толғауымен таныстырып өтеді.

Елбасының «Жан шуағы» жыр жинағындағы халқына арналған өлеңінен бірнеше оқушы үзінді оқиды.

Мұғалім: Сонау бағзы заманда Тоныкөк абыз: «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп еді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «Мәңгілік Елді» басты бағдар етіп, Тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы жолға айналдырды.

Ендігі сөз 11-сынып оқушыларына беріледі.

Баяндама: «Мәңгілік Ел – Болашақ Біртұтас Ұлт».

Оқушы: – Мәңгілік Ел – арманымыздың асқары. Мәңгілік Ел – бақытымның бастауы Мәңгілік Ел – тарихымыздың дастаны. Мәңгілік Ел – нұрлы жолға бастауы. Мәңгілік Ел – ынтымақ пен бірлікте. Мәңгілік Ел – ымыралы тірлікте. Мәңгілік Ел – ертеңінді ұлықтау. Мәңгілік Ел – өткенінді ұмытпау. Мәңгілік Ел – бейбіт өмір әуені. Мәңгілік Ел – Ел Анамдай әдемі. Мәңгілік Ел – Тәуелсіздік тірегі. Мәңгілік Ел – ұлт пен ұлыс тілегі.

Мұғалім: – «Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік. Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген Тәуелсіздікті ешкімге бере алмаймыз! Тәуелсіздігімізді қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек», – дейді Тұңғыш Президентіміз. Елбасының ойын іске асыратын, арманын орындайтын, үмітін ақтайтын сендерсіңдер. Қазақ елінің жастары намысты, арлы, иманды болсын! Декларацияда атап көрсеткендей, біздің бірінші кезектегі мақсатымыз Елбасы төңірегіне топтасып, ең қымбат қазынамыз – Тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап және ұрпақтарымызға аманат қылып қалдыру.

Ән: «Атамекен».

Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы.

Қазақ тарихы

№2 (149), ақпан, 2017

ЖАҢА ТАС ДӘУІРІ (Неолит)

Бақытжан АҚДӨНОВ (Ақдонов),
Ұшағаш негізгі орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақ мақсаты.	Неолит төңкерісі, яғни өндіргіш шаруашылыққа көшу туралы түсініктерін кеңейту.		
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: А. Жаңа тас дәуірде тас өңдеу техникасының гүлденгенін, өндіргіш шаруашылыққа көшкенін және еңбек бөлінісінің пайда болуын біледі.		
	Оқушылардың басым бөлігі: В. Неолит заманының ерекшеліктерін талдай отырып, өзге дәуірлерден маңызын анықтайды.		
	Кейбір оқушылар: С. Неолит төңкерісінің мәнін саралай, қоғамдық еңбек бөлінісінің тарихтағы орнын зерделейді.		
Тілдік мақсат	Оқушылар: Жаңа тас дәуірде тас өңдеу техникасының гүлденгенін, өндіргіш шаруашылыққа көшкенін және еңбек бөлінісінің пайда болуын зерделеп, көзқарасын өз сөзімен жеткізе біледі.		
	Негізгі сөздер мен тіркестер:		
	Ежелгі Қазақстан тарихының терминдерімен жұмыс.		
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:		
	Талқылауға арналған тармақтар (тыңдалым).		
	Адамдар өнім өндіріп, құрал-сайман жасауда жетістіктері тарихта неолит төңкеріс деп аталған, себебі...		
	Сіз неліктен екенін аласыз ба? (айтылым).		
Алдыңғы оқу	Тас дәуірінің дамыған кезеңі неолитте адамзат көптеген жаңалықтар ойлап тауып, егіншілік пен мал шаруашылығының дамуы әртүрлі кәсіптердің – өрмешілік, ыдыс жасау, тері өңдеу және басқа да тұрмысқа қажетті заттарды дайындаудың дамуына әкелгенін дәлелдейді.		
	Жазылым бойынша ұсыныстар:		
Жоспар	Қосымша оқуға арналған материалдарды пайдалану. Ежелгі Қазақстан картасынан негізгі оқиғалар болған жерлерді көрсету. Постермен жұмыстану. Тест сұрақтарына жауап беру.		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз).	Формативті бағалау (ОҰБ)	Ресурстар
Басталуы 10мин	Кіріспе. Таныстырылым (1-2 минут) Ұйымдастыру. Үй тапсырмасын тексеру. «Бинго» әдісі арқылы үй тапсырмасына дайындығын тексеремін. (Мезолит адамдарының өміріндегі өзгерістер). «Он сұрақ» әдісі арқылы жаңа сабаққа көпір жасау; Оқушыларды тас дәуірінің үш кезеңі арқылы «Палеолит», «Мезолит» және «Неолит» деп бөлемін; Жаңа сабақтың табыс критерийін бірге анықтау.	Үй тапсырмасын еске түсіре өз білімінің қаншалықты деңгейде екенін тексереді, өзара «Бағдаршам» әдісі бағалайды.	Қазақстан тарихы: (Ә.Т.Төлебаев, Ғ.Д.Іргебаев Алматы «Атамұра» 2015), флипчарт, ақ парақ, қалам сап, Бейне роликтер, карта, тірек-сызба, интербелсенді тақта.
Ортасы 25 мин.	Негізгі бөлім. «Жұптасып-ойланып-бөліс» әдісі арқылы жаңа тас дәуірі тақырыбын өздігінен меңгеру. Постер шығару. Жаңа тақырыпты оқып үйрену үшін жеке оқуға уақыт беру. Оқып болғаннан кейін әр топқа флипчарт таратып, тақырыпты ашу. Бағалау критерийлерін тарату. Постер қорғау. 1-топ: Неолит төңкерісі; 2-топ: Өндіргіш шаруашылыққа көшу; 3-топ: Еңбек бөлінісінің пайда болуы. Бағалау критерийлеріне сүйене отырып «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы бағалату. Кестемен жұмыстанады. Сәйкестендіру. Палеолит – Б.з.б.12 млн – 5 мың жыл. Мезолит – Б.з.б.2,6 млн –12 мың жыл. Неолит – Б.з.б.5 мың – 3 мың жыл.	Топтар оқулық материалдарынан және қосымша мәліметтерден алған мәліметтерін қосып постер құрады. Құрып болғаннан кейін басқа топтардың алдында қорғайды. Әр топ сағат тілімен бағыттала отырып, бағалау критерийлеріне сүйеніп «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» беру арқылы өз ара бағалайды. Постерді бағалау критерийлері: Тақырып мазмұнының ашылуы. Безендірілуі. Шығармашылығы.	
Аяқталуы 10 мин	Бекіту (табыс критерийіне қайта оралды). «Қар кесегі» әдісімен сабақ бекіту. Бағалау. Үйге тапсырма: Деректер жинау. Рефлексия. «Блоб ағашы» (кері байланыс).	Блоб ағашы » арқылы өз деңгейін көрсетеді.	Сөздер жазылған парақшалар.
Қосымша ақпарат. Бейне үзінтер, интернеттен мәліметтер қарап, салыстыру (өз бетімен).			

Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ұшағаш ауылы.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ САҚ ТАЙПАЛАРЫ

Лариса КОЖАХМЕТОВА,
Жаңақала мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаттары: топпен зерттеу жұмысын жүргізеді; Тиімді шешімдерін ауызша және жазбаша жариялайды; Ынтымақтастық ортаны қалыптастыруға жағдай жасау; Пікір алмасады, бір-бірінің жұмысын бағалайды;

Күтілетін нәтиже: оқушылардың өз бетімен білім алуға дағдыланады; Тарихи дәуірге және сол кезеңнің ерекшелігіне сипаттама бере алады; Негізгі ұғымдарды есіне түсіреді.

Сабақтың барысы. Бұл тақырыпта қаралатын

басты мәселе:

-Қазақстан ерте темір дәуірінде, сақ тайпалары (хаомаварға, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және т.б.) сармат тайпалары;

-Ежелгі Қазақстанның металлургиялық орталықтары, шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі, әлеуметтік құрылымы;

-Сақтардың мәдениеті, скиф ұштағаны (триадасы), «Аң стилінің» таралуы, қоғамдық ұйымдасуы мен идеологиясы, археологиялық ескерткіштер.

Кезеңдері	Сабақта орындалуы тиіс іс әрекеттер	Ресурстар
Басы 10 мин	Ұйымдастыру. Амандасу жаттығуын өткізу. Оқушыларды «қанатты сөздерге» қарай топтастыру. «Тарих адамзаттық, одан қала берді әр халықтың өткенінің тәжірибесін жинақтап, жақсысынан үлгі, жаманынан сабақ алатын ұлы мектеп». (Н.Назарбаев). «Өз тарихын сыйламаған халық өзін де сыйламайды» (Н.Ә.Назарбаев). «Тарих бір ғаламат алтын көпір, Ұрпақты ұрпақтарға жалғайтұғын» (Ж.Молдағалиев). «Тарих шындыққа келіп жығылса, ол ғылым» Герадот.	Дәйек-сөздер жазылған А3 форматы.
Ортасы 20 мин	Жаңа тақырыпты жариялау, осы мәселе бойынша алдыңғы білімдерін естеріне түсіру.	Оқулық
Соңы 10 мин	«Ғажайып сызғыш». Әдісі арқылы әр оқушы аталған мәселе бойынша білімдерін бағалайды. Топтарға тапсырмалар ұсыну: 1.«Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар сақтар» деген мәліметті дәлелдеңіздер. 2. «Ерте темір дәуірінің шаруашылығы және қоғамдық құрылысына» сипаттама беріңіздер. 3. Сақтар мәдениеті және археологиялық ескерткіштерін жарнамалаңыздар.	Мәліметтеріне сүйену.
Сабақты бағалау	IV Бағалаушы топ (бағалау критерияларын жасап үш топтың жұмысын сарапқа салады). Оқулықтағы мәліметтерге сүйене отырып тақырыпты талқылауға ұсыныс беру. Берілген мәселе бойынша таныстырылым жасау. Айтылған мәселелер бойынша топтарға қайшылықты сұрақтар қойылады. Топтық жұмысты бағалаушы топ сарапқа салады.	Таныстырылымдар дайындалған постерлер.
Рефлексия	Сабақта алған жаңа мәліметтерге сай «Ғажайып сызғышта» өз білімдерін бағалайды.	Диаграмма.
Үйге тапсырма	Жалпы сабақты саусақ арқылы бағалайды. Жиынтық бағаны қою «Қазақстан тарихындағы сақ тайпалары» тарауын оқып келу.	

Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРМАҚТАРЫ

Карлығаш САРКИНА,
Қарақол орта мектеп-балабақшасының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: оқушыларды Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы тармақтарымен және сілемдерімен таныстыру. Оңтүстік Қазақстанның Батысқа шығатын, Жетісудың Шығысқа шығатын басты қақпа екені ретіндегі маңызын түсіндіру. **Дамытушылық:** оқиғаларға қатысты тарихи танымын қалыптастыра отырып, ойлау, талдау, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту, өзіндік жұмыстар жасай білуге дағдыландыру. **Тәрбиелік:** барлық салада Отанының ілгері дамуы үшін үлес қосуға, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы.

Сабақ түрі: саяхат сабақ.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру, түгендеу.

Кіріспе сөз: Мұғалім Ұлы Жібек жолының бас-талуына тоқталады.

«Психологиялық тренинг» онда оқушыларға «сергіту сәті» ретінде қолданылады.

Жаңа сабақ: «Түйе» жануарымен саяхат басталады.

1-бөкет: Қытай мемлекеті, Ұлы Қытай қорғаны, Хуанхэ өзені. **Тапсырма:** «Тарихи сынақ хат» оқушы шиыршықталған қағаздан сұрақтар оқиды.

Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын бір бағыты оңтүстік-батыс Жетісу жерінен Тараз қаласы арқылы

Алматыға жеткен.

2-бөкет: Тараз қаласы. **Тапсырма:** «Теңгедегі сыр» Ұлы Жібек жолы кезіндегі теңге мен ҚР теңгесін салыстыру.

3-бөкет: Алматы қаласы. **Тапсырма:** «Тарихи диктант». Берілген сөздерден тарихқа қатыстысын жазу немесе айту: Күнделік; Түрік; Қаған; Әлем; Хабар; Таншу; Тараз; Сарай; Қала; Мәдениет; Топ; Көшпелі; Мемлекет; Саяси; Қажет; Қағаз; Ескерткіш; Қимақ; Жақсы; Суяб; Дың; Якка; Қобыз; Етік; Бұрыш; Айна; Тарақ; Сабын.

4-бөкет: Қойлық қаласы. **Тапсырма:** «Сен маған, мен саған». Оқушылар даярлап келген сұрақтарын бір-біріне қояды.

5-бөкет: Отырар қаласы. **Тапсырма:** «Отырардан кімдер шықты?». «Қандай оқиғалар болды?»

Мұхтар Шахановтың «Отырар туралы» өлеңін оқу.

6-бөкет: Түркістан қаласы. **Тапсырма:** «Қазақ хандығының – 550 жылдығы» мерейтойына байланысты. «Фото жұмбақ» бірнеше хандардың суреттері көрсетіледі кім екенін оқушылар айтады.

7-бөкет: Сауран қаласы. **Тапсырма:** «Діндер тоғысы». Онда: манихейлік дін, христиан діні және ислам діні туралы айтады.

8-бекет: Испиджаб (Сауран) қаласы. **Тапсырма:** “Венн диаграммасы”. Оқушылар «түйе», «ұшақ», «машина» суреттеріне қарап ерекшелігі мен ұқсастығын айтады. Оқушылар тарихи негіздеме ретінде өз пікірлерін қағазға түсіреді.

Бекіту бөлімі: «Сәйкестендір». Берілген тапсырмаларды реттеп қояды.

Қорытынды: Жерорта теңізіне жеткен Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы бар және Қазақстан жері ежелден-ақ тарихтың бетінде, сол себепті тарихты

құрметтеп, елін, жерін қорғап, тәуелсіздікті берік ұстап, қоғамға өз үлестерін қосатын азамат қалыптастыру.

Кері байланыс: Оқушылардың сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып «түйе», «ұшақ», «машина» суреттерінің тұсына қояды.

Бағалау бөлімі:

Үйге: оқу, әліде тың материалдар іздеу тапсырылды.

Шығыс Қазақстан облысы,

Үржар ауданы,

Қаракол ауылы.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР *(Қазақстан тарихы. 8-сынып)*

Айнагүл ҚАЛИЕВА,

№3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы		§20-21. 1837-1847 жж. КЕНЕСАРЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС.	
Мақсаты		Патша үкіметінің отарлау саясатының күшеюіне байланысты қазақ халқы өздерінің жерлерінен айырылды, 1822 ж. реформа бойынша салық мөлшері көбейді, хандық билік жойылды осындай көптеген себептерге байланысты қазақ тарихындағы ірі көтерілістердің бірі Кенесары бастаған қазақ халқының азаттық көтерілісі туралы мәліметті меңгеру.	
Күтілетін нәтижелер		Барлығы біледі: А. Кенесары кім, оның тегі, жеке тұлғалық қасиеттері туралы біледі. Басым көпшілігі біледі: В. Көтерілістің шығу себептерін анықтайды. Кейбіреуі: С. Көтерілістің барысын талдайды.	
Керекті жабдықтар		Оқулық, флипчарт, әдістемелік құрал, ресурс парақтары, интертақта, қажетті құралдар.	
Тапсырмалар:		2, 3, 4, 5, 6, 7.	
Сабақ барысы:			
Кез.-рі	Уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	4 мин	Ұйымдастыру. Амандасу. Батырлардың есіміне байланысты бөлу. Кенесары. Ағыбай, Бұқарбай, Иман. “Конверт-сұрақ ” әдісімен үй тапсырмасын сұраймын.	Оқушылар амандасып. Есімдер бойынша топқа бөлінеді. “Конверт-сұрақ” әдісі бойынша, үй тапсырмасын берілген конвертте жасырылған сұрақтарға жауап береді.
Тұсау-кесер	1 мин	Күтілетін нәтижені таныстыру: Өзін-өзі бағалауға арналған табыс критерийі. 1. Кенесары кім, оның тегі, жеке тұлғалық қасиеттері туралы біледі. 2. Көтерілістің шығу себептерін анықтайды. 3. Көтерілістің барысын сипаттай алады. «Кинометафора» әдісі бойынша бейнежазбаға байланысты сұрақ қоюлып соған жауап береді.	Оқушылар мұғалім ұсынған күтілетін нәтижемен танысады. Оқушылар бейнежазбаны қарап, ой қозғау сұрақтарына жауап береді. Бейнежазба Кенесары туралы, Кенесары көтеріліс басшысы, қазақтың соңғы ханы, т.б.
	2 мин		
Негізгі бөлім:	8 мин 2 мин	«Жұптасып-ойланып-бөліс» әдісі бойынша жаңа тақырыпты өздігінен меңгеру үшін жеке оқуға уақыт беру. Жеке оқып болғаннан кейін жұбымен бөліседі.	Тақырыпты жеке оқиды, алған мәліметтері бойынша жұбымен бөліседі, жұптар бір-бірімен ой бөлісіп, талқылайды. Тапсырма: 1-топ: Кенесары кім, оның шыққан тегі, өзінің тұлғалық қасиеті туралы тірек-сызба жасап таныстыру. 2-топ: Кенесары көтерілісін «Фиш-бон» сызбасына салып көтерілістің себебін, барысын, нәтижесін талдау, таныстыру. 3-топ: Кенесары көтерілісін Жоламан көтерілісімен Венн дигараммасы арқылы салыстыру. 1. Жоламан көтерілісінің ерекшелігі. 2.Ұқсастығы. 3. Жоламан көтерілісінің ерекшелігі. 4-топ: Кенесарының I Николайға жолдаған хатынан шағын көрініс шығару. «Смайлик» арқылы өзара бағалау.
Қорытынды	5 мин	«Фасоль қапшығы» әдісі бойынша сұрақ қою. Кері байланыс. Рефлексия үшін үлестірме парақтар таратамын. Үйге тапсырма: Тақырыпты оқу.	Оқушылар «Фасоль қапшығы» әдісі бойынша тақырыптан қойылған сұрақтарға жауап береді. Кері байланыс. 1. Сабақ барысында мен үйрендім. 2.Мені мына мәселе ойландырды. 3. Маған ұнағаны. «Тілек тізбесі». Сыныптастарыңа тілек айту, келесі сабақтан не күтетініңді жазу.
Сабақтың өзіндік талдауы. Сабақ бойынша өзгертулер.			

Батыс Қазақстан облысы, Жанақала ауданы, Жанақала ауылы.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

(Қазақстан тарихы. 8-сынып).

Жадыра РЫСҚАЛИЕВА,
Бозой орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты:	Қазақтардың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы материалдық мәдениеті туралы түсінік қалыптастыру және топтық жұмыс жүргізу арқылы материалдық мәдениеттің қазақ халқының өміріндегі рөлінің маңыздылығын анықтаттыру.				
Күтілетін нәтиже:	XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының материалдық мәдениетінің негізін құрайтын заттарды, олардың тарихтан алар орнының ерекшелігін біліп түсінеді. Материалдық мәдениет туралы ойлау дағдылары мен топ ішінде және тақырыпқа сай өз ойларын толық жеткізе білуге үйренеді.				
Кезеңі	Формасы	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурсы
Кіріспе	Тренинг «Мен елімді теңеймін...». 5 мин. Топқа бөлу. 2 мин.	Оқушыларды шеңбер бойына тұрғызу арқылы өз еліне деген көзқарастарын анықтау. Оқушылардың бойына отансүйгіштік қасиет қалыптастыру. Кеспе қағаздар арқылы 4 топқа бөлу. - Киіз үй. - Қару-жарақ. - Ұлттық ыдыстар. - Ұлттық киім.	Оқушылар шеңбер бойынша орналасып, өз еліне деген көзқарастарын теңеу арқылы білдіреді. Олар 4 топқа кеспе қағаздарын құрастыру арқылы бөлінеді.	Үш шапалақ.	Кеспе қағаздар.
Тұсау-кесер	- «Себет» әдісін пайдалану 3 мин «Конверт сұрақтары» 5 мин	- «Себет» әдісін пайдалану: идея; «ұлттық құндылық»; оқушылардың түсініктері – өнер, білім, ғылым, т.б.; ұсыныс – бұл ұғым материалдық және рухани болып бөлінеді; шешімі – оқушылардың дәлдік жауаптары; атауы – «Мәдениет». «Конверт сұрақтары». 1. Ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды. Бұл – ағаш, киіз, шиден құрастырылады. Дала тұрғындарының тапқырлық шешіміне әлем сарапшылары, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне үлкен баға беріп отырған (Киіз үй). 2. XVIII ғ. Еуропа саяхатшылары қыпшақтарға байланысты тандана жазған дерегі (сүт тағамдары, ыдыстары туралы).	- Оқушылар «Мәдениет» сөзін анықтауы керек - Оқушылар конверттегі сұрақтарға жауап қайтарады. - Топқа берілген тапсырманы анықтау үшін сұрақтың жауаптары сәйкес болады.	Мадақтау	Себет, кеспе қағаздар Конверт, сұрақ жазбалары
Негізгі бөлім	«Галереяға саяхат» әдісі 15 мин	- Топ мүшелеріне 4 түрлі тапсырма беріледі. 1-топ: Тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс – киіз үй. 2-топ: Ұлттық киім – ол біздің ұлттық мәдениетіміз. 3-топ: Ер жігіттің мінезі – қару жарақ. 4-топ: Қазақтың ұлттық ыдыстары. Топ мүшелері өз қабырға газеттеріне басқа топ мүшелерінен стикерлерге жазылған сұрақтары мен тілектеріне тоқталады, жауап қайтарады.	Оқушылар мәтінді оқып, түртіп алады, тақырыпты топта талдап, қосымша материал пайдалана отырып қабырға газетін дайындап галереяға іледі, галереяға саяхат жасап, тілектері мен сұрақтарын жазады. Сұрақтарға жауап береді.	Екі жұлдыз бір тілек	Оқулық, ғаламтор мәліметтері.
Қорытынды	«Себет тапсырмасы» 10 мин «Қарлы кесек» әдісі 3 мин	Тапсырмаларды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып орындау: 1-топ: «Өмір ағашын» құрастыру (Киіз үйдің қызметі). 2-топ: «Кіші жоба қорғау» (Қазіргі қоғамдағы ұлттық киімнің алар орны). 3-топ: «Еркін жазу» әдісі (Ер жігіттің серігі қару-жарақ). 4-топ: «Венн диаграммасын» орындау: Ұлттық ыдыстар; Жаңарған ыдыстар. - «Қарлы кесек» тапсырмасы. 1. Материалдық мәдениеттің рухани мәдениеттен айырмашылығы неде? (Қазақ халқының заттай мәдениетінің негізі). 2. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің бір саласын қандай шаруашылыққа байланысты құралдыр құрайды? (мал шаруашылығы, егіншілік, үй кәсіпшілігі, қолөнермен байланысты күнделікті еңбек құралдыры).	- Топ мүшелері талқылай отырып тапсырмаларды орындайды, қазіргі өмірмен байланыстырады.	Бармақпен бағалау	Себет тапсырмалары.
Рефлексия	«Жетістік сатысы» тәсілі 2 мин.		Сабақ соңында оқушылар белгіленген тапсырмалар немесе сабақ кезеңдері бойынша өздерінің мүмкіндіктерін белгілейді.		
Үйге	Ізденіс жұмысы: Қазақтардың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы материалдық мәдениеті туралы орыс ғалымдарының зерттеулерінен мәлімет жинау.				

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы.

Қазақ тарихы
№2 (149), ақпан, 2017

ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМИКАСЫ:

ерекшеліктері мен өзекті мәселелері

Дайындаған: Ю.А.Гагарин атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы Динара ҚАЙРАТ,
Жетекшісі: Уазипа АХМЕТОВА,
жоғары санатты тарих пәні мұғалімі

Жер-су атаулары – біздің тарихымыз, ұлттық жад. Атаулар кез келген елдің тарихынан сыр шертіп, болмыс-бітіміне, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығынан, салт-дәстүрінен, тілі мен дінінен хабардар етеді. Халқымыз басынан өткерген неше түрлі қилы замандар асыл мұрамызға өз залалын тигізгені анық. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекетіміздің топонимикасына да тәуелсіздік берілді. Өйткені географиялық атауларды бұрынғы қалпына келтіріп, оларды өзгертілген жер-су, елді мекен аттарын байырғы тарихи атауларымен атау, жазылуы бұрмаланған немесе қате жазылған жер-су атауларын қалпына келтіру, байырғы атаулары ұмытылған немесе атаулары отаршылдық-тоталитарлық сипаттағы елді мекендерді қайта атау тәрізді жұмыстар жақсы қарқынмен жүргізілуде. Атап айтсақ, «1991 жылдан бері қарай республика бойынша 3 облыстың, 12 қаланың, 53 ауданның, 7 аудан орталығының, 43 темір жол, 957 ауылдық округтердің аттары өзгертіліп, 3 облыс, 12 қала, 13 аудан, 5 кент, 4 станция, 6 ауыл атауларының транскрипциясы нақтыланды. Бұрынғы атаулары белгісіз елді мекендерге берілген қазақ, жаңа топонимдердің өмірге келуі ұлттық топонимияны тың сатыға көтерді». Мысалы: Тарбағатай ауданындағы Крупская ауылы қазақтың дарабоз батыры – Қабанбай есімімен, Чкалов атындағы мектеп – атақты қазақ партизаны Қасым Қайсеновтың есімімен аталды. Сонымен қатар екі бірдей Комсомол ауылдары, біріншісі – Көкенталды, екіншісі – Ойшілік деп аталады.

Тарбағатай өлкесінің топонимиялық жүйесі кез келген басқа өлкелер топонимиясы сияқты көне, кірме және қазақ тілі негізінде қалыптасқан атаулардан тұрады. «ШҚО ономастикалық атауларының көрсеткіш анықтамалығында» Тарбағатай ауданы бойынша топонимикалық атауға ие болған 16 ауылдық округ, 69 ауыл-село, 88 өзен-көл, су қоймасы мен тоғандар тіркелген. Тарбағатай өлкесінің жер-су атауларының өзіндік негізгі ерекшеліктері бар. Соның бірі тарихтағы моңғол кезеңінің топонимиялық дәлелдемесі болып табылады. Олай дейтінім, Тарбағатай тауының аталуынан бастап, көптеген өзен-көл, елді мекендердің аттары моңғол тілінде аталады.

1. Тарбағатай – биік тау сілемдері, жота. Алакөл мен Зайсан көлдерінің арасында жатыр. Ұзындығы – 300 шм, биіктігі – 2992 м. Тарбағатай сөзі – моңғол тілінде «тарбаға» – суыр, «тай» – тау, яғни, «суырлы тау» – деген мағына береді.

2. Қарғыба – өзен және елді мекен атауы. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Қарғыба» сөзі «Қарғын» – сай саладан, жылғалардан аққан ағыны қатты жаңбыр немесе еріген қар суы, «Ва» – өзен деген мағына

береді. Яғни, «ағыны қатты тау өзені» – дегенді білдіреді.

*Өзенім қатты екпінің,
Өзіңе тартқан тектімін.
Саған ұқсап тасымай,
Ішімнен тынған кектімін,*

– деп XIX ғасырда өмір сүрген Тана Мырзаның айтуына қарағанда, расында өзеннің екпіні қатты болғанға ұқсайды. **3. Доланқара** – Би Боранбай ауылдық округіне қарасты кіші тау, моңғол тілінде «дуулан» – жылы, «қара» – қыр, гыр, гор сөздері көптеген тілдерде тау деген ауыспалы мағына береді, яғни, Доланқара сөзі – жылы тау дегенді білдіреді. **4. Сеңгір** – тау, балалар лагерінің атауы. Мұндағы сеңгір түркі-моңғол тілінде – цэнхэр – сеңгір – «көк, көгілдір» деген сөз. Оның мағынасы – биік таулардың басы аспан түстеніп, көгілдір тартып, тұратын жерлерге берілетін географиялық термин. Қазақша «биік таудың ұшар басы» – деген ұғымға саяды. **5. Хабарасу** – Ойшілік округіне қарасты шекаралық аймақтағы асу. Хабар+асу сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасын «хабар алуға болатын асу» деп айтқанмен моңғолдың – хамар-«тұмсық» «мүйіс» сөзінен жасалып тұрғаны айдан анық. Сонда «тау тұмсығындағы асу» болмақ. **6. Тебіске** – көне түркі-моңғол тілінде болуы керек. Ел аузындағы әңгімелерге жүгінсек, «Ақсуат» кітабында Тебіске – дәрілік шөптің атауы дейді. Бұны зерттеу келешектің жұмысы болмақ. **Шорға** – өзен, елді мекен атауы. Моңғол тілінде «цорго» – түтік, шүмек деген мағына береді, яғни, жіңішке шүмек сияқты өзен дегенге саяды. **7. Тұғыл** – кент, Зайсан көлінің жағасында орналасқан. Атау моңғол тілінің «төгөл» (тораңғы) – сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан туындаған сияқты Ертеректе елді мекен маңында тораңғы өсімдігі өскен деген дерек бар. Тұғыл сондай-ақ көне түркі тілінде «түбек» мағынасын беруі мүмкін. **8. Зайсан** – көл атауы. Көлдің қазақша атауы (Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырында) Бейне теңіз болған. Моңғолдар Хонхотты нор «қоңыраулы көл» деп атаған. Оған көл толқындарының жағаны ұрғандағы дауысы себеп болған. Кейін Жоңғария тұсында Зайсанг нор «мырза көл» атандырған. Оған себеп – жұттан құтқарған балығы мен құндызы болса керек. Алғашқы карталарға солай түсіп, Зайсан аталған. Өйтпесе бертінге дейін Теңіз атанып келген. **9. Арғанаты** – Тарбағатай сілемдерінің оңтүстік батысында жатқан екі бірдей тау. «Ар» көне түркі-моңғол тілдерінде «сол, солтүстік» бағытын береді. Сонда таудың сол қанаты немесе «арқар» деген қалмақ сөзінен жасалып, Арқарлы деген мағына да беруі мүмкін. Тағы бір атауы аңызға негізделген **10. Бөртостаған** – ол шымқай тастан

тұратын үлкен «тау». Аңызда ерте заманда бір дәу кемпір өмір сүріпті. Бір күні ол Тарбағатай тауының басына шығып, ұршығымен жіп иіріп отырғанда қойына қасқыр шауыпты. Сонда кемпір ашуланып, қолындағы ұршығын лақтырыпты. Қазіргі Бөртостаған сол ұршықтың тасы екен дейді. Бөріге тастаған деген сөзден Бөртостаған деп аталған көрінеді. Ал, осы сөзге этимологиялық талдау жасасақ бөрі – көне моңғол тілінде «жел құдайы» деген мағына береді екен. Орыстың «бурясы» осыдан шыққанға ұқсайды. Кейінгі кезде Ақсуаттағы өлкетану мұражайында «Білім және еңбек» журналында жарияланған мақалада бұл тасты аспаннан түскен метеорит деп дәлелдеген.

Тарбағатай ауданы территориясында көне түркі-моңғол тілдеріндегі жер-су атауларының көптеп кездесуі VI ғасырда түркі дәуірі мен XIII-XVIII ғасыр аралығындағы моңғол үстемдігінің деректемесі екені анық. Тарбағатай өлкесі топонимикасының екінші ерекшелігі жоңғар шапқыншылығы кезеңі тарихына байланысты атаулардың сақталуы. Олар туралы аңыз-әңгімелер мен қисса-дастандарда айтылады: Қубас кезеңі – Би Боранбай округіне қарасты кезең. Аталу тарихына назар аударсақ, Қабанбай батырдың соғысқа ұзақ жылдар мінген тұлпарының көз жұмған жері болған соң солай аталған. Ауылдың ертеректегі қариялары II дүние жүзілік соғыс басталғанға дейін Қубас аттың бас сүйегі осы кезең басында тұрғанын айтқан екен. Қабанбай шаты, Бөгенбай шаты, Боранбай шаты – бұл шаттар да Би Боранбай ауылдық округіне қарасты аумағында орналасқан. Тарихи деректерде Шорға шайқасы кезінде қазақ қолбасшылары осы шаттарда жауынгерлерін әскери даярлықтан өткізген алаңқайлар болған. Шорға – шағын өзен жағасындағы жазық дала. Бұл жерде 80 күнге созылған қазақ-қалмақ соғысының соңғы шешуші шайқасы өткен. Баспан – Көкжыра ауылдық округіне қарасты үңгірдің және шағын таудың атауы. Аңыздарға құлақ түрсек жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ қолы осы үңгірде бекініп алып, жаудың қолын ойсырата жеңген көрінеді. Сонда жоңғарлар енді бұл жерді «баспан» – деп қашқан дейді. Ал, басқа тарихи деректерде Баспан сөзінің мағынасы – күзет, қарауыл дегенді білдіреді екен.

Ақтанберді бұлағы – Кіндікті округіне қарасты, Ырғызбай әулие кесенесінің жанындағы бұлақ. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Ақтанберді жырау бір шайқаста жараланып, осы бұлақтың басында жарасын емдеп, қайта соғысқа енген деседі. Сол себепті бұлақ батырдың есімімен аталған. Қабанбай бұлағы да жоғарыдағы бұлақ атауы сияқты аңызға құрылған. **Құлбас** – елді мекен, Құмкөл ауылдық округінің орталығы, шежірешілердің айтуынша қалмақтың Құлба деген батырын қазақ батыры (Байбарақ не Елқонды) жеңіп, басын шауып алған деседі. Содан Құлбаның басы қалған жер деген мағынада болып шығады. Келесі бір тарихи оқиғаның куәсі болған жердің **Майлышат** атануы – қазақтар жоңғарларды ойсырата жеңгеннен кейін осы жерде үлкен жеңіс тойын жасаған. Қабанбай, Боранбай батырлар қатысқан бұл тойға көп мал сойылып, содан бұлақтардың бетінде май қалқып аққандықтан Майлышат атанып кеткен. **Шұңқыроба** – Құмкөл ауылдық округіне қарасты жер атауы, ол жерде сақ-үйсін дәуіріне жататын обалар көптеп кездесетіндіктен солай аталған. Шұңқыр (сын есім) + оба – ерте темір дәуірінде өмір сүрген

адамдардың жерленген қабірінің үстіне үйілген құм-топырақ үйіндісі.

Тарбағатай өлкесіндегі жер-су атауларының келесі бір ерекшелігі қытай тілінде кездеседі. *Мысалы:*

Шаң (чан) – Кіндікті ауылдық округіне қарасты елді мекен. Қытай тілінде «шань» – тау ұғымын білдіреді. Ал, Уаң-Жәнтікей ауылдық округіне қарасты шағын елді мекен атауы. Атаудың өмірге келуіне осы өлкені мекендеген қазақ төрелерінің біріне көршілес Қытай мемлекеті «Ван» сөзі «князь» деген өздерінің лауазымды атағын берген екен. Сол төренің «ақсүйек, әкім» мәніндегі Уаң (Ван) лауазымы мекенге атау болыпты. Екіншіден, бұл атаудың түп төркіні «аудан», «туған өлке», «қорған» мәндес сөздермен байланысты болуы да мүмкін.

Сонымен қатар Тарбағатай ауданында кісі есімдерімен (антропонимдер) аталатын жер атаулары да көптеп ұшырасады. Олар аудан тарихына қатысты тарихи тұлғалардың құрметіне және кейбіреуі өлке тарихына қатысты тұлғалардың мекендеген, туған жері болуына да байланысты қойылған. Олар: Қабанбай, Дәулетбай, Би Боранбай, Тана мырза, Жәнтікей, Қожакеді, Жамбыл, Сатбаев, Ахметбұлақ, Бөкей, Мүрсәлім.

Кондюрин – Ойшілік ауылдық округіне қарасты шекаралық застава атауы. 1930 жылдары осы заставада начальник қызметін атқарған, өзінің туған жерінен кетуге мәжбүр болып, «банда» атанған босқындарды жаппай қырғыншылыққа ұшыратқан адам. Еліміз тәуелсіздік алғалы 25 жыл толды. Кеңестік империя келмеске кетті. Сондықтан осы есіммен аталған застава есімін өзгерту кезек күттірмейтін өзекті мәселе болуы тиіс.

Сонымен қатар ру атауларымен байланысты аттары қойылған елді мекендер де сақталған олар: Тәуке, Байтоғас. Таза аңызға құрылған атаулар – Бөртостаған (Бөрітастаған), Тақиякеткен, Шолақ Орда. Жануар, құс, жәндіктерге, табиғат байлықтарына байланысты – Шыбынды, Шілікті, Саңғыру, Қызыл қайың, Сұпутал, Егіндібұлақ. Түстерге байланысты жер-су атаулары: Жасыл көлі, Қызылтас, Қызыл кесік, Қызыл жұлдыз, Қоңыртау, Қаратау, Қарасу, Ақсуат, Ақжар, Көкжыра, Ақмектеп, Ақжайлау. Кеңестік-социалистік қоғамдық құрылысқа байланысты – Социалистік, Жаңалық, Жаңаталап, Екпін, Комсомол, Партсъезд, Крупская, Армандастар, Кондюрин (шекаралық застава), т.б.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қойшыбаев Е.** Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, «Мектеп» 1985.-256 б.
2. **Бияров. Б, Әлімхан. А, Келгембаева. Б, Құсманова. Г.** Шығыс Қазақстан топонимиясы. Өскемен, 2007 ж. - 363 б.
3. **О.Сапашев, Г.Құсманова, Е.Құлыштаев, А.Темірбеков.** ШҚО ономастикалық атауларының көрсеткіш анықтамалығы.- Өскемен, 2008-136 б.
4. **Жанұзақ Телқожа.** Қазақ ономастикасы.1-том.- Алматы, 2006-398 б.
5. Қазақстан ықшам энциклопедиялық сөздік, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, Алматы, 2005-498 бет.

Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
Қарғыба ауылы,